



Дана БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ



№2 (38)
2024



Құрметті оқырмандар!

Сіздерді оқу жылының аяқталуымен, жайдары жаз мезгілінің басталуымен құттықтаймыз!

Еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында жаздың жайдары күндерінде күннің сәулесін, таза ауаны, мөлдір суды қолданып, бала ағзасының физикалық және психикалық қажеттіліктерін толық қанағаттандырып, оларда ойын арқылы физикалық, шығармашылық, коммуникативтік, танымдық дағдыларын дамыту, сауықтыру шынықтыру бағытында жазғы сауықтыру жұмыстары бала үшін қолайлы жағдайда ұйымдастырылуда.

Бұл кезең педагогтер үшін де білімін шыңдап, тәрбиелеу мен оқытудың жаңа нысандарын ашуға, жаңа идеялармен, мүмкіндіктерді ары қарай жетілдіруге қолайлы кезең. Өткен оқу жылының қортындысына сүйене отырып, келер оқу жылына жаңа бағыттар, мақсаттар, жоспарлар құруға, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелерінде белсенді зерттеулер жүргізуге, шығармашылық озық ойды іске асыруға, кәсіби шеберлікті арттыруға, өзін-өзі жетілдіруге, ізденуге мол мүмкіндіктер береді.

Еліміз қай кезде де жарқын болашағымыздың кепілі баланың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтауға, өмірімен құқықтарының қорғалуына ерекше мән беріп келеді. Алтын ұя балабақшада тәрбиелеп отырған әрбір баланың қызығушылықтарына сәйкес түрлі балалар әрекеттерін ұйымдастырып, олардың қимыл белсенділігін дамытуға, әрқайсысының әлеуетін ашып, балалық шағын қуанышты сәттерге толтырып, дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыруда белсенділік танытайық!

Қымбатты оқырмандар, педагогтер Сіздерге зор денсаулық, еңбекте толағай табыс, шығармашылық шабыт, отбасыларыңызға бақыт пен береке тілейміз!

Жазғы демалыстарыңыздың қызықты өтуіне шын жүректен тілектеспіз!

Республикалық ғылыми-ақпараттық, әдістемелік журнал құрылтайшысы:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы

Бас редактор *Ерманова Мариям Наятовна*

ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директорының орынбасары

Редакция алқасы *Мукушева Гульнар Омарбековна*
Хаменова Мария Олжабаевна
Абдульдинова Айзель Алибековна
Копбаева Нурсая Бакытовна

Мектепке дейінгі білім беру мазмұны зертханасының мамандары

Техникалық редакторлар *Полатов Берик Байдуллаевич,*
Кенжеахметов Олжас Сеитович

«Мониторинг және талдау» департаментінің мамандары

ДАНА БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын,
ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлігі.
Алғашқы есепке алу кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 21.07.2014, 14471-Ж

МАЗМҰНЫ

Содержание

ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС НАУЧНЫЙ ПОИСК

Современная профессиональная этика педагога дошкольного образования
Исаева Ж.К. 6

МАМАНДАР КЕҢЕС БЕРЕДІ СПЕЦИАЛИСТЫ СОВЕТУЮТ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда нейрожаттығыларды қолданудың әдіс-тәсілдері
Чурмантаева А.М. 11

Ақырын жүріп, анық бас!
Аскарлова Н.О. 17

Мектепке дейінгі ұйымдар жұмысын үйлестіруде білім беру округтерінің рөлі
Хасенова Н.С. 20

Развитие мышления у дошкольников с нарушениями интеллекта
Искакова К.Н., Каримова А.К. 24

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН ДЛЯ ВАС ПЕДАГОГИ

Қауіпсіз орта – бала өмірінің кепілі
Абдульдинова А.А. 27

Тәрбиелушілердің дербестігін жан-жақты дамыту үшін заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру
Бекмолдаева Б.Т. 30

Театрландырылған іс-шаралар арқылы балаларға экологиялық тәрбие беру
Муберекова Ш.Т. 33

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде сюжетті-рөлдік ойындардың маңызы
Ибраева А.К. 38

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамытудағы музыкаграмма - әдісінің рөлі

Джумагулов А.С. 42

Ойната отырып, ойлы бала тәрбиелейік!
Чурекбаева Г.К. 46

Играем и фантазируем
Островская И.А., Ешкеева С.В. 48

Патриотическое воспитание детей дошкольного возраста через комплекс инновационных игр
Аушева И.С. 52

Балалар әдебиетіндегі ертегілердің тәрбиелік мәні
Сарсембина Б.К. 55

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ НАШ ДЕТСКИЙ САД: МЫ ПРЕДЛАГАЕМ

Мектепке дейінгі ұйымдар жұмысын жүйелі ұйымдастырудың тиімділігі
Мусина А.С. 58

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ ИННОВАЦИЯ И ОПЫТ

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту
Кусаинова А.А. 60

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың жаңа бағдары
Сейтбекова Г.Ж. 63

Тәрбиелеу-білім беру процесіндегі жаңа әдістер мен инновациялық технологияларды пайдалану
Курманбаева Н.Ш., Алпамысова Т.А. 65

Инновациялық білім беру кеңістігінде педагогтердің кәсіби шеберлігін дамытуды әдістемелік сүйемелдеу
Токтамысова А.О. 69

ДАНА БАЛА

Негізгі тақырыптық бағыты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша озық идеялар мен тәжірибелерді тарату, педагогтер мен ата-ана қауымына ақпарат түрінде әдістемелік көмек көрсету

Основная тематическая направленность

Распространение передовых идей и опыта в области дошкольного воспитания и обучения, оказание методической помощи педагогической и родительской общественности в виде информационного материала

Использование метода сторителлинга для развития речи и воображения дошкольников
Поддубная С.В. 73

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда ұлттық ойындардың маңызы
Ахметова Г.Ф. 77

Ұрпақ тәрбиесі – баршаға ортақ
Жармаганбетова С.Ж. 80

Формирование патриотизма у дошкольников посредством этнокультурного воспитания
Подвиженко Е.В. 83



Исаева Жибек Кайруллиновна,

кандидат филологических наук,
ведущий научный сотрудник Института раннего развития
детей Министерства просвещения Республики Казахстан,
город Астана

Современная профессиональная этика педагога дошкольного образования

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы профессиональной этики воспитателя детского сада в совокупности с образовательными, воспитательными процессами и трудовой деятельностью педагога. Навыки XXI века требуют освоения новых технологий и новых требований к профессиональной этике педагога в целом, и педагога дошкольного образования в частности.

Ключевые слова: профессиональная этика, совокупность моральных норм, профессиональный долг, воспитатель детского сада, дошкольное образование.

В современном обществе при организации воспитания детей педагоги и родители все больше ориентируются на духовные ценности, мораль, этику и этикет [1].

Содержание профессиональной этики воспитателя детского сада реализуется через добросовестность педагога, предполагающей его ответственность за результат обучения и воспитания, умение осуществлять коррективы в своей деятельности, развитую способность к критике и рефлексии, открытость для воспитанников и их родителей (законных представителей), коллег [2].

Категории этики – это основные понятия этической науки, отражающие наиболее существенные элементы морали. Современная профессиональная этика в рамках образования рассматривает сущность основных категорий педагогической морали и моральных ценностей [3]. Моральными ценностями можно назвать систему представлений о добре и зле, справедливости и чести, которые выступают своеобразной

оценкой характера жизненных явлений, нравственных достоинств и поступков людей и т.п.

В современной профессиональной этике педагогов выделяются такие категории, как:

- справедливость (профессиональная и педагогическая);
- профессиональный педагогический долг;
- профессиональная честь;
- педагогический авторитет и достоинство.

Справедливость (профессиональная и педагогическая) – своеобразное мерило объективности педагога, уровня его нравственной воспитанности (доброты, принципиальности, честности), проявляющейся в его оценках поступков воспитанников, их отношения к социально полезной деятельности и т.п.

Профессиональный педагогический долг понимается как превращение требований нравственности, в равной мере относящихся ко всем людям, в личную задачу каждого педагога. Категория

долга тесно связана с такими понятиями, характеризующими моральную деятельность педагога дошкольного образования, как ответственность, самосознание, совесть, мотив. Профессиональный долг педагога основывается на объективных и актуальных потребностях общества в обучении и воспитании детей дошкольного возраста. Профессиональный долг педагога включает:

- необходимость творческого отношения к своему труду;
- особую требовательность к себе;
- стремление к пополнению профессиональных знаний и повышению педагогического мастерства;
- необходимость уважительного и требовательного отношения к воспитанникам и их родителям.

Профессиональная честь – это осознание педагогом-воспитателем своей значимости через общественное признание, общественное уважение его моральных заслуг и качеств. Честь педагога – общественная оценка его реальных профессиональных достоинств, проявляющихся в процессе выполнения им профессионального долга.

Педагогический авторитет и достоинство основываются на принципе единства требования и доверия к личности воспитуемого. Авторитет педагога зависит от всего комплекса его личных и профессиональных качеств, нравственного достоинства.

Доброжелательность и искренность – неотъемлемые черты авторитетного педагога. Педагогический авторитет зависит от предшествующей морально-этической и психологопедагогической подготовки педагога. Уровень его определяется глубиной знаний, эрудицией, мастерством, отношением к детям, коллегам, работе. В работе над авторитетом очень важна

самодисциплина, которая поможет педагогу четко различать истинный и ложный авторитет. Каждый педагог дошкольного образования должен реально оценивать свои методы работы и не оказаться в системе ложного педагогического авторитета.

Виды ложного авторитета:

- авторитет подавления (систематическая демонстрация превосходства педагога в своих правах и формально-бюрократический характер общения с детьми и коллегами);
- авторитет педантизма (система мелочных, никому не нужных условностей и придирок педагога к окружающим);
- авторитет резонёрства (система бесконечных назиданий и нотаций);
- авторитет мнимой доброты (проявляется чаще у начинающих в силу отсутствия педагогического опыта в виде попустительства, всепрощения, что может привести к игнорированию всех указаний воспитателя) [2].

воспитатель детского сада – это не только профессия, но и социальный статус, которому нужно соответствовать. Воспитатель должен принять воспитанника таким, какой он есть, сопереживать ему и помогать в развитии.

Основными принципами профессиональной этики педагога-воспитателя или педагогической этики [2] являются:

- добросовестность;
- честность;
- уважение чести и достоинства личности;
- патриотизм;
- уважение общечеловеческих ценностей и толерантность;
- профессиональная солидарность;
- непрерывность профессионального развития.

Основные нормы профессиональной этики педагога-воспитателя рассматриваются в таблице 1.

Таблица 1 – Характеристики норм профессиональной этики педагога

№	Нормы	Характеристика
1	В служебное и неслужебное время	<ul style="list-style-type: none"> – соблюдают основные принципы педагогической этики; – способствуют воспитанию обучающихся и воспитанников в духе высокой нравственности, уважения к родителям, этнокультурным ценностям, бережного отношения к окружающему миру; – прививают обучающимся уважительное отношение к Родине; – не допускают совершения действий, способных дискредитировать высокое звание педагога Республики Казахстан; – добросовестно и качественно исполняют свои служебные обязанности; – непрерывно совершенствуют свое профессиональное мастерство, активно занимаются самообразованием и самосовершенствованием; – неукоснительно соблюдают трудовую дисциплину; – бережно относятся к имуществу организации образования и не используют его в личных целях; – принимают меры по предупреждению коррупции, своим личным поведением подают пример честности, беспристрастности и справедливости; – не допускают использования служебной информации в корыстных и иных личных целях; – личным примером способствуют созданию устойчивой и позитивной морально-психологической обстановки в коллективе; – придерживаются делового стиля в одежде в период исполнения своих служебных обязанностей; – избегают использование своего статуса педагога в корыстных и иных личных целях; – в своей деятельности неукоснительно соблюдают принципы академической честности; – публикуют материалы в СМИ, в том числе интернет-изданиях, выступают публично только от собственного имени как частного лица; – публичные выступления, публикации СМИ от имени организации образования согласовывают с руководителем данной организации; – в социальных сетях не распространяют непроверенную и (или) недостоверную, и (или) неэтичную информацию, способствуют укреплению в обществе высокого звания педагога; – способствуют реализации государственной политики в области образования и науки; – обеспечивают конфиденциальность успехов (неуспехов) обучающегося и воспитанника

2	В отношениях с участниками образовательного процесса	<ul style="list-style-type: none"> – уважают права, честь и достоинство человека независимо от возраста, пола, национальности, вероисповедания, гражданства, происхождения, социального, должностного и имущественного положения или любых иных обстоятельств; – обращаются к участникам образовательного процесса в уважительной форме; – не допускают фактов финансовых и иных вымогательств по отношению к участникам образовательного процесса, прилагают усилия по пресечению таких действий со стороны своих коллег; – своими действиями не дают повода для обоснованной критики со стороны общества, терпимо относятся к ней, используют конструктивную критику для устранения недостатков и улучшения своей профессиональной деятельности; – оказывают профессиональную поддержку участникам образовательного процесса; – не подвергают дискриминации лиц, обратившихся с жалобой на нарушение педагогической этики
3	В отношениях с коллегами	<ul style="list-style-type: none"> – соблюдают общепринятые морально-этические нормы, вежливы и корректны; – не ставят публично под сомнение профессиональную квалификацию другого педагога. – воздерживаются от голословных и бездоказательных жалоб и обращений, не принимают ответных мер против лица, который обратился с жалобой на нарушение педагогической этики

Особая роль в этом процессе отводится педагогу, который может лишь тогда стать профессионалом, когда овладеет тончайшим инструментом воспитания – наукой о нравственности, морали. Именно он помогает сформировать духовный мир ребенка, дать ему общие представления о нормах поведения в обществе, прививает моральные качества, нравственные ориентиры. Учитывая, что каждый воспитатель должен обладать высокой профессиональной и мировоззренческой культурой, особо актуальными становятся вопросы профессиональной этики педагога дошкольного образования [4-5].


Таким образом, современная профессио-

нальная этика педагога дошкольного образования требует введения новых подходов и решений, направленных на реализацию способностей, необходимых для успешной социальной адаптации и социализации, эффективности образования, будущей профессиональной деятельности. Профессиональная этика педагогических работников – совокупность моральных норм, определяющих их отношение к своему профессиональному долгу и ко всем участникам отношений в сфере дошкольного образования, содействующих укреплению авторитета и обеспечению единых норм поведения педагогических работников дошкольного образования.

Список литературы

1. Исаева Ж.К., Жиенбаева С.Н., Адамова М.Е. Критерии оценки качества дошкольного воспитания и обучения // Сборник материалов форума «Научные основы модернизации системы образования и науки». – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2023. – С. 165–171. - https://drive.google.com/file/d/1-Z2mP1cSp63I4cZ646ZXc_wEIn6Co2rl/view?usp=sharing
2. Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. Профессиональная этика воспитателя детского сада // Обществознание и социальная психология. – 2023. – № 3–2 (47). – С. 1245–1249. – <https://drive.google.com/file/d/1B1HPqZ35EpXxwldmPA0VyzHWkgcMBByO/view>.
3. Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. Дошкольное образование в Казахстане: проблемы и перспективы // Научный аспект. – 2023. – № 12 (РИНЦ). - <https://na-journal>.

- ru/12-2023-pedagogika/7613-doshkolnoe-obrazovanie-v-kazahstane-problemy-i-perspektivy*
4. Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. Социально-эмоциональное дошкольное воспитание и интеллектуальное развитие ребенка // *Обществознание и социальная психология.* – 2023. – №5(49). – С.806-810. – https://drive.google.com/file/d/1q4P6Kmg9OpX_xtCfjZ97lQ79A_rZ40nR/view?usp=share_link
 5. Исаева Ж.К., Онланбеккызы Г., Мукушева Г.О. Основы социально-эмоционального и интеллектуального развития дошкольника // *Материалы Международной научно-технической онлайн-конференции «Reviews of Modern Science».* – Zurich: Universität Zürich, 16-17 мая 2024 г. – С.72-76. – <https://ojs.publisher.agency/index.php/RMS/issue/view/83/206>





Чурмантаева Анар Муратовна,

Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны №32 «Мөлдір» бөбекжай-бақшасының психологы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМУДА НЕЙРОЖАТТЫҒУЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада нейрогимнастикалық әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, мектепке дейінгі балалардың дамыту жұмыстары мен танымдық қабілетін арттыру арқылы жан-жақты, білімді, құзіретті дені сау тұлға тәрбиелеуді қарастырады. Нейрожаттығулардың ми қызметтеріне әсері жайлы зерттеулер жүргізген көрнекті психологтар мен ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалған.

Түйін сөздер: психикалық белсенділік, өнімділік, нейрожаттығулар, ми жаттығулары, көрнекі қабылдау дағдылары, танымдық белсенділік іс-әрекет, даму факторы.

Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына нейрожаттығуларды енгізу қажетті заман талабынан туындайды. Осыған орай жұмыстың объектісі – мектепке дейінгі жаста баланың денсаулығын қорғау болып саналады. Нейрогимнастика-бұл нейротипті балаларға жалпы психофизикалық тұрғыда даму үшін пайдалы.

Балаларға арналған нейрогимнастика – бұл ми орталықтарын дамытуға, оның жарты шарларының теңдестірілген өзара әрекеттесуіне бағытталған жаттығулар жиынтығы. Орталық және перифериялық жүйке жүйесін оқытудың бұл әдісі алаңдаушылық белгілері бар, зейінін шоғырландыру, жазу мен оқуды игеру проблемалары бар балаға қажет болуы мүмкін. Кеңістіктегі нашар бағдарлау

және қозғалысты үйлестірудің бұзылуын нейрожаттығу арқылы да түзетуге болады. Мидың жұмысын жақсарту үшін оң нәтижеге қол жеткізу тек даму жаттығуларын үнемі орындаған жағдайда ғана мүмкін болады. Нейрожаттығулар келесі орындарда жасалуы мүмкін үйде, балалар психологының кабинетінде, бақшада, саябақта немесе ойын алаңында. Ең бастысы, бала қолайлы ортада болып, айналасынан мейрімділікті сезінертіндей болуы керек.

Қазіргі ғылым мен техника жетістіктерінің қолжетімді болған заманында балалар дамыған заманда балалар смартфон, ғаламтор, гаджеттер, планшеттер, бейне ойындардың теріс ықпалын ерте жастан көріп жатыр: денсаулықтың нашарлауынан көру мүмкіндігінің әлсіреуі, сөйлеудің тежелуі т.б. «Сөйлеу тілінің тежелуі» деген диагнозды күнделікті естиміз. Сандық технологиялар баланың дүние есігін ашқаннан бастап қолданысқа ене бастайды. Қолына алғаш қалам емес, гаджет ұстап

үйренеді. Ресей ғалымдарының зерттеуінше әрбір оныншы бала 3 жасында смартфон қолдана алады екен. Біз күнделікті өмірде қол аяғымызды сермеп, дене жаттығуларын жасаймыз. Біраз уақыт белсенді қозғалыс болмаса, денеміз тырысып қалады. Біздің саусақтарымыздың мидың нейрондарын қозғайтын, оның дамуына әсер ететін мүмкіндігі бар. Баланы үстелге отырғызыңыз. Жаттығу кезінде екі қолмен бірдей жұмыс жасалады. Алдымен алақанмен, одан соң алақан қырымен, соңында жұдырықпен үстел бетін кезектестіре бір-бір реттен ұрғылауға тиіс. Бастапқыда асықпай жасап, біршама жаттыққан соң жылдамдықты арттыра түсу қажет. Дәл сол сияқты, миды да белсенді қозғалтып, жақсы жұмыс жасауы үшін қарапайым жаттығулар жасап тұруымыз қажет. Балаларға арналған нейрогимнастика (миды жаттықтыруға арналған жаттығулар жиынтығы жеке таңдалады) мидың екі жарты шарында да сапалы жаттығулар жасауға мүмкіндік береді, сонымен қатар танымдық қабілеттердің дамуына ықпал етеді.

Нейрогимнастика-бұл физикалық қозғалыстар арқылы мидың табиғи механизмдерін белсендіретін бағдарлама. Нейрогимнастика – бұл барлық жастағы балалар жасай алатын жаттығулар жиынтығы. Оқу процесінің бұл түрі орталық жүйке жүйесінің функцияларын дамытуға және нығайтуға, мидың екі жарты шарының үйлесімді жұмысын үйлестіретін каллозум денесінің белсенділігін арттыруға бағытталған. Адам ақпаратты миға жеткізетін сезім мүшелері арқылы үнемі қабылдайды. Мидың өнімді жұмысы – зейін, есте сақтау, интеллект және әрекеттің бір түрінен екіншісіне ауысу реакциясы. Миды дамытып, оның қызметін жақсартуға мүмкіндік беретін нейрогимнастикалық жаттығулар кешенін қолдану арқылы миды жаттықтыруға болады.

Нейрожаттығулардың пайдасы қандай?

- Мидың оң жақ және сол жақ жарты шарларының үйлесімді жұмыс істеуін жақсартады.
- Ұсақ және ірі моториканы дамытады.
- Ақпаратты тез қабылдап, қорытуға

көмектеседі.

- Зейінді шоғырландырады.
- Есте сақтау қабілетін арттырады.
- Оқу және жазу процесстерін жеңілдетеді. Мидың жұмыс істеу өнімділігін арттырады.

Нейрогимнастиканы жасағанда ми бұған қарсыласып, бала алғашында жаттығуларды түсінбей, жасай алмай қиналады. Күнделікті нейрогимнастикамен жұмыс істеу барысында біртіндеп үйреніп кетеді.

Нейрожаттығуларды зерттеген ғалымдар Пол Деннисон мен Гейл Деннисонның «Гимнастика мозга» еңбегінде ми қызметтеріне әсері жайлы толық жазылған. Бұл авторлардың ашқан жаңалықтары адамның физикалық дамуы және сөйлеу қабілеттерінің қалыптасуы мен оқу процессіндегі жетістігіне бағытталған. Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегі өте құнды. Н.Құлжанова мектепке дейінгі даму «Бала тілінің шеберлігі» еңбегінде бала тілінің дамуы ми қызметтерінің бір-бірімен байланысын атап кеткен жүйке кернеуі мен бұлшықет жүйесінің шаршауын жеңілдетеді;

Ми жаттығуларының түрлі атаулары бар. Ми гимнастикасы, нейрогимнастика, нейрожаттығу және кинезиологиялық жаттығулар деп атауға болады. Ми жаттығулары тек қана миға емес, басқада органдарға оң әсер етеді. Негізі кинезиологиялық ғалымдардың айтуынша жаттығуды күнде жасаған дұрыс.

Оны неден бастайсыз? Алдымен саусақ, қолмен, аяқпен айтылатын тақпақтарды, ертегілерді айтқызып үйретеміз. Әбден жаттыққан соң 4 жастан бастап, барлық жаттығуларды оң қолмен жасауды үйретеміз, кейін сол қолмен, екі қолын жаттықтырып алғаннан кейін екі қолмен қатар жасайсыз. Миды дамытуға арналған жаттығуларды үздіксіз орындау арқылы ойлау, есте сақтау қабілетін, зейінін дамытамыз, шығармашылық қабілетін ашамыз. Ми дұрыс даму үшін екі жарты шарды дамыту

маңызды.

Сол жақ ми бөлігі сөйлеуге, логикаға, сандарға, анализ жасауға, оқуға, жазуға, дененің оң жағына, себеп-салдар байланысын орнатуға, жалпылауға, уақыт шамасына жауап береді.

Ал **оң жақ ми** фантазияға, дыбыстарды қабылдау (жан-жануарлар, құстардың дыбыстары, көше немесе үй дыбыстары), интонацияға, символдар мен бейнелер, эмоциямен байланыс, бет әлпет пен түсті қабылдау, шығармашылық, толық қанды бейнелер (суреттер), яғни бөлшектеп емес, арманға, өлшемге, көрген түстерге, музыкаға жауап береді. (5-слайд)

Ми жаттығуларын жасауда қандай шарттарды орындау қажет?

- Жаттығуды таңертең жүргізген жөн.
- Нәтиже болу үшін күнделікті жасау.
- Жаттығу жасайтын жер жайлы болу керек.
- Жаттығу мен қимылдарды нақты орындалуын қадағалау қажет.
- Жаттығуды тұрып немесе үстелде отырып жасау керек.
- Жаттығуды жасау ұзақтығы баланың жасына сәйкес (күніне 5-10 мин бастап 20-35 мин дейін).

Мен өз тәжірибемде нейрожаттығуларды үнемі пайдалану арқылы қолданып жүрген келесі әдіс-тәсілдерді ұсынамын. Ми гимнастикасы қарапайым, әрі оңай болса да кез — келген жастағы бала бойындағы мүмкіндікті аша білуге көмектеседі. Аз ғана 3-5 минут жаттығу миға энергия береді. Нейрожаттығудың түрлері өте көп, соның ішінде балалардың танымдық қабілеттерін арттыруға, ми жарты шарларының үйлесімді жұмыс жасауына арналған кинезиологиялық жаттығуларды топтық жұмыста қолданамын. Олар-«Сақиналар», «Алақан-жұдырық-қабырға», «Парақшалар», «Құймақ пісіреміз», «Айна», «Фотоапарат», «Құлақ, мұрын шапалақ» және т.б. Аталған жаттығулар

күнделікті оқу іс-әректі кезінде, сергіту сәтінде қолдануға өте тиімді.

2. Оң жақ және сол жақ ми жартышарларын дамытуға арналған симметриялы бастырғыш тақтайшалар. Бұл әдіс балалардың сол жақ және оң жақ ми жарты шарларының үйлесімді жұмыс жасауын жақсартады, ұсақ моторикасын және ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Бұл ойын экологиялық материалдан жасалған өрнектері бар 9 жұп тақтайшалардан және өрнектерді сызықтар бойынша жүргізуге арналған арнайы екі стилус таяқшалардан тұрады.

3. «Бильбоу» мидың екі жақты жарты шар аралық дамуын ынталандыратын жұмыс дәптері. Екі қолмен үлгіде көрсетілген суреттерді бастыру арқылы баланың есте сақтау қабілетін, зейін тұрақтылығын, ұсақ қол моторикасын және ойлау қабілетін, жалпы когнитивтік функцияларды дамытады.

4. М.Монтессори элементінің мидың екі жарты шар аралық байланысын дамытуға арналған көлемді нейролабиринт тақтайшалары-Лабиринт екі қолмен текшелерді жылжыта отыры балада мидың сол және оң жақ жарты шарларының өзара әрекеттесуін дамытады. Ойын мидың дене корпусына әсер етеді, нәтижесінде қол координациясы, ұсақ моторика, қабылдау, ұзақ мерзімді есте сақтау дамиды, оқу және жазу процесі жақсарады.

5. Нейросегіздік – бұл ақыл-ой қабілеттерін белсендіруге арналған жаттықтырушы құрал. Тақтайшаны жеке және жұптық жаттығулар үшін қолдануға болады. Тастарды симметрия бойынша оңға және солға қозғау арқылы жаттығулар орындалады. Бұл жаттығуды жасау кезінде балалардың зейіні шоғырланады, екі қолы мен көзі қамтылады, қолдың жалпы және ұсақ моторикасы жақсарады.





Осы әдіс-тәсілдерді қолданудың нәтижесінде балаларда:

- Баланың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларының қалыптасуына ықпалын тигізді;

- мидың екі жарты шарлары арасында байланыс түзелді;

- ақыл-ой белсенділігі, есте сақтау қабілеті жақсарды;

- қол мен көзді үйлестіру жақсарды, бірден көріп дұрыс қабылдауға үйренді;

- заттық іс-әрекет орындауға, өзіне деген сенімділікті нығайтуға көмектесті;


- оң және сол жақ ми жарты шарларын дамытуға арналған ойындарына деген қызығушылықтары артты.

Жалпы тілі дамымаған және балалардың танымдық процесстерінің қалыптасуында бір қатар нәтижелерге қол жеткіздім.

Қорытындылай келе, бұл жаттығуларды әр педагог оқу іс-әрекетінде табысты қолданып жүрсе, оқу әрекет процесі әлдеқайда қызықты, баланың қабылдауына жеңіл болады. Баланың бақытты болып, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру – ең басты міндетіміз. Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты- ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Балабақшада нейрोगимнастикалық әдіс-тәсілдерді пайдаланудың басты мақсаты: денсаулық сақтау технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті дені сау тұлға тәрбиелеу. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке – дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыруы қажет. Баладағы барлық таным процесстерінің қалыптасып, дамуына кинезиологиялық жаттығулардың пайдасы зор және оны әрбір педагог сабақта ұтымды қолданса, «нұр үстіне, нұр болар» еді.

Әдебиеттер**Қашықтықтан қолжетімді электронды қор (Internet):**

1. [<https://bilimdiler.kz/adistemelik/18751-mi-gimnastikasy.html?ysclid=lburhbgojy66271567>]
2. [<https://zncentr.ru/nejrogimnastika-v-kartinkah/>]
3. [<https://waksoft.susu.ru/wp-content/uploads/2018/08/Doktor-Pol-I.-Dennison-i-Geyl-Dennison-Gimnastika-mozga.pdf>]
4. [<https://bilimdiler.kz/adistemelik/18751-mi-gimnastikasy.html?ysclid=lburhbgojy66271567>]



**Аскарова Назгуль Оразкеевна,**

Ақмола облысы білім басқармасы, Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы Көкшетау қаласы «Арай» бөбекжайы МКҚК дене шынықтыру нұсқаушысы

Ақырын жүріп, анық бас!

(Ерекше білімді қажет ететін балалар үшін бейімделген дене шынықтыру)

Қазіргі уақытта дамуында проблемалары бар балалар саны артып отырғаны шындық. Ресми мәліметке сәйкес елімізде аутизмге шалдыққан балалардың саны 5000 асады. Тұлғаға бағытталған білім беру логикасы ерекше білім алуға қажеттіліктері бар балаларды жеке дамыту траекториясын құруды көздейді. Инклюзивті білім беру-ерекше балаға білім беру саясатының бір түрі болып табылады.

Инклюзивті білім беру-бұл балалардың арасын бөлетін тосқауылдарды жоюға; барлық балаларды жалпы білім беру процесіне толық қосуға: жасына, жынысына, ұлтына және дініне, дамуда кейін қалуына немесе экономикалық жағдайына қарамастан отбасының белсенді қатысуымен, түзету-педагогикалық және баланың жеке қажеттіліктеріне және баланы бейімдеуге емес, ортаны баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес атаулы әлеуметтік қолдау көрсетуге, яғни білім берудің парапар жолын құруға бағытталған мемлекет саясаты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дамыту моделі бекітілді. Моделдің басты міндеттерінің бірі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау. Ерекше білім алуға

қажеттіліктері бар балаларды осындай жолмен оқытуда білім беру ортасын балаға бейімдеуге көңіл бөлінеді. Яғни, ерекше бала оқитын балабақшада, мектепте баланы денсаулығы дұрыс құрбы-құрдастарынан бөліп-жармай, қолайлы жағдай жасайды.

Еліміздің әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. Кез келген мемлекеттің өркендеуі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейімен және денсаулығымен бағаланады. Соңғы жылдары психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың ойлау ерекшеліктерін дамыту-түзету жұмыстарын анықтау, арнайы мамандарды даярлау өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Психикалық дамудың тежелуі – бұл баланың интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмеуі. Баланың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себептері түрлі болуы мүмкін. Бұл жағдайдың негізгі себебі бала миының әлсіз түрдегі органикалық зақымдануы немесе іштен туа біткен, туылу кезінде және өмірінің бастапқы кезеңдерінде болған жағдайлар, негізгі әлеуметтік жағдайы, нашар көруі, құлақ ауруы тағы да басқа себептерден болуы мүмкін. Қазіргі қоғам дамуында мұндай балалар саны көбейіп отыр. Олардың салмағы аз, бойы кіші, көп сойлемейтін, әлжуаз, тез шаршап, бастаған ісін аяқсыз қалдырады. Мұндай балалардың ұсақ қол моторикасы нашар дамыған, тіл кемістігі бар, кеңістікті бағдарлай алмайды, тепе-теңдікті ұстай алмайды. Тегін оңалту орталықтары саусақпен санарлықтай

болған соң, сырқаттар кезегін жылдап күтуге мәжбүр.

Осы мәселелерді шешу мақсатында денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимылдық белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын артыру мақсатында балабақшамызда көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жоспарланған жұмыс балалардың мүмкіндігіне байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жеңілдетілген, бейімделген түрінде алынады. Ал бейімделген спорт баланың екі аяғы мен қолын қатар жұмыс жасауы арқылы баланың бұрын қалыптаспаған дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Ол: есте сақтау, зейін, нұсқауды түсіну, түсінік қалыптастыру, моторлы жоспарлау, үлкен спортқа бейімдеу. Педагог баланың барынша мүмкіндіктері мен қабілеттерін пайдалана отырып, сөйлеуге, түсінуге, өзіне қызмет етуге, есте сақтауға, әлемді тануға көмектеседі. Сөйлеу мен түсіну, қабылдау, ойлау, есте сақтау, эмоцияны дамытуда мидың екі бөлігінің қатар жұмыс істегені маңызды.

Бейімделген спорт – белгілі бір спорт түріне бейімдеу мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізу. Баланы қоғамнан алшақтау емес, қоғамға кіргізу, әлеуметтендіру, топта жұмыс жасауды үйрету. Баланы барынша топқа қосуды бірінші орынға қоямыз. Себебі ол бала ертең мектепке барғанда жалғыз жүрмеуі керек, керісінше балалармен бірге ойнай алуы, қарым-қатынасқа түсе алуы керек. Бейімделген спорт сабағының негізгі міндеттерінің бірі – баланы белгілі бір спорт түріне қарай бейімдеу. ЗРР, ЗППР, РАС, СДВГ, Аутизм секілді диагноздағы балалармен жұмыс жасаудағы жаңа бағыт, жаңа әдіс болып табылады. Еуропа елдерінде бұл әдіспен жұмыс жасау нәтижесін көрсетуде. Бейімделген спорт баланы психо-эмоционалды тұрғыдан тәрбиелеп, баланың моторлы дамуына әсер етеді. Ал моторлы даму дұрыс болғанда, сөйлеу мен таным пайда болады. Қозғалыс арқылы дамыту баланы физикалық тұрғыдан тәрбиелеп, спорт арқылы тыныштандырып, нұсқауды түсінуге,

атына қарауға, өз әлемінен алып шығуға көмектеседі. Топтастыруға, ажыратуға, көру мен есту гнозистеріне арналған көптеген тапсырмалар орындайды. Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысуы дене шынықтыру кіре берістен ұйымдастыру кезеңінен басталады. ҰІӘ маңызды кезеңі балалардың зейінін педагогқа қарату.

Балаларды бірінің артынан бірі қолдарын иықтарына қойып, саппен жүруге үйретіп, кейін балалар шеңбер бойы бірінің артынан бірі жүріп, жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында жерде жатқан денсаулық жолдарымен жүреді. Бірінші өткенде иықтарынан ұстап өтсе, кейін қолдарын түсіріп бірінің артынан бірі саптан шығып кетпей жүруге тырысады.

ҰІӘ кезеңіне сай балалар шеңбер бойы жүгірсе, кейбір балалар тәрбиеші, нұсқаушының көмегімен жүгіріп, тыныс алу жаттығуларын жасайды.

Етпетінен жатып маттың үстінде айналу, төрттағаңдап еңбектеудің бірнеше тәсілдері арқылы жасалған жаттығулар, баланың арқа бұлшықеттерін дамытып, жалпы дене қалпын күшейтуге көмектеседі. Әрбір жаттығудан кейін балалармен байланысты орнату мақсатында, әр баламен «жылы алақан» әдісін қолдану өте тиімді. Аталған әдістің пайдасы біріншіден балалармен педагогтың арасында жылулық, мейірімділік орнатса, екіншіден баланы мадақтау «жақсы нәтижеге жетті» дегенді білдіреді.

Психикалық дамуы тежелген балалар ақыл-ойды қажет етпейтін механикалық жұмыстарды жақсы көреді. Жаттығуларды орындау кезінде, алдында тұрған бала жаттығуларды дұрыс орындап шықса, келесі бала сол жаттығуды дұрыс орындауға тырысады.

Сондықтан осындай балалардың арасынан міндетті түрде топ басшы таңдап алған дұрыс деп ойлаймын. Себебі қалған балалар сол баланың қимылына еліктеп, дәл солай қайталауға тырысады.

Қауіпсіздік ережелерін сақтай отыра, ҰІӘ көбінесе дәстүрден тыс құралдарды пайдаланып, жаттығулар мен ойындарды қызықты өткізі балалар үшін тиімді болып

есептеледі.

Балаларға жалпы дене тұлғасының дұрыс қалыптасуына арналған гимнастикалық жаттығуларды, соның ішінде тепе-теңдікті сақтап жүруге арналған, қимыл-қозғалысының үйлесімділігін қалыптастыруға, күш, ептілік, жылдамдық сапаларын дамытуға, дұрыс тыныс алуға, икемділік, шапшаңдыққа арналған жаттығуларды қолдану маңызды. Бала тепе-теңдікті сақтай алмағанда, кеңістікте өз денесін бағдарлай алмай қалады. Ал кеңістікте өз денесін бағдарлай алмаған бала бас ауған жаққа жүгіріп кете беретін болады. Балада қалыптастыру керек ең қажет дағды. Кеңістікті бағдарлауды үйрету-денесін басқару арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар спортқа деген қызығушылықтарын дамытып, өз күшіне сенімділік сезімін оятып, ойын барысында өзін-өзі басқара білуге үйрету, алға қойған міндеттеріміздің бірі болып табылады. Бастысы баланың денесін сезініп, кеңістікте өзін басқара алуын қадағалауды үйрету керек. Әйтпеген жағдайда, бала әр жерге аунап, жата беруді әдетке айналдырады.

Әрбір жаттығудан кейін балалармен байланысты үзбей, міндетті түрде мадақтап отыру балалармен жұмыс жасаудың бір түрі болып есептеледі. Жаттығуларды үйрету, көрсету кезінде көптеген қиыншылықтар кездесіп отырады. Жаттығуларды орындатқанда, бір балаға нұсқаушының көмегінен басқа, бірнеше педагогтардың көмегі керек болып жатады. Мысалы: «Тунельден өт» ойынында балалар алғашқы уақытта қорқып өтпейді, кейін тәрбиеші, педагог-психолог мамандарының бірлескен жұмыстарынан кейін, мақсатымызға қол жеткіземіз. Жаттығудың пайдасы баланың бойындағы қорқыныш сезімін жеңіп, өз күшіне деген сенімділік сезімін ояту. Жаттығуларды бекіту мақсатында «Допты жеткіз», «Кедергілерден өт», «Шеңберден

шықпа», «Дәл тигіз» т.б. қызықты ойындар ойналып, ҰІӘ –нің қорытынды кезеңінде тыныс алу жаттығулары, реалаксация, аз қимылды ойындарды қолдану маңызды. Әрбір жасалған қадам, тіпті бір орында болсын, күндердің күнінде жемісін береді. Жетістікке жету үшін кіші қадамдардан басталады. Кешенді әдіс-тәсілдер әрдайым өз нәтижесін көрсетеді. Түзету жұмыстары күнде болып отырғаны маңызды. Баланың бір күн босқа өтпеу керек!

Мониторнг нәтижесі негізінде күннің екінші жартысында, балалармен меңгермеген жаттығуларды пысықтау мақсатында, баламен жеке қосымша жұмыс жүргізуге болады. Баламен жеке жүргізілген жұмыстар, топпен өткізетін ҰІӘ-де оң нәтиже береді. Жеке баланың мүмкіндігіне қарай жаттығулар жасатып, ойындар ойнаймыз. Ұсақ қол моторикасы нашар дамыған, тепе-теңдікті қажет ететін, тіл кемістігі бар, кеңістікті бағдарлай алмайтын балаларға арналған арнайы жаттығуларды қолданамын. Әр баламен жеке жұмыс жасау, оны топқа қосу, ерінбей әр жаттығуды баламен 1001 рет қайталау, түсінігі мен мінез-құлқындағы бұзылыстарын реттеу, балаға тыңдауды үйрету, көзге қарауды үйрету, көзге қарауды үйрету, қимыл-қозғалыспен үйлесімді түрде мимен жұмыс істеу маман үшін оңай шағыла салатын жаңғақ емес. Әр баланы қоғамға қосып жіберу үшін қозғалыс пен реттілік маңызды. Бейімделген спорт арқылы болашақта үлкен спортқа бағыттаймыз.

Осылайша баланы сөйлеуге, білім алуға, мектепке тәрбиелейміз. Балабақшада мамандардың оқыту түзету процесінде әдістемелік нұсқауларды сауатты және жоғары деңгейде ұйымдастырса, ПДТ баланың әлеуметтенуіне және мектепке дейінгі мекемеде сәтті бейімделуіне, денсаулығының дұрыс дамып жетілуіне үлкен әсер тигізеді деп ойлаймын.



Хасенова Нуржыкен Слямовна,

Абай облысы, Семей қаласы

Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназия

Директордың бастауыш сыныптар бойынша орынбасары

Мектепке дейінгі ұйымдар жұмысын үйлестіруде білім беру округтерінің рөлі

Аңдатпа. Бұл мақалада «Баршаға қол жетімді сапалы білім» атты Педагогтердің I съезінде жасалынған Ұлттық баяндамасының негізінде туындаған сапалы білімге қол жеткізу, білім беру ұйымдарының арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда білім беру округтерін құрып, оның жұмысын үйлестіру. Әртүрлі білім беру ұйымдары арасындағы сабақтастық балаларға білім беру мүмкіндіктерінің ауқымды және әртүрлі спектрін ашуға мүмкіндік береді. Осы міндетті атқару, жұмыстарды үйлестірудегі гимназияға артылған жауапкершілік өте жоғары.

Түйін сөздер: Білім округі, педагогикалық сабақтастық, кейс-жобалар.

Әлем бір орында тұрмайды, әрі дамылсыз дамудың бұл динамикасы үдей түскенін байқаймыз. Заманауи технологиялар, ғылым мен гуманитарлық саладағы жетістіктер адамға шабыт беретіні рас, бірақ осы құбылыстардың барлығының негізінде білімі, білігі, құндылықтары мен мақсаты бар жеке тұлға тұрғанын есте ұстаған абзал. Бұл процестегі шешуші тетік – заманға сай өзгеріп отыруы тиіс білім беру саласы.

«Баршаға қол жетімді сапалы білім» атты Педагогтердің I съезінде жасалынған Ұлттық баяндамада айтылғандай, «Қазақ халқы ежелден білімнің ең асыл қазына, адамды арманы мен үкілі үмітіне жеткізер басты құндылық екенін мойындаған. Біздің ұлттық санамыз өзгеріске ашық, жасампаздыққа құмар, танымды шектейтін тосқауылдардан тыс. Бізде өте мықты білім беру жүйесін құруға қажетті алғышарттар жеткілікті. Осы алғышарттар, атап айтсақ кәсіби мамандар, отбасылар, мектептер, ресурстар кең байтақ еліміздің кез келген бұрышында әр бала үшін ең жақсы мектебі бар мемлекетке айналуына мүмкіндік береді. Қазақстан тап

осындай ел бола алады. Осыған үлес қосу – Отанын сүйетін әр азаматтың еліміздің гүлденуіне қоса алатын ең ізгі де сауапты амалы болмақ» деп көрсетілген.

Бүгінгі мектеп жергілікті қауымдастықпен, ата-анамен, қосалқы білім беру ұйымдарымен, қоғамдастықтарымен ықпалдасатын орын. Әртүрлі білім беру ұйымдарын біріктіру балаларға білім беру мүмкіндіктерінің ауқымды және әртүрлі спектрін ашуға мүмкіндік береді.

Осы мақсатта Абай облыстық білім басқармасы бойынша білім жүйесін дамытудың жол картасына сай бірнеше білім беру округтері құрылған. Семей қаласы Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназиясы облыс бойынша №3 білім беру округі. Білім беру округтері - әртүрлі білім беру ұйымдарының арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді, ендеше, осы міндетті атқару, жұмыстарды үйлестіру, біздің гимназия үшін үлкен жауапкершілік.

№3 білім беру округі тірек мектебі ретінде серіктес білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс жоспарын жасап, меморандумға

отырды. Біздің серіктес білім беру ұйымдары КМҚК №8 «Балбөбек» балабақшасының, «Балалар өнер мектебінің», «Alihan Vokeihan University», №3 және №4 жалпы орта білім беретін мектептер, экономикалық лицей және Ж.Аймауытов атындағы мектептер. Осы білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес білім беру буындарының сабақтастығын жүзеге асыру жұмыстары жоспарлы жүргізіліп отыр. Біз білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс жоспарын жасау үшін, серіктес мектептермен, балабақшамен, балалар өнер мектебімен, университетпен бірлесе отырып, ол білім беру ұйымдарының КРІ- ын (ключевые показатели эффективности-тиімділіктің түйінді көрсеткіштері) анықтап, қандай мәселелері мен кедергілері бар екенін анықтап, талдау жасап алдық.

Атап айтқанда, балабақшаларда даярлық топтарындағы тәрбиеленушілерді мектепке психологиялық тұрғыдан даярлау, ата-аналарға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету, тәрбиеші мамандардың біліктілігі мәселесі тұрса, жалпы орта білім беретін мектептерде, білім сапасын көтеру, цифрлық білім беруресурстарын қолданудың жеткіліксіздігі, инклюзивті оқыту, сөйлеу, есту, көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс жасайтын педагогтерде кездесетін қиындықтар мәселелері белгілі болды. Ал, университет студенттеріне мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепте іс-тәжірибеден өткен кезде әдістемелік көмек қажет екендігін зерделеп білдік.

Білім беру ұйымдары арасында осындай кедергілерді шешу үшін, серіктестік орнату арқылы тәжірибе алмасуға, мектебіміздің ішкі ресурстарын пайдалана отырып, шешу жолдары қарастырылып, жоспар құрылды. Жоспар 3 кезеңнен тұрады. Даярлық кезеңі, негізгі кезең, қорытынды кезең. Сонымен бірге жоспардың мақсаты, міндеттері, шешу жолдары, жүзеге асыру жолдары мен күтілетін нәтижелері тәрбиеленуші, білім алушы, ата-ана, педагогтер үшін нақты айқындалған. Серіктес білім беру ұйымдарында кездесетін

кедергілер мен қиындықтарды шешу үшін бірлескен жоспарды талқылай отырып, тақырыптық кейс-жобалармен жұмыс жүргізіп отырмыз.

Мысалы, балабақшаларға арналған кейс-жобалар: «Мен мектепке барамын», «Баспалдақтан баспалдаққа», «Жүрекпен тәрбиелеу», «Robobalapan» жобалары дайындалған. Бұл жобалардың мақсаты: мектеп пен балабақшаның арасында тығыз байланыс жасай отырып, баланы жүйелі, сатылы дамыту, мектепке психологиялық тұрғыдан дайындау, мектепке келгелі отырған тәрбиеленушілердің «жеке даму картасымен» танысу, ата-аналарға психологиялық көмек көрсету.

Мектепке дейінгі баланың негізгі іс-әрекеті-ойын. Ал ойынның бастауыш сыныптарда бала үшін оқудың негізгі саласы болып жалғастығын табылатыны ақиқат. Ойын неге маңызды? Голландиялық мәдениет тарихшысы Йохан Хейзинга өзінің «Homo Ludens» кітабында (1955) «Ойын – бұл «әдеттегі» өмірден тыс, ойнаған адамды толығымен өзіне қарататын еркін саналы әрекет. Ол белгілі ережелерге сәйкес және белгілі бір уақыт және кеңістікпен шектеулі» деп сипаттайды. Ал орыс психологы Лев Выготский (1978) «Ойынның дамудағы рөлі» атты жұмысында ойынды «Бала өзі қалаған, әрқашан қиялға толы және ережелермен шектелген әрекет» деп анықтама береді. АҚШ зерттеушісі Питер Грей (2009, 2013) «Ойын – бұл өз еркімен таңдалған және өзін-өзі бағыттайтын, ішкі мотивациядан пайда болған, саналы ережелерге бағынатын, қиялшыл және белсенді әрекет» деп жазады. Ойын және ойын жағдайлары баланың жан-жақты ой-өрісінің дамуына да, тәрбиесіне де әсер етеді. Сонымен бірге әртүрлі педагогикалық мәселелерді шешуге көмектеседі. Бастауыш сынып пәндерін ойын әдістемелері негізінде өткізу өте пайдалы. Балаларды дамытудың expertі француз Салли Хаги баланың ойын арқылы дамуы 4 деңгейден тұратынын атайды. Баланың ойын арқылы дамуы (сурет 1)



Мұнда оның жеке қызығушылықтары туралы ұмытпаған жөн: балаға «ойын призмасы» арқылы қарап, оның немен айналысқанды ұнататынын ойлау керек және бұл сұраққа етістікпен жауап беру маңызды. «Ол қозғағанды, қосуды, ажыратуды ұнатады» деп жауап беріп, баланы сондай ортамен қамтамасыз еткен дұрыс. Баланың белгілі бір әрекетке бар жанымен, сезімімен араласып, ойынға қызығушылықпен кірісіп кетеді және өзінің қызығушылығына қарай әрекетті таңдайды. Ғылым адам қандай да бір әрекетке сезіммен, эмоциямен қатысқанда, мидағы марапаттау жүйесі іске қосылып, дофамин (қуаныш гормоны) бөлінеді дейді (Сэм Ванг, Сандра Амодт, 2012). Ал бұл нәтижесінде адамның зейінін дамытып, ағзаның стрессті реттеуіне әсер тигізеді. Яғни, ойыннан ләззат алу баланы одан да көп ойнауға, ізденуге шақырады. Келесі деңгей – баланың ой-өрісін баурап алған ойын. Мұнда бала өз ойын белсенді түрде жоспарлайды. Ғылым кез келген әрекетті қайталау нейрондық байланыстарды күшейтетінін айтады. Ең жоғарғы деңгейі – бала өзін таныта, көрсете алатын ойын. Бұл деңгейде бала жаңа идеяларды ұсынады, теориялар құрастырады және оларды тексереді – бұл маңызды шығармашылық кезең; мида көптеген жаңа байланыстар пайда болады. Ал жаңа байланыстардың пайда

болуы мидың мотивацияға, инновацияға және рефлексияға жауапты бөліктеріне әсер ететіні белгілі. Ойын баланың тек қана миының дамуына ғана әсерін тигізіп қана қоймай, басқа да физикалық, когнитивті, әлеуметтік, эмоционалды және шығармашылық дамуына үлкен ықпал етеді. Осы мәселелерді талдап, саралауға ЖОО ғалымдары педагогикалық кеңес беріп, кейс – жобалар мазмұны аясында көмекке келді.

Ал, жоғары оқу орнымен сабақтастықты жалғастыратын кейс-жобалар «Білім көкжиегінен ғылым өркениетіне», «Дарынды болашақ», «Эрудит», «IT –технология» Бұл кейс-жобалардың мақсаты: ЖОО орнының ғалымдары, мектептің, балабақшаның магистр педагогтерінің көмегімен мұғалімдер мен тәрбиешілерді зерттеу жұмыстарына тарту, ғылыми-практикалық конференцияларға даярлау, оқушылар арасында «Шәкәрім ғалымдары» альянсын құру, оқушылардың зерттеу жұмыстарына, ғылыми жобаларына басшылық жасау көзделген.

Ұстаздарға арналған: «Әдістемелік көпір», «Ұстазға көмек» деген кейс-жобалар әзірленген. Мақсаты: педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыру, мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен қосымша білім беру мекемесінің, педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету, мектептердегі мәселелердің бірі білім сапасын көтеру. Біз жоспар бойынша ұжым педагогтеріне «Командалық жұмыс–білім сапасын көтерудің қозғаушы күші» тақырыбында командалық оқыту трендінің әдіс-тәсілдерін үйрету семинар-тренингін өткізіп, білім сапасын қалай көтеруге болатындығымен және өз іс-тәжірибемізбен бөлістік. Сондай-ақ, балалармен жұмыс жасауда ұстаздарда кездесетін қиындықтардың алдын алып балалармен жұмыстың жеке түрі бойынша эмоционалды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілуде. EQ - бұл адамның эмоционалды зиялылығының өлшемі және адамның эмоцияларымен қатар, танымдық қабілеттерін де пайдалану қабілеті туралы мектеп психологы,

психология ғылымдарының кандидаты Рахимбердин Т.Б. семинар-тренинг өткізді.


Сонымен бірге, мектепте цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың жеткіліксіздігі мәселесіне байланысты, (ЦБР) цифрлық білім беру ресурстарына қойылатын талаптар, қағидалар, топтамалардың мазмұны, және оны қолданудың әдістерін көрсетіп, шебер сыныптар мен үлгі сабақтар берілді.

Әртүрлі білім беру ұйымын біріктіру - олардың арасындағы сабақтастықты,

оқу жоспарларын, күнтізбелік жоспарын және ресурстарды жақсырақ үйлестіруге мүмкіндік береді. Бұндай бірлескен іс-шаралар балалардың әлеуметтенуіне, көшбасшылық дағдыларының қалыптасуына, білім сапасының артуына, қоғамдық өмірге араласуына септігін тигізеді. Алдағы уақытта білім беру ұйымдары арасындағы сабақтастық жұмыстар әрі қарай өз жалғасын табады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

1. Ирсалиев С.А. Қазақстанның білім сапасын халықаралық зерттеулердегі нәтижелері: артта қалу себептерін зерттеу, таңдамалы есебі. Астана, 2020.
2. Тайбасарова А. «Ойын неге маңызды» // «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың заманауи үрдістері» атты XV қалалық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы, Нұр-Сұлтан қ, 2022ж.
3. «Баршаға қол жетімді сапалы білім» атты Педагогтердің I съезінде жасалынған Ұлттық баяндама, 27 қыркүйек 2023/ <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/135521?lan>
4. Білім беру округтері бойынша балабақша мен мектеп арасындағы педагогикалық сабақтастық/ <https://astana-modern.edu.kz/?p=15080>
5. Баршаға қолжетімді сапалы білім/<https://www.gov.kz/memleket/entities/bilim-semey/press/news/details/700612?ysclid=lws333txbe75608741>





Искакова Кымбат Нурмуқановна,
г. Астана, учитель-логопед
ГККП ясли-сада №2 «Батыр»



Каримова Айжан Куанышбековна,
Методист специального и инклюзивного образования
Методического центра акимата г. Астаны

Развитие мышления у дошкольников с нарушениями интеллекта

Аннотация. Формирование мышления у детей с интеллектуальными нарушениями представляет собой сложный процесс, обусловленный множеством факторов. Среди основных проблем можно выделить неполноценное чувственное познание, речевое недоразвитие и ограниченную практическую деятельность. У таких детей наблюдается замедленный темп развития, слабая восприимчивость к новому, а также значительная конкретность мышления и трудности в обобщении. Важным аспектом коррекционной работы является использование дидактических игр, которые способствуют улучшению интеллектуальных возможностей и восприятия окружающего мира.

Ключевые слова: мышление, нарушение интеллекта, коррекционная работа.

Важным аспектом исследуемой проблемы является мнение многих ученых о том, что мышление у детей с нарушениями интеллекта формируется в условиях неполноценного чувственного познания, речевого недоразвития и ограниченной практической деятельности. Следовательно, такие дети оказываются неподготовленными к поступлению в школу. Дети с нарушением интеллекта отличаются от здоровых детей большой конкретностью мыслительной деятельности и слабостью в обобщении.

По мнению Катаевой А.А. и Стребелевой Е.А., у детей с нарушениями интеллекта наблюдается более замедленный темп развития всех процессов, чем у детей с нормальным развитием. При нарушении

умственного развития главными и ведущими неблагоприятными факторами являются слабая любознательность и замедленная обучаемость ребенка, то есть его плохая восприимчивость к новому [3, 4, с.30].

Развитие мышления у детей старшего дошкольного возраста с нарушением интеллекта может протекать успешнее, если коррекционная работа будет строиться на основе применения дидактических игр и упражнений.

Лубовский В.И. в своих исследованиях указывает, что у детей с нарушением интеллекта в результате органических поражений головного мозга наблюдаются нарушения нормального развития психических процессов, таких как активное

восприятие, произвольная память, мыслительная деятельность, речь и внимание [5].

У детей дошкольного возраста с нарушением интеллекта отмечается недостаточность внимания, особенно произвольного. Этим детям свойственно пассивное непроизвольное внимание, сопровождающееся чрезмерной отвлекаемостью. Из-за низкого уровня внимания, дети смотрят на объекты или их изображения, не замечая при этом присущих им существенных элементов. Вследствие низкого уровня развития внимания дети не улавливают многое из того, о чем им сообщает педагог. [8, с.25].

Для детей с нарушениями интеллекта характерно большое отставание в сроках развития восприятия, замедленный темп развития. У них поздно и часто неполноценно происходит соединение восприятия со словом, а это, в свою очередь, задерживает формирование представлений об окружающем предметном мире.

Память таких детей характеризуется низким объемом запоминаемого материала, низкой точностью и прочностью запоминания, что требует значительно большего числа повторений для усвоения нового материала.

Катаева А.А. и Стребелева Е.А. отмечают, что дети с нарушением интеллекта отличаются разнообразием в уровне развития речи, но все они имеют ограниченное понимание обращенной речи и речевое недоразвитие, что препятствует полноценному усвоению знаний [3, 4, с.42].

По мнению Л.В. Кузнецовой, мышление у дошкольников с нарушением интеллекта формируется с большими трудностями, характеризуясь использованием наглядно действенной формы мышления.

Игра, как ведущий вид деятельности для нормально развивающихся детей дошкольного возраста, не играет той же

роли для детей с нарушениями интеллекта.

Важной особенностью мыслительной деятельности является ее связь с речью. Эта взаимосвязь значительно облегчает процессы обобщения и абстракции, так как слова по своей природе отражают действительность в обобщенной форме.

Таким образом, у детей с интеллектуальными нарушениями старшего дошкольного возраста наблюдается недостаточность всех уровней мыслительной деятельности, так как она формируется в условиях неполноценного чувственного познания, речевого недоразвития и ограниченной практической деятельности.


Образование признано одним из важнейших приоритетов политики Казахстана. Среднее образование является базовым уровнем системы образования. Право на его бесплатное получение гарантируется Конституцией Республики Казахстан, Законом об образовании. [1, 2].

Дошкольное детство – важный период психического развития ребенка, включая развитие мышления. За последние годы значительно увеличилось число детей с нарушением интеллекта, что делает особенно важным вопрос о возможностях их развития для подготовки к социально-трудовой адаптации.

Таким образом, дети с интеллектуальными нарушениями способны к развитию, хотя оно происходит замедленно и атипично. Они нуждаются в коррекционной помощи по развитию мыслительной деятельности, и одним из эффективных методов являются специально подобранные дидактические игры. Целенаправленные занятия по развитию мыслительной деятельности помогают детям лучше ориентироваться в окружающем мире, выделять существенные связи и отношения между объектами, что приводит к росту их интеллектуальных возможностей и формированию более обобщенного восприятия действительности.

Список литературы

1. Конституция Республики Казахстан
2. Закон РК «Об образовании» (№ 319-III от 27 июня 2007 года).
3. Катаева А.А. Дошкольная олигофренопедагогика. - М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2005. – 2007с.
4. Стребелева Е.А. Формирование мышления у детей с отклонениями в развитии. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2004. – 184 с.
5. Специальная психология. /Под ред. В.И. Лубовского – М.: Изд. центр Академия, 2005. – 464 с.
6. Ратанова Т.А. Диагностика умственных способностей детей. – М.: Изд-во Моск. Психол.-соц. ин-та: Флинта, 2005. – 166 с.
7. Екжанова Е.А. Организация коррекционно-педагогического процесса в специализированном дошкольном учреждении для детей с нарушениями интеллекта. //Дефектология. – 2000. - № 3. – с. 19-24.
8. Кузнецова Л.В. Основы специальной психологии.– М.: Издат. центр Академия, 2006. – 480 с.





Абдульдинова Айзель Алибековна,
ҚР Оқу - ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты
Мектепке дейінгі білім беру мазмұны
зертханасының аға сарапшысы

ҚАУІПСІЗ ОРТА – БАЛА ӨМІРІНІҢ КЕПІЛІ

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін үйрету бойынша мектепке дейінгі ұйымның педагогтеріне әдістемелік көмек ұсынылады.

Түйін сөздер: бала, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған әлем, ата-ана.

Бала - бауыр етің... Өйткені өзегінді жарып шығып, ұйыған қаннан ұядағы балапанға айналған құлыншақтың құдіреті адамның ет жүрегін елжіретіп, жүзіңе қуаныш, жүрегіңе жұбаныш сыйлайтыны анық. Баяғыда бір анадан «Қай балаңды қатты жақсы көресің?» деп сұрағанда: «Ауырған баламды жазылғанша, шығып кеткен баламды оралғанша, кіші баламды өскенше жақсы көремін. Кеудемдегі жүрегім тоқтағанша, бәрін жақсы көріп өтемін» деген екен.

Демек, бала – жүректің дауасы, көңілдің гүлі, көздің нұры. Келер күннің келбеті – бүгінгі балалар. Сол балалардың қауіпсіз келешегін қаншалықты қамдап жатырмыз, оларға жастайынан қандай қауіпсіздік ережелерін үйретуіміз керек?

Бүгінгі күні өмірдің өзі ересектерге ғана емес, сондай - ақ мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез - құлық негіздерін үйрету қажет екенін дәлелдеді. Әлеуметтік, табиғи және экологиялық қолайсыз жағдайларда баланың қоршаған әлемді тануға деген шынайы қызығушылығы ол үшін қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан жастайынан баланы жеке басының және айналасындағылардың қауіпсіздігіне саналы, жауапкершілікпен қарауға үйрету, төтенше жағдайларда жылдам әрекет етуге

дайындау қажет.

Бала қауіпсіздігі мәселесінің маңызы өте зор екені анық. Әр ата-ана баласының қауіпсіз ортада өмір сүріп, дені сау, саналы ұрпақ болғанын қалайды. Ол үшін ата-ана баласын сеніп табыстап отырған мектепке дейінгі ұйымдардағы қауіпсіздік шаралары сенімге селкеу түсірмейтіндей жабдықталып, қамтамасыз етілуі қажет. Сол қауіпсіз ортада ата-ана мен педагог бірлесе қоршаған әлемге эмоционалды - құнды көзқарасты және балалардың санасында тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал ете отырып, (қауіпті/қауіпсіз, қорқынышты/қорқынышты емес, наукас/дені сау, ауырады/ауырмайды, мұңды/көңілді, қимылдау/тынығу, бөлік/тұтас т.б.) бала жасына сай саяхат, серуен, театрландырылған, сюжеттік-рөлдік ойындар ұйымдастыру арқылы қауіпсіздіктің қарапайым түрлерін үйретуден бастау керек. Саяхатта бөгде адамдармен сөйлеспеу, серуенде ауызға кез-келген затты, шөпті салмау керектігін, балаларды қауіпсіздіктің түрлерімен (өмір, әлеуметтік, экологиялық, жол, өрт, ақпараттық және т.б.) жүйелі түрде таныстыруға жағдайлар жасау арқылы театрландырылған, сюжеттік-рөлдік ойындар орталығын түрлі мамандық (аурухана, құтқарушы т.б.) түрлеріне байланысты жабдықтап, онда балалармен қауіпсіз

мінез-құлық тәжірибесі мен практикалық дағдыларын кеңейту жұмыстарын көбірек ұйымдастыру керек.

Қазіргі Стандарттағы педагогтердің әр тәрбиеленушінің жасын, жеке ерекшеліктерін ескере отырып, белсенділігін, бастамашылдық танытуын, дербестігін қолдауды күні бойы ойын түріндегі

ұйымдастырылатын әрекеттері арқылы қоршаған әлемді тану процесінде жеке қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін жағдайлар жасауға ықпал еткені сөзсіз.

Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың ерекше маңыздылығына байланысты мүмкіндігінше жергілікті жағдайларды пайдалану керек, өйткені қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудағы бірден бір тәсіл - балаларды табиғатпен таныстыру болып табылады (мысалы, балаларды жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтармен, жидектермен таныстыру, еріген суды лупа немесе микроскоп арқылы қарастыру т.б.).

Қала мен ауыл балаларының қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасының тәжірибесі әртүрлі болатыны белгілі. Қала балаларының ауылдық жерлердегі жағдайларды түсінуінде қиындықтар туындайды (пешті қалай қолдану керек, орманда қалай жүру керек, үй жануарларына қалай қамқорлық көрсету керек). Ал керісінше, ауыл балалары қалаға келгенде көшеде, қоғамдық көлікте жүргенде және бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасауда өзін қалай ұстау керектігін білмеуі мүмкін. Отбасында қауіпсіз мінез-құлық туралы берілетін түсініктерге байланысты әр баланың қауіп көздерін түсінуде өзіндік тәжірибесі бар. Яғни, балаға төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін тек мектепке дейінгі ұйымдағы мақсатқа бағытталған педагогикалық процесте ғана меңгертуге болатындығын педагог ескергені абзал.

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты базасында мектепалды жастағы (5 жастағы балалар) балаларға арналған салауатты әдеттерді сақтауда,

жарақаттанған жағдайда, табиғи апаттар, төтенше жағдайлар, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез-құлық негіздерін үйрету бойынша мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасының әзірленгенін оқырмандардың назарына сала кеткім келеді.

Бағдарламаның негізгі мазмұны:

1. Баланың денсаулығы
2. Бала және табиғат
3. Бала үйде болғанда
4. Бала және балабақша
5. Бала көшеде болғанда

6. Бала және бейтаныс адамдар бағыттары бойынша құрылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бағдарлама мазмұны түрлі балалар әрекетін (ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, зерттеу, еңбек, заттық, қимыл, шығармашылық) кіріктіруді көздейді. Қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру бойынша күні бойы тәрбиеленушілердің алған түсініктері қауіптілік деңгейін бағалауға көмектеседі: тәрбиеленушілер жағдайды талдауға, жалпылауға, модельдеуге, қауіпті байқауға, оның нәтижесін болжауға үйренеді.

Әзірленген бағдарлама басшыларға, әдіскерлерге, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сынып тәрбиешілеріне, тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) ұсынылады.

Тағы бір сүйенетін құрал балалар білім беру ұйымдарында және олардың аумағында болған кезде жазатайым оқиғалардың, сондай-ақ тұрмыстық, техногендік, жол-көлік жарақаттарының алдын алуға бағытталған «Тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің,

лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық» әзірленді.

Балабақшаларда қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған табиғи апаттар, төтенше жағдайлар, бөгде адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез-құлық негіздерін үйрету бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірленді. Бұл аталған материалдер меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сынып педагогтеріне, сондай-ақ тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) ұсынылады.


Бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану қауіпсіз мінез-құлық ережелерін меңгеруге мол мүмкіндіктер береді. Компьютерлік

техниканы қолдану тәрбиелеу-білім беру процесін түрлендіруге, оны неғұрлым жарқын, көрнекі және бай етуге ықпал етеді. Мультимедиялық презентацияларды қолдану тәрбиеленушілерге өмірдегі шынайы оқиғалар мен құбылыстарды көрсетуге, қоршаған ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл бағытта жұмыс жүргізуге ата-аналарды да (заңды өкілдерді) тарту қажет. Педагогтар мен ата-аналардың (заңды өкілдердің) бірлескен жұмысы арқылы мектеп жасына дейінгі балалар күнделікті өмірде, табиғатта, қала көшелерінде абай болуға тырысады, адам мен қоршаған әлем үшін қауіпсіз мінез-құлық негіздерін меңгереді.

Өскелең ұрпақтың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдени тәжірибесін кеңейтуге, қоршаған әлемге эмоционалды-құнды көзқарасты қалыптастыруға, бала «болады», «болмайды», «дұрыс», «бұрыс», «барлық әдепті адамдар осылай істейді» және т.б ұғымдардың әлеуметтік мәнін түсінуге сіз болып, біз болып атсалысайық!

Әдебиеттер

1. *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);*
2. *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БЖФМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы);*
3. *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық;*
4. *Безопасность: Учебное пособие по основам безопасности жизнедеятельности детей старшего дошкольного возраста. Авдеева Н. Н., Князева Н. Л., Стеркина Р. Б. СПб.: «ДЕТСТВО ПРЕСС», 144 с.*





Бекмолдаева Бахыткул Тулегеновна,
Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы,
«Айгөлек» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі

Тәрбиелеушілердің дербестігін жан-жақты дамыту үшін заттық- дамытушы ортаны ұйымдастыру

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда ойын тәрбиеленушілердің оқыту құралы ретінде қолданылатыны жөнінде айтылған. Ойын арқылы өмірлік маңызы бар дағдылар қалыптасатыны түсіндірілген.

Түйін сөздер: өмірлік маңызы бар дағдылар, ойынының тәрбиелік маңызы.

«Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойын, ертегі, ән, сурет, қиял және шығармашылық әлемінде, өмір сүруі керек. Бұл әлем баланы қоршап алуы қажет...», – деп В.Сухомлинский айтқандай, мектеп жасына дейінгі балалардың қалыпты дамып, жетілуі үшін қажетті дамытушы ортаны заман талабына сай толықтырып отыру керек.

Мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыты баланың физикалық, танымдық, зияткерлік, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дамуы болғандықтан, бала кез - келген әрекетте ойнай отырып дамиды. Сонымен қатар баланы үйде ойынға бейімдеу маңызды. Әр балабақшадағы ойын бұрыштары мен заттық дамытушы орта баланың жас ерекшеліктеріне сай болғаны жөн. Балалар бірігіп ойнай отырып, бір-бірінен үйренеді, еңбекке, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа дағдыланады. (2021.15.03. № 137 қаулысымен бекітілген) ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы екені айтылған [1].

Мектепке дейінгі ұйымдардың маңызды міндеті әр баланың шығармашылық дағдысын қалыптастыруды қамтамасыз етуге, балаға өзін толық жетілуіне және өзінің дербестігін қалыптастыруға, балалармен

заттық - дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы тәрбиелеу жұмысының дамытушы әсерін арттыруға және педагогикалық үдерісті жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда заттық-дамытушы орта маңызды фактор болып табылады. Топтарда заттық-дамытушы ортаны құру баланың толыққанды дамуы үшін, жетекші іс-әрекет түрлерін іске асыруға арналған қажетті материалдармен толықтырылғын орта болып табылады.

Педагогтың мақсаты – әр балаға толыққанды өмір сүруге мүмкіндік беру. Өз тобының табалдырығын аттаған және тәрбиешінің қолынан сенімді ұстаған әрбір бала әлемге ашылып өзінің әсем дарындылығымен ересектерді таң қалдыратын сиқырлы сандық сияқты.

Балабақшада заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің күрделі, көп жоспарлы және жоғары шығармашылық қызметі қажет. Мақсатқа бағытталып, ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуде маңызды рөл атқарады.

Заттық-дамытушы ортаның тағы бір ерекшелігін айта кететін болсам, оның сан

алуандығы. Ортаңғы топтан басталатын заттық-дамытушы орта мектепалды топқа дейін толықтырылып отырады. Тәрбиеші міндетті түрде сол топтағы тәрбиеленіп жатқан балалардың жас ерекшелігімен қатар, психологиялық ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын есепке алуы керек. Себебі, әр балаға жеке тұлға деп қарайтын болсақ, әр баланың мінез-құлқы әртүрлі болғандықтан, әртүрлі шығармашылыққа бейім болатыны анық.

Мақсатты ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде маңызды рөл атқарады. Дұрыс ұйымдастырылған заттық - дамытушы орта балаларға қуаныш сезімін сыйлап, балабақшаға деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасты, оған келуге деген ынтасын қалыптастырады, жаңа әсерлер мен білімдермен байытады, шығармашылыққа деген белсенділігін арттырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік береді.

Ойын арқылы оқыту технологиясының негізгі элементтері:

- ойынның алдына нақты оқу мақсаты қойылады;

- нақты педагогикалық нәтижеге қол жеткізіледі;

- іс әрекет ойын тәртібіне бағынады;

- оқу материалдары ойын құралдары болып табылады.

«Ұжымдасқан қызмет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері балаларға басқалардың пікірімен санасуды, ойын нәтижесін болжауды, өз бетінше белгілі бір іс-әрекеттерді жоспарлауды, мақсатқа жету жолдарын айқындауды үйретеді». Ойын түрлерін оқыту әдісі ретінде қолдану балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Балалардың дербес ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, педагог балалардың іс-әрекетін мұқият басқарып отырғаны жөн. Ол балалардың біреуіне жаңа ойыншықпен ойнауды үйренуіне көмектеседі, енді біреуіне бірге доп ойнауды ұсынады, ал тағы біреуіне тыныш отырып ойнайтын ойын тауып бере алады. Әдетте кішкентай

балалар, әсіресе, бірінші кіші жас тобының балалары жеке ойнағанды жақсы көретінін ескере отырып, педагог олардың жеке ойнауына мүмкіндік беруі тиіс, сонымен қатар балаларды бірлескен ойынға тартуға жұмылдыру керек. Әрбір бала ойнай алады, тек, ойынның шартымен таныстырып баланың еркін ойнауына жағдай жасауымыз керек [2].

Тәрбиешінің міндеттері:

- заттық-дамытушы ортаны қажетті құралмен толтыру және құрастыру;
- баланың жеке қасиетін, қабілетін, шығармашылығын қалыптастыруда заттық-дамытушы ортаны ұтымды пайдалануға жағдай жасау.

Тек осы мақсат-міндеттер орындалған кезде ғана, мектеп жасына дейінгі баланың қалыпты дамуын, шығармашылық белсенділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік артады.

Мектеп жасына дейінгі балаға заттық-дамытушы орта не үшін қажет?

Баланың даму кезеңдеріндегі қажеттіліктерін жас ерекшелігіне орай қамтамасыз ету үшін қажет. Жинақталған орта жағдайындағы іс-әрекет бала белсенділігін, қоршаған ортаны тануға деген қызығушылығын, танымын шығармашылығын, бейнелеуге ынтасын қалыптастырады.

Ал, заттық-дамытушы орта тәрбиешіге не үшін қажет?

Мектеп жасына дейінгі баланың жеке және жалпы дамуын жүзеге асырудағы тәрбиешіге өте сапалы көмекші құрал болып табылады. Дамытушы орта мектеп жасына дейінгі балалардың әртүрлі мақсатқа бағытталған белсенді әс-әрекеттерінің көптеген мүмкіндіктерін жүзеге асыру мақсатында құрылады. Балалардың әрекеттерін ұйымдастыруда арнайы кеңістік ретінде тәрбиешіге қызмет көрсетеді, тәрбиелеудің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар заттық – дамытушы ортаның тағы бір элементі – «Сөйлейтін қабырға». Оның мәні мынада: бала қажетті ақпаратты ала отырып, өз қызметі үшін

кең таңдау жасай алады және өз қалауы бойынша педагог дайындаған ақпараттық ресурстарды сындарлы қолдана алады.


Балабақшамыздың тағы бір тәрбиеленушілер үшін дербестігін қалыптастыру мақсатында «Ұлтық бөлме» ұйымдастырылған. Балалар бұл бөлмеде қазақи нақышта безендірілген ортада өзін емін еркін сезініп, ұлттық құндылықтарымызды көзбен көріп ғана қоймай, әр түрлі іс – әрекеттерді жүзеге асырады. Яғни ши тоқу, жүн түту және ұлттық ойындар ойнауға да мүмкіндіктер

қарастырылған.

Түйіндей келе, нәтижелі ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта, балаларға қуаныш сезімін, балабақшаға деген жағымды қарым-қатынасын, балабақшаға келуге деген тілекті шақырады, жаңа әсерлер береді және білімдермен байытады. Белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік беріп, баланың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы;
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы, 1-тарау, 3-4 тармақша, 3-тарау (Дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін өзгерту) 24, 25, 26 тармақшалары;
3. Элконин Д.Б. Ойын психологиясы. М., 1999 1 тарау, 14- 22 беттер





Муберекова Шынар Тиштиковна,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Ақсуат ауылы
№9 «Баласа» бөбекжай-балабақша меңгерушісі

Театрландырылған іс-шаралар арқылы балаларға экологиялық тәрбие беру

Аңдатпа. Театрландырылған іс-әрекет балаларға әсер етудің ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Экологиялық мазмұнды театрланған қойылым арқылы қоршаған ортаға деген қарым қатынасы, сүйіспеншілігі артады.

Түйін сөздер: Театрландырылған ойын, декорация, театр әрекеті

Еліміздегі экологиялық жағдайдың жылдан жылға нашарлап бара жатқаны бәрімізге белгілі. Адамзат табиғаттан бірден пайда алуға ұмтылады. Бұл табиғаттағы мінез-құлық нормаларын білмеу және сақтамау салдарынан. Біздің адамгершілік құндылықтарымыз төмен. Бірақ табиғат – адам өмірінің қайнар көзі. Табиғатты жою арқылы біз өзімізді және жер бетіндегі барлық тіршілікті жоямыз.

Тіршілікті, табиғатты сақтап қалу үшін адамзат жер бетінде жаңа жолмен өмір сүруді үйренуі керек. Бұл мәселені шешу, жаңаша ойлау – экологиялық көзқарасты қалыптастыру және жеке тұлғаның экологиялық мәдениетін арттыру жағдайында ғана мүмкін болады.

Ал, өсіп келе жатқан жас ұрпақты рухани байлықпен таныстырып, табиғатқа ұқыптылықпен қарауға, табиғатты қорғаушы болуға қалай тәрбиелеуге болады?

Біздің балалар тірі табиғат туралы ертегіге ие. Бізге бұл жерде ертегі көмектеседі.

Біз театр іс-әрекетін қоршаған әлемді түсінудің ең табысты құралдарының бірі, мектеп жасына дейінгі балалардың қазіргі әлемдегі мінез-құлықтың дұрыс үлгісін қалыптастыру құралы деп санаймыз. Бұл әдісті қолдану баланың әлеуметтік-

эмоционалдық, сөйлеу, көркемдік және эстетикалық дамуының тиімді құралы болып табылады және интеллектуалдық, дамытушылық міндеттерді шешуге ықпал етеді. Түрлендіру мүмкіндігі, жағдайдың ерекшелігі, ашық түстер, музыкалық сүйемелдеу – мұның бәрі балалардың қызығушылығын арттырады. Театр «басқа болмыстың өміріне ішкі жағынан кіруге» мүмкіндік береді.

Балалар қоршаған әлемде қызықты идеяларды байқап үйренеді, әдеттегіден ерекше сәттерді көру қабілетін дамытады. Ал бұл дағдылар экологиялық білім беруде өте маңызды. Театрландырылған ойындар, мерекелер мен ойын-сауық балаларға белгілі бір тірі организмнің ғана емес, сонымен бірге экожүйенің бірегейлігі мен тұтастығын көруге, оның тұтастығын бұзудың мүмкін еместігін түсінуге, табиғатқа негізсіз араласу өз ішінде де елеулі өзгерістерге әкелетінін түсінуге көмектеседі.

Жұмысымызды бастағанда біз алдымызға мынадай мақсаттар мен міндеттерді қойдық.

Мақсаты: Театр іс-әрекеті арқылы шығармашыл, экологиялық сауатты тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттер:

- балаларды табиғатты сүйеге және қорғауға үйрету, экологтарды тәрбиелеу;

- балаларды табиғат ресурстарын ұқыпты пайдалануға, экологиялық мәдениетке тәрбиелеу;

- экологиялық мазмұнды театрландырылған іс-шаралар арқылы балалардың серіктестік қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту.

- Зейінін, есте сақтауын, қиялын, ойлауын, сөйлеуін, эмоционалдық-еріктік саласын, сонымен қатар интеллектуалдық, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Театр іс-әрекетіне оқыту жалпы педагогикалық принциптерге негізделген жоспар бойынша жүзеге асырылады:

- **Психологиялық жайлылық принципі** – балаларды «үйдегідей» сезінетіндей жағдай жасау, балаларды жетістікке бағыттау, ең бастысы, қуаныш сезімі, қызметтің өзінен ләззат алу.

- **Шығармашылық (креативтілік) принципі** – шығармашылыққа барынша назар аудару, балалардың шығармашылық іс-әрекеттің өзіндік тәжірибесін меңгеруі.

- **Дүниеге тұтас көзқарас принципі** – баланың алған біліміне жеке қатынасы, оны өз тәжірибесінде қолдана білуі.

- **Өзгермелілік принципі** – балалардың өзгермелі ойлауын дамыту, яғни мәселені шешудің әртүрлі нұсқаларының мүмкіндігін түсіну. Бұл принцип жағдайларға сабырлықпен қарауға, қиын жағдайдан шығудың жолын іздеуге, үмітсіз жағдайлардың іс жүзінде жоқ екенін түсінуге жаттықтырады; Ол тәрбиешінің өзіне шығармашылық еркіндік береді және оған балалармен жұмыс істеуде қажетті мазмұнды жүзеге асырудың шексіз көп түрлі нұсқаларын табуға көмектеседі.

Тиімді жұмыс істеу үшін біз топтың дамытушы ортасын жаңа ойындар мен ойыншықтармен – театрлық іс-шараларға арналған кейіпкерлермен әртараптандырдық. Көптеген материалдар балалармен немесе олардың ата-аналарымен бірге жасалды

Театр түрлері:

Саусақ театры

Көлеңке театры

Қуыршақ театры

Конус театры

Үстел үсті театры

Орамал театры

Қасық театры

Фланелеграф театры

Тәрбиешілер күнделікті іс-әрекеттерде театр элементтерін енгізеді. Мысалы, театр қуыршақтары балаларға қонаққа келеді және диалог жүргізеді, сахналық қойылымдар көрсетеді, балалармен бірге өсімдіктерді күтеді, табиғат орталығында тәжірибе жасайды, балалармен сумен және құммен ойындар ойнайды, зерттеулер жүргізеді.

Балалар театрландырылған ойыншықтарды - кейіпкерлерді еркін іс-әрекеттерде ықыласпен пайдаланады: олар кедей қоянға, қу тұлкіге немесе аш қасқырға үй салады; Олар жануарларды көліктермен тасымалдап, оларға түскі ас әзірлейді. Балалар белгілі ертегілер сюжетін өз бетінше жаңғыртады, көбінесе оларды өзінше қайталайды, ертегінің өзінше аяқталуын ойлап табады, әйгілі кейіпкерлермен ертегі сөздерін пайдалана отырып, көбінесе өз ертегілерін ойлап табады. Бос уақытымызда балаларымызмен бірге олар бала кезінен білетін әндерді, тақпақтарды, қысқа тақпақтарды жиі ойнаймыз; мақал-мәтелдерді меңгерту;

Экологиялық ертегілер ерекше орын алды. Өйткені оларда сенімді, ғылыми ақпарат бар. Авторлар қызықты ертегі түрінде балаларға табиғат заңдылықтары туралы түсінік береді, табиғаттағы заңдылықтарды бұзу қиындыққа соқтырады; жануарлар мен өсімдіктер әлемінің әртүрлі өкілдерінің мінез-құлқы мен өмірінің жеке ерекшеліктері туралы.

Экологиялық тәрбиенің бір түрі – мерекелер мен ойын-сауық. Олардың рөлі баланың жеке басының эмоционалдық саласына күшті әсер ету болып табылады. Мұндай мерекелерде табиғат тақырыбына таныс музыкалық шығармаларды, өлеңдерді, ойындарды, жұмбақтарды қайталау емес, балаларды оқиғаларды бастан кешіруге тарту, балаларға түсінікті экологиялық

проблемаларды білу маңызды.

Музыка жетекшісімен бірге біз Жер күніне және жыл мезгілдеріне арналған мерекелерді өткіздік: «Біздің үй - Жер», «Жасыл планета»; «Сізден бізге күзде келуіңізді сұраймыз» т.б.; ойын-сауық: «Орманға саяхат», «Табиғат шағымы кітабы», «Табиғатты аяла», онда міндетті түрде экологиялық тақырыптағы театрландырылған көріністер кіреді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім беру жүйесіндегі маңызды аспект ата-аналармен жұмыс болып табылады. Балалар мен олардың ата-аналарының бірлескен іс-әрекетіне үлкен көңіл бөлеміз: «Табиғатқа дос болып кір» атты экологиялық кездесу өткіздік, «Театрлық іс-шаралар арқылы балалардың табиғатқа деген адамгершілік сезімін тәрбиелеу» атты постер кеңесін ұйымдастырдық. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде балалар мен ата-аналар арасында «Күзгі қиял» атты балалар мен бірлескен шығармашылық байқауы өткізілді, онда балалардың табиғи материалдардан салған суреттері мен қолөнер бұйымдары ұсынылды.

Табиғатты сүйетін бала гүлді, шөптерді жұлмайды, құс ұясын бұзбайды, жануарларды ренжітпейді. Табиғат ерекше ғажайыптарға толы. Ол ешқашан қайталанбайды, сондықтан балаларды бұрыннан белгілі және көрген нәрселерден жаңа нәрселерді іздеуге және табуға үйрету керек, ал бұл бізге театр қызметі көмектеседі.

Жұмыстың нәтижесі «Табиғатты қорғайық» экологиялық ертегісін шығару болады.

Экологиялық қойылым немесе ертегіні сахнада көрсету үшін экологиялық білім, рөлге дағдылану, ойын тұжырымдай білу, оны басқаларға жеткізуге ұмтылу қажет.

«Табиғатты қорғайық» ертегісі

Балалар музыка әуенімен залға кіріп, өлеңді оқиды:

1-бала: Біз әлі өте кішкентай болсақта

Бәрі хормен: Бәрін, бәрін білеміз

2-бала: Табиғатта бәрі бар тіршілікке қажеттің

3-бала: Сондықтан да адамдар

Бәрі хормен: Табиғатты қорғайық

4-бала: Жер бетінде табиғат

Бәрі хормен: Тіршілігін жоймайық!

5-бала: Біз қазір сіздерге ертегіні көрсетеміз,

Қалай ойлайсыздар, достар?

Бұл ертегі бізді ойландыра ма?

(Балалар сахнаның артына кетеді.)

Сахнада «Орман» көрінісі

(Құстардың дауысы естіледі. Орманшы мен бұзық Данияр шығады. Олар жаяу жүр.)

Автор: Ертеде Данияр деген қыңыр мінезді ерке бала өмір сүріпті. Ол дүниедегі барлық нәрсені ұнатпайтын. Құстардың даусын да, өскен шөпті де жақтырмайтын еді. Ол ағаштардың бұтақтарын сындырып, барлық гүлдерді жұлып шөптерді аяғымен таптайтын. Бірде ол орманда серуендеп жүріп, Орманшымен кездесіп қалады.

Бұзық Данияр: Сен кімсің? Мұнда неге жүрсің? Не іздеп жүрсің?

Орманшы: Мені ормандағылардың бәрі біледі. Мен тәртіп сақтаймын.

Бұзық Данияр: Сенің орманың өте шулы! Таңертең құс шулап маза бермейді.

Орманшы: жоқ балам, құстар шуламайды. Олар әдемі әуенімен қуанышқа бөлейді ғой.

Олардың қалай ән айтқанын тыңдаңыз! (құстардың дауысы естіледі)

Бұзық Данияр: Мен қаламаймын, қаламаймын. Олар дәл қазір жоғалып кетсін. Маған олардың бәрі керек емес!

Орманшы: Жарайды, солай болсын!

Бір, екі, үш, құстар әп-сәтте жоғалып кетсін. Ал сен Данияр балам, Тыныштықтан рақат тап (орманшы атай кетіп қалады)

Бұзық Данияр: Ооо, тамаша, міне тыныштық.

Мен тыныш жерде планшетіммен ойнап жата беремін.

Автор: Осы кезде ешнәрседен хабары жоқ орман тиіні секіріп ойнап шығады

Тиін: Мен тиінмін, орманда тұрамын. Тоқылдақ маған үй салып береді

Мен онда қыста тұрамын. Менің досым тоқылдақ қайда?

Тоқылдақ, тоқылдақ, мен сені күтемін, Мұнда тез кел.

Автор: (Қоян шығып жылайды)

Қоян: бұл не, неге? Мен ештеңе түсінбеймін.

Тиін: Неге ренжідің, қоян? Саған не болды?

Қоян: Тиін, сен білмейсің бе? Құстар жоқ, әй, біз енді қиналамыз. Олар енді орманға келмейді

Тиін: Маған кім үй салады? Қыста тұратын жерім жоқ. Ой, мен қарлы боранда тоңамын, Енді не істеуім керек?

Автор: (Қоян мен тиін жылап кетіп қалады)

Осы кезде маса ұшып келеді

Маса: Енді біздің күніміз туды, алақай! Бәрімізге жасырынудың қажеті жоқ. Құстар жоқ және бұл жақсы Мен сайран саламын. Бәрін тістееймін, шағамын.

Автор: (Музыка естіледі, Бұзық Данияр айналасында маса ұшады, ол масадан қорғанып қашады. Қоңыздар шығып билейді)

Қоңыз: Мені ормандағылардың бәрі біледі, Мен ағаш қабығының астына жорғалаймыз

Мамыр қоңызы: Мамыр айы келгенде, Бәрің менімен кездесіңдер.

Менің атым Майбуг. Мен жол бойымен жүгіремін.

Міне, қайың ағашы, міне, емен ағашы, міне жасыл жапырақ.

Менде ассыз қалмаймын. Құстар жоғы қандай жақсы. Емін еркін сайрандаймыз

Шынжыр табандар: Жарайды, жорғалаймыз, жорғалаймыз, жапырақтың үстіне жорғалайық.

Біз шөптер мен жапырақтарды жақсы көреміз,

Жапырақ емес, гүл емес,

Бізге бәрі сөз емес

Қане достар тойлайық

Гүл мен шөпке тояйық

(Би)

Үйге баратын уақыт келді!

(Жәндіктер кетеді, музыка әуенімен ағаштар шығады)

Ағаштар: Біз осында көп жылдар бойы өстік, біз сізге таза ауа береміз.

Ал енді біз өлеміз, (жылайды) Бізді іштен құрттар жеп жатыр, бізді қорғайтын

құстардың бәрі кенет жоғалып кетті. Енді не істеуіміз керек! (Ағаштар тербеліп кетеді).

Автор:

Аю балаларымен бірге шығады, олар орманды аралап жүреді. Би билейді. Қоян оларды қуып жетіп, аюға шағымданады

Кішкентай аюлар: Анамыздың таңқурайы қайда? Мұндағы барлық жидектерді кім жеді!

Аю: Жапырақтары да жоқ, бұталары толығымен өлген ғой.

Қоян: Бұл жерде шөп аз, шынжыр табан қоңыздар бәрін жейді. Біздің орманға не болады?

Кімнен сұрауымыз керек? (Қоян ренжіп жылайды, жан-жағына қарайды. Тиін пайда болады)

Тиін: Мен білемін, себебі не екенін білемін,

Бұзық Данияр орманда болды, оған неге құстар даусы ұнамайды а, мен соны түсінбедім?

(Бұзық Данияр жүгіріп шығып, қолын бұлғап масадан қашады. Артынан маса ұшып, шағып алады. Қоңыздар мен құрт шығады)

Бұзық Данияр: Олар мені тістеп алды, Сіздердің араларыңызда мұндайлар көп

О, мені құтқар, маған көмектес, мен бірдеңені дұрыс істемедім бе?

Не болды?

Аю: Ендеше, бірге ойланайық. Орманға қалай көмектесеміз!

Бұзық Данияр: Білемін, құстарды қайтадан әкелу керек. Олар барлық жәндіктерді құрту керек.

Тиін: Неге, Данияр, сен мұны істей алмайсың, олай жасаса құстар аман қалмайды ғой.

Аю: Бізге құстарды қайтару керек. Сол сәтте бәрі қайтадан жақсарады.

Ағаштар: Орманшы атайды шақырайық. Ол қазір бізге келсін.

Барлығы бірге: Орманшы атай, орманшы атай қайдасыз!

Орманшы: Сәлем орман халқы!

Сәлем тиін мен аю!

Сәлем қоян көрші!

Ал, Данияр, қалайсың? (Данияр басын төмен түсіреді)

Оны кешіреміз бе, достар? Данияр қатесін түсінді ме?

Бұзық Данияр: Кешіріңдерші мені. Мен де енді орманға қамқоршы боламын деп уәде беремін.

Орманшы: Онда бәріміз бірге сиқырлы сөзді айтайық...

Барлығы бірге: Бір, екі, үш!

Орман өмір сүр, өмір сүр, өмір сүр!!!

(Құстардың дауысы естіледі)

Табиғаттың заңын қорғап

Ережесін сақтайықшы.

Жер бетінде тіршіліктің

Көзін біздер жоймайықшы.

Табиғатқа қамқор болып,


Тазалықты сақтайықшы

Махаббатты жүректегі

Тіршілікке арнайықшы!

Әдебиеттер

1. *Экологиялық тәрбие-болашақ кепілі. Білімді ел-басылымы 2024ж -№5*
2. *Воронкевич, О.А. "Экологияға қош келдіңіз" - мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім берудің заманауи технологиясы. Мектепке дейінгі педагогика – 2006ж - № 3.*
3. *Кузнецова, Л.В. Экологиялық тәрбие берудегі балабақша мен отбасының өзара әрекеті - Мектепке дейінгі педагогика-2009ж № 6. - С. 54-57.*
4. *Ризуан.Р. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру. Martebe.kz-2019ж Экотеатрдың экологиялық тәрбиедегі орны Мектепке дейінгі педагогика – 2007ж - № 8.*





Ибраева Анар Кусаиновна,

Астана қаласы, Астана халықаралық университеті
Педагогикалық колледжінің оқытушысы

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде сюжетті-рөлдік ойындардың маңызы

Аңдатпа. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде сюжетті- рөлдік ойындарды қолданудың маңызы ерекше. Сюжетті-рөлдік ойындар балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Мақалада сюжетті-рөлдік ойындарды қолданудың талаптары мен шарттары, тиімділігі атап көрсетілген. Балалардың еркін қарым-қатынас жасауына бағытталған сюжетті-рөлдік ойын түрлері мен үлгілері ұсынылған.

Түйін сөздер: сюжетті-рөлдік ойындар, интеллект, дағдылар

Ойын – балалар әрекетінің негізгі түрі, тәрбиелеу-білім беру процесінде қолданылатын әдістің бірі. Ойын әрекеті ес, ойлау мен қиялға, барлық таным процестері дамуына ықпал етеді. Ғалым- психолог Д.Б.Элконин:

«Ойын – баланы ешкім, ешқашан үйрете алмайтын нәрсеге үйретеді. Бұл нақты өмірге, кеңістікке, құбылыстарға, адамның іс-әрекетіне бағдар беретін зерттеу тәсілі. Ойын кезінде балалар зерттеу жүргізу арқылы қоршаған әлемді танып-білуге бағалауға үйренеді», - деп тұжырымдаса, қазақ халқының ағартушы педагогтері Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев:

«Ойын – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялы қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, өмір тынысы» - деп бала өміріндегі ойынның маңыздылығын атап көрсетеді. Ойын әрекетінің қызықты болуын қамтамасыз ететін, баланың танымдық қызығушылығын дамытатын басты нәрсе: әрекет, қарым-қатынас. Міне, осы жағдайларды ескере отырып, ойын түрлері төмендегідей

жүйеленеді:

Сюжетті-рөлдік ойын: отбасы, балабақша, мектеп, аурухана, ұшқыштар, мал фермасы, құрылысшылар, мұнайшылар, темір жол, теңізшілер.

Сюжетті-рөлдік ойындар – бұл мектеп жасына дейінгі балалармен кеңінен қолданылатын ойын түрі, онда балалар белгілі бір сюжетке сәйкес рөлдерді ойнап, түрлі кейіпкерлердің әрекеттерін бейнелейді. Бұл ойындар балалардың қиялын, шығармашылық қабілеттерін, әлеуметтік-эмоционалды және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталады.

Бұл ойындар балалардың қиялы мен шығармашылық дағдыларын дамытуға, әлеуметтік-эмоционалды және коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға сюжетті-рөлдік ойындарды қолданудың мақсаты:

- шығармашылық қабілеттерді дамыту;
- әлеуметтік дағдыларды жетілдіру;
- когнитивтік дағдыларды дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды

жетілдіру.

Ойын барысында балалар өздерін әртүрлі рөлдерде көріп, өздерінің қызығушылықтарын, қабілеттерін және мүмкіндіктерін зерттейді.

Сюжетті-рөлдік ойындар балаларға жауапкершілік, тәртіптілік, мақсаттылық сияқты жеке тұлғалық қасиеттерді дамытуға көмектеседі.

Сюжетті - рөлдік ойындардың басқа ойын түрлерінен өзіндік ерекшеліктері бар. Олар:

1. Сюжет пен рөлдер:

Ойынның негізінде белгілі бір сюжет болады. Бұл сюжет өмірдің түрлі жағдайларын, оқиғаларын немесе әңгімелерін бейнелеуі мүмкін (мысалы, «дәрігерлер», «дүкен», «отбасы»).

Балалар осы сюжетке сәйкес рөлдерді таңдайды және сол рөлдердің міндеттерін орындайды. Әр бала өз рөлін ойнай отырып, белгілі бір әрекеттерді жасайды.

2. Қиял мен шығармашылық:

Ойын барысында балалар қиялын қолданып, әртүрлі сюжеттерді ойлап табады. Олар сюжетті өз қалауынша өзгертіп, жаңа элементтерді қосады.

Шығармашылық арқылы балалар өздерінің идеясын жүзеге асырады, рөлдерді өз беттерінше орындап, түрлі жағдайларды шешеді.

3. Әлеуметтік өзара серіктеестік:

Сюжетті-рөлдік ойындар балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын талап етеді. Олар бірге ойнап, түрлі мәселелерді талқылап, шешім қабылдайды.

Бұл ойындар балаларға әлеуметтік рөлдерді игеруге, бір-бірімен ынтымақтасуға және өзара түсіністікке қол жеткізуге көмектеседі.

4. Тәрбиелік және білім беру аспектілері:

Сюжетті-рөлдік ойындар балаларды түрлі әлеуметтік және мәдени құндылықтармен таныстырады. Олар ойын барысында этикалық нормаларды, тәртіп ережелерін және әлеуметтік мінез-құлықты үйренеді.

Бұл ойындар арқылы балалар түрлі мамандықтар туралы ақпарат алады және олардың маңызын түсінеді.

Бұл ойындарды тиімді ұйымдастыру үшін

белгілі бір талаптар мен шарттарды сақтау қажет. Ол талаптар:

1. Балалардың жас ерекшеліктерін ескеру:

Ойындардың мазмұны мен күрделілігі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек. 2-3 жастағы балаларға қарапайым тұрмыстық ойындар, ал мектепалды топқа күрделірек кәсіби және шығармашылық ойындар ұсынылады.

2. Қауіпсіздік:

Ойын барысында қолданылатын барлық құралдар мен ойыншықтар балаларға қауіпсіз болуы керек. Ұсақ бөлшектері жоқ, өткір жиектері жоқ, экологиялық таза материалдардан жасалған ойыншықтар таңдалуы тиіс.

3. Қатысушылар саны:

Әрбір баланың ойынға белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін ойынға қатысушылар саны шектелуі керек. Бұл балалардың бір-бірімен өзара әрекеттесуін және әр рөлді орындауын жеңілдетеді.

4. Тәрбиешінің бақылауы және қатысуы:

Тәрбиеші ойын барысын бақылап, қажет болған жағдайда ойынға қатысуы тиіс. Ол балаларға ойын ережелерін түсіндіреді, рөлдерді бөледі және қажетті бағыт береді.

5. Ойын уақыты:

Ойынның ұзақтығы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес реттелуі керек. Тым ұзақ ойындар балаларды шаршатып, қызығушылықтарын жоғалтуға әкелуі мүмкін. [3].

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сюжетті-рөлдік ойындарды балалардың жас ерекшелігіне қарай өз ішінен бірнеше топқа жіктеуге болады.

Кіші топтағы сюжетті-рөлдік ойындар

2 жастағы балалар үшін сюжетті-рөлдік ойындар өте маңызды, себебі бұл кезеңде олар өз әлемін белсенді түрде зерттеп, әлеуметтік дағдылары қалыптасады. Мұндай ойындар балалардың ойлау қабілеттерін, коммуникативтік дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Кіші топтағы ойындар ойыншықтармен тікелей байланысты болады. Олар негізінен

тамақтандыруға, бесік – арбамен тербетуге ыңғайлы қуыршақтар, аюлар, қояндар болып келеді. Осы аюлар мен қояндарға арнап жиһаздар: үстелдер, орындықтар, кереуеттер, бесік – арбалар, ірі және орташа автомашиналар қажет. Балалардың ойнауына қолайлы болуы үшін, ойыншық ыдыстардың мөлшері де ірі болуы тиіс. Бұдан басқа орташа қуыршақтар да қажет: олар көрпешеге орауға, ұйықтатуға, суға түсіруге және т.б. ыңғайлы. Әр топта ойыншықтардың мына түрлері: ванналар, үтіктер, газ пештер, шаштараз ойынына арналған аспаптар (қабырғаға ілетін айна, үстел, тарақ, салфеткалар, пластмассадан жасалған қайшылар) және дәрігерлік ойын үшін: ақ халат, градусник, фонендоскоп және т.б. ойыншықтар қолданылады.

Мысалы «Ас үй» ойыны. Балаларға ойын ас үй жиынтығы беріледі: ойыншық ыдыстар, тамақтар, қасықтар және т.б. Олар «аспазшы», «ана» т.б. рөлдерін ойнайды. Бұл ойын балаларға тұрмыстық жағдайларды түсінуге, ұсақ моториканы дамытуға және жаңа сөздерді үйренуге көмектеседі. Сол сияқты «Дүкен», «Дәрігер», «Құрылысшы», «Үй жануарлары», «Көлік жүргізушісі» т.б. ойындар ұсынуға болады. Бұл ойындар арқылы балалар өмірлік жағдайларды түсініп, оларды ойын арқылы меңгереді, бұл олардың болашақтағы өміріне қажетті дағдыларды қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді.

Ересек топқа арналған сюжетті-рөлдік ойындар

Ересек топтағы (4жас) балалар үшін сюжетті-рөлдік ойындар олардың әлеуметтік-эмоционалдық және когнитивтік дағдыларының дамуына бағытталады. Бұл кезеңде балалардың қиялы мен шығармашылық қабілеттері белсенді түрде дамып, олар түрлі рөлдерді игеріп, өмірлік дағдыларды меңгереді. Төменде ересек топтағы балаларға арналған сюжеттік-рөлдік ойындардың бірнеше түрі және олардың маңызы қарастырылады.

1. «Қалалық қызметтер» ойыны. Балалар «полиция қызметкері», «өрт сөндіруші»,

«дәрігер», «жүргізуші» рөлдерін ойнайды. Олар қалалық қызметтердің жұмысын бейнелейді, түрлі тапсырмаларды орындайды.

Бұл ойын балаларға әртүрлі мамандықтар туралы түсінік беріп, жауапкершілік сезімін және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

2. «Мейрамхана» ойыны. Балалар «аспаз», «даяшы», «қонақ» рөлдерін ойнайды.


Олар тағам дайындап, қызмет көрсетеді, тапсырыстар қабылдайды.

Бұл ойын балалардың қонақжайлылық, ұқыптылық және коммуникативтік дағдыларын дамытады. Осы сияқты «Ғарышкер», «Аурухана», «Театр», «Саяхат» т.б. сияқты ересек топтағы балаларға арналған сюжетті-рөлдік ойындар олардың жан-жақты дамуына, түрлі өмірлік дағдыларды меңгеруге және болашақта қажетті әлеуметтік қабілеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбиешілер мен ата-аналар бұл ойындарды ұйымдастырып, балалардың дамуына қолдау көрсетулері қажет. Бұл ойындар арқылы балалар нақты өмір жағдайларын бейнелеп, өмірлік тәжірибе жинақтайды, бұл олардың болашақтағы табысты өмір сүруіне негіз болады. Ал мектепалды топтарына арналған сюжеттік-рөлдік ойындар балалардың шығармашылық қабілеттерін, әлеуметтік дағдыларын, коммуникативтік дағдыларын және проблемаларды шешу қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Оларға «Мектеп», «Ғылыми зертхана», «Әуежай», «Ферма», «Кино студиясы» т.б. ойындарды жатқызуға болады.

Қорыта келгенде, тәрбиелеу-білім беру процесінде сюжетті-рөлдік ойындарды қолданудың маңызы өте зор. Сюжетті-рөлдік ойынға тек ойын деп қарамай халықтың ғасырлар бойы жинақтаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қарау керек. Жан-жақты ойластырылып ұйымдастырылған сюжетті-рөлдік ойындар балалардың тұлғалық, әлеуметтік және интеллектуалдық тұрғыдан дамытып, оларды болашақ өмірге дайындайды.

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы)
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық, – Астана, 2022ж
3. Боровских А. В. Ойын: іс-әрекет немесе ойлау? / А. В. Боровских // Педагогика. 2015ж.
4. Выготский Л. С. Баланың психологиялық дамуындағы ойын және оның рөлі // Психология мәселелері, 1996 ж.





Джумагулова Арай Серикболовна,
Абай облысы, Семей қаласы,
№4 «Балдаурен» бөбекжайының музыка жетекшісі

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамытудағы музыкаграмма - әдісінің рөлі

Қазіргі заман жаңашылдық, жаңа көзқарастар, жаңалықтар заманы десек, оған сәйкес музыкаграмма ұйымдастырылған іс - әрекетінде кеңінен, қарқынды да белсенді қолданылуда. Ол өз кезегінде музыкалық білім беру барысында мәтіндік, дыбыстық, кескіндемелік, бейнематериалдарды жаңаша қолдануға мүмкіндік береді.

Оқытудың белсенді әдістері мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамытудың тәсілдері ретінде музыкаграмма - көркемдік мәдениеттің бастауларын қалыптастыруға, баланың музыкалық қабілеттерін дамыту арқылы оның шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға бағытталады.


Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне бағдар алуының басты өзегі – өскелең ұрпақтың жаңа білімге деген құндылық бағдарын қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балалардың жан - жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаның танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Музыкаграмма - оқытудың белсенді әдістерінің бірі болғандықтан саз жетекшісімен балалардың бірлесе жүргізген іс - әрекеті баланың өзін - өзі дамытуының жолы болып табылады.

Визуалды ресурс арқылы саз жетекшісі жаңа материалдарды балаларға өте тартымды, әсерлі және тез қабылдап орындауларына көмектеседі. Экран арқылы балаларға әртүрлі ақпараттарды

мультимедиялық ресурстардың көмегімен түсіндіріп, қызығушылықтарын арттыра отырып, күрделі шығармаларды, пьесаларды, әндерді жеңіл түсіндіріп, графикалық кескіндемелер арқылы музыкалық туындыларды тыңдау өте ыңғайлы. Белгілі бір ортада әр баланың ақпаратты қабылдауы әртүрлі жүзеге асатыны баршамызға мәлім: бірі - тікелей тыңдағанды, екіншісі - бейнені қарағанды қаласа, үшіншісі - графикалық кескіндемені қолмен жүргізу және ырғақты соғу арқылы сезінсе, ал кейбіреулер тыңдау және көру арқылы қабылдайды.

Экран арқылы графикалық кескіндемені әуезді тышқанның көмегімен орындау





Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде шығармашылық дағдыларын дамыту барысында көркемдік және эстетикалық модернизациялаудың қазіргі проблемаларына сәйкес, ұйымдастырудың жаңатәсілдері қажет болды. Осы қажеттілікке байланысты өзімнің іс - тәжірибемде белсенді әдістің бірі - музыкаграмманы қолданамын.

Музыкаграмма әдісін - Бельгиялық музыка мұғалімі және композиторы Йос Вуйтак ойлап тапқан. Алғаш рет 1965 жылы пайда болған. Термин грек тілінен шыққан: мисіке - музыка, грамма - жазу, кескіндеме, анықтама деген мағынаны білдіреді. "Музыкаграмма" әдісі музыкалық шығармадағы музыкалық дамуды бейнелейтін графикалық кескіндемелер. Қазіргі уақытта кеңінен таралған белсенді тыңдау әдісі. Негізінде дыбыстарды графикалық түрде көрсететін сурет бар, ал бала музыканы тыңдап, ырғағын сезіне отырып, саусағымен жүргізеді. Мұндай ең қысқа әрекеттің өзі көңіл - күйге жағымды әсер етеді. Тұрақты және мағыналы ұйымдастырылған іс - әрекет барысында

балалармен жұмыс істеудің керемет құралы, тек музыканы зерттеуде ғана емес, сонымен қатар қолдың ептілігін жақсарту, визуалды - есту және моторлық үйлестіруді, музыкалық есте сақтауын, зейінін, сезімін, қиял және шығармашылық дағдыларын

дамытады. Музыкаграмма әдісін қолдану барысында математикалық ұғымдарды да қалыптастыруға болады. Мысалы: шеңбер, ирек, түзу сызық, доға, үшбұрыш, төртбұрыш және т.б.

Музыкаграмма алдымен музыкалық мектептерде ырғақты есту сезімін дамыту үшін ғана қолданылды. Бірақ уақыт өте келе, осы әдістің пайдасын бағалай отырып, музыкаграмма музыкалық терапияда да қолданыла бастады. Музыкалық ырғақты сезінудің күрделендірілген түрі сиқырлы түстер. Балалар түстерді саз жетекшісінің орындауында көру арқылы ырғақты дәл қайталап ойнауға машықтандырамын. Музыкаграмманы терең түсіну, бекіту мақсатында «Көңілді түстер ырғағын» іс - тәжірибемде қолданамын.

Балалардың орындауындағы "Көңілді түстер ырғағын"



Музыкаграмма - музыкалық сауаттылығы жоқ, ноталарды білмейтін балалардың ырғақты сезініп, түсінуі үшін қол жетімді шартты белгілермен ауыстырылады, олар шығарманың жалпы құрылымын қабылдауға көмектеседі. Мектепке дейінгі ортаңғы және ересектер топтарында музыкаграмманы саз жетекшісі балаларға алдын - ала дайындап

береді. Графикалық кескіндеме арқылы ырғақты ойын түрінде қолданады.

Музыканы тыңдаудың үлкен қиындығы - шығарманы тыңдау кезінде біз оның құрылымын көре алмаймыз. Сондықтан визуалды көріп, кеңістікте және ауада бейнелей отырып, шығарманың ырғағын сезінеді. Музыкаграмма-бұл біз есту арқылы қабылдай алатын музыкалық шығарманың графикалық көрінісі. Музыкаграмма әдісі - балалардықызықтыратын музыкалықаспекті, мысалы, музыкалық элементтер арқылы шығарманың ырғағын, әуенін, қарқынын, тембрін, динамикасымен жылдамдығын сезіп шығарманы орындауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс музыкалық оқиғалардың графикалық жазбасы, шығарманың динамикалық дамуының визуалды көрінісі. Балаларға тек классикалық жанрдағы шығарма, пьессаларды тыңдатып қана қоймай қазақ халқының халық әндерін, күйлерінде музыкаграмма яғни, графикалық кескіндеме арқылы тыңдай отырып орындауға деген қызығушылықтарын арттырамын.

«Қамажай» халық әнін топпен орындау сәтінен үзінді



Музыкаграмма арқылы тыңдаушы пассивті тыңдаудан гөрі белсенді тыңдау кезде музыканы естиді, түсінеді және одан ләззат алады. Тыңдауға дейін және тыңдау кезінде музыкаға деген белсенділігін, назары мен зейінін арттырады. Ең бастысы, графикалық кескіндеме тыңдаушыны түсінуге көмектеседі және тыңдауға қатысуға мәжбүр етеді. Музыкаграмма әдісін - қолдану

тапсырмаларды дәстүрлі емес жолмен орындауға ықпал етіп, музыкаға деген қызығушылықты жетілдіреді. Шығарманы мұқият тыңдау ұйымдастырылған іс - әрекеттің маңызды бөлігі болып табылады және музыкадан ләззат алуға да, үйренуге де ықпал етеді. Музыкаграмманың білім беру ресурсы ретіндегі маңызды ерекшелігі - ол кез - келген деңгейде қол жетімді.

Мектепалды тобында ұйымдастырылған іс - әрекет барысында мен балаларға түсінікті болу үшін музыкалық шығармаларды графикалық кескіндемелер арқылы бірнеше рет көрсетіп, түсіндіремін. Содан кейін балалардың өздері әуенді графикалық кескіндемемен сәйкестендіруге тырысып, белгілерді саусағымен қадағалайды. Мен шығарма, пьеса, әндерді таңдап беремін, ал балалар өздері өз музыкаграммасын дербес ойлап табуға тырысады.

Мектепалды тобының тәрбиеленушісі Нұрсұлтанның музыканы тыңдау барысында графикалық кескіндемені өзі ойлап, қимылды да үйлестіруі




П.Я.Гальперин: «Балаға берілетін білім оның көзіне көрінетіндей, құлағына естілетіндей және қолына ұстайтындай болуы керек, яғни бала білімді өзінің сезім

мүшелерімен терең сезінуі керек, сезімге әсер еткен білім ғана балада жеңіл қабылданып, ұзақ есінде сақталады» - деген болатын. Сондықтан музыкаграмма әдісі арқылы бала өзін іс-әрекетке қосып, бойындағы бар қабілетін көрсетуге мүмкіндік алады. Музыкаграмма арқылы балаға ықпал ету оның еркін, өнерге құштар, шығармашыл

тұлға болып қалыптасуына жол ашады. Мен өз іс-тәжірибемді музыкаграмма әдісін ұйымдастырылған іс-әрекетінде көбірек пайдалануға тырысамын.

Жаңашыл, жаңалыққа құмар, іздеп, шығармашыл, болашағы зор жас ұрпақты тәрбелеу сізбен біздің қолымызда құрметті әріптестер.





Чурекбаева Г. Гульмира Киргизхановна,

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы
КМҚК «Ұлан» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Ойната отырып, ойлы бала тәрбиелейік!

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға арналған заттық-дамытушы ортаны құру және ондағы бала мен ересектердің әрекеттері туралы әдістер ұсынылады.

Түйін сөз: Заттық-дамытушы орта, қызығушылықтар орталығы.

«Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек, себебі балаға айтып ұқтырғаннан гөрі бала көргеніне көп еліктегіш болып келеді, сондықтан балаға жақсы әдеттер мен мінездің көрінісін іспен көрсету керек»

Жүсіпбек Аймауытов

Бала өмірінің мектепке дейінгі кезеңіндегі жетекші әрекет – ойын екені баршаға мәлім. Дәл осы кезең баланың өміріне қажетті дағдыларды игерту және оларды дамыту кезеңі болып табылады. Балабақша тәрбиешісі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талабына сәйкес, балалардың қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша ашуға және дамытуға жағдай жасауы тиіс деп есептеймін. Ол үшін өзінің алдын - ала жоспарлаған әрекеттерін орындаумен шектеліп қана қоймай, баланың қызығушылығына да аса көңіл бөліп, баланың өзі таңдаған әрекет түрін ұйымдастыру қажет.

Қазіргі таңда ұйымдастырылған іс-әрекет уақытқа шектелмей, күні бойы балалардың түрлі әрекетін (ойын, еңбек, дербес, шығармашылық, зерттеу т.б.) кіріктіру арқылы ұйымдастырылуда және бұл балаға бағытталған тәсіл мен үшін өте

тиімді болуда. Күні бойы балалардың түрлі әрекетін кіріктіруге баланың жас ерекшелігін ескере отырып құрған заттық-дамытушы орта, қызығушылықтар орталығы үлкен рөл атқаратындығына көзім жетіп отыр.

Заттық-дамытушы орта қаншалықты өзінің талабына (қауіпсіз, қолжетімді, бай, көп атқарымды, өзгермелі т.б.) сай болған сайын өз идеяларын іске асыруға мүмкіндік туады. Тек біз тәрбиешілер баланың айналысып отырған әрекетінің арнасын бұзбай, ойнап отырған ойынының мазмұнын, ауқымын кеңейтуге бағыт-бағдар беру арқылы перспективалық жоспарға сәйкес міндеттердің шешілу жолдарын іске асырамыз. Дамытушы орта бала мен тәрбиешінің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек. Айтпағым, баланың бастаған әрекетін қостау арқылы Стандарттың талаптарын орындаймыз.

Заттық-дамытушы ортаны тек топ бөлмесінде ғана емес, сонымен қатар дәлізде, қабырғаға, жеке кабинеттерге ұйымдастыру арқылы баланың қызығушылығын арттыруға да мүмкіндік бар. Тек сол заттық-дамытушы орта баланың жасына сай, балаға қандай да бір ақпарат беретіндей, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске


асыратындай ұйымдастырылса болғаны. Қалған әрекет баланыкі.

Мектеп жасына дейінгі балалар еліктегіш, яғни үлкендердің әрекетін қайталап, соны ойын арқылы жаңғыртқанды ұнатады. Осы орайда, өз практикадан байқағаным балалар сюжеттік-рөлдік ойындар орталығында, театрландырылған ойындарға арналған орталықтарда көп ойнайды. Орталықтарда балалар тек ойнап қана қоймай, құрдастарымен диалогтік, монологтік қарым-қатынас жасап, сөздік

қорлары толықтырылады. Өзін еркін ұстап, балалар өздері сомдаған кейіпкерлерінің күтпеген қырларын көрсете отырып ашылады. Ұялшақ балаларда сенімділік пен белсенділік пайда болады. Демек, балаларда байқалған дағдылар мен қасиеттердің белсенділігін арттыру үшін мен орталықтарды түрлендіріп отыруды, балаларға қызықты, әрі тартымды, заманауи материалдардан жасасам, балалардың ойнауға деген құштарлығын арттырамын деген ойдамын.

Әдебиеттер

1. *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.*
2. *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық.*
3. *Вестник Карагандинского университета.*
4. *Данашева А. Заттық-дамытушы ортаның ұйымдастырылу тәртібі // Бастауыш мектеп. № 10., 14 б.*





Островская Ирина Анатольевна,
преподаватель ИЗО ясли-сада «Ақ бота»,
город Петропавловск, Северо-Казахстанская область
e-mail: dsak_bota@mail.ru



Ешкеева Светлана Васильевна,
Методист ясли-сада «Ақ бота»,
город Петропавловск, Северо-Казахстанская область
e-mail: dsak_bota@mail.ru

Играем и фантазируем

Аннотация. В данной статье рассматривается полифункциональное пособие «Умный дом» для детей дошкольного возраста, где представлены разные виды творческих игр.

Ключевые слова: пособие «Умный дом», дидактическая игра, творческие игры.

Игра - это огромное светлое нежное, через которое в духовный мир ребенка вливается живительный поток представлений и понятий об окружающем мире.

Игра - это искра, зажигающая огонек пытливости и любознательности.

Сухомлинский В. А.

Игра всегда имеет определённую цель. В дидактических играх этой целью является познание, развитие ребенка. Ценность игровой деятельности заключается и в том, что она обладает наибольшими возможностями для формирования детской вариативной самостоятельности, а творческая деятельность позволяет детям уже на самых ранних стадиях развития создавать самодеятельным путем те или иные формы своего творческого выражения. Например, профессионально организованная игра поможет открыть в ребенке неповторимую индивидуальность, через которую он сможет более полно реализовать себя в учебе, творчестве и в общении с другими.

Мы хотим познакомить вас с некоторыми

играми, которые можно проводить с детьми индивидуально или малыми группами, либо предложить детям для самостоятельной деятельности, используя такое креативное пособие как «Умный дом», созданное педагогами я/сада «Ақ бота» и предложить разные варианты творческих игр на развитие коммуникабельности, творческой самостоятельности, и креативности, а возможность поэтапного усложнения предполагает применение игр как в младшем, так и в старшем дошкольном возрасте.

Дидактическая игра «Чудесный лес»

Задача: научить детей создавать в воображении сюжет картины и выкладывать ее на игровой плоскости пособия «Умный дом», используя предложенные шаблоны.

Материалы

Шаблоны с изображением разноцветных, по сезонам года, листьев разных пород деревьев: дуб, береза, клен. Шаблоны облаков, тучек, солнышка, грибочков, цветов и т.д. Педагог предлагает послушать стихотворение или небольшой рассказ о

лесе, и выложить пейзаж используя шаблоны птиц, животных, листьев и отразив сезон года.



Для детей старшего возраста задание можно усложнить: Отрадите погоду! О каком дереве шла речь в стихотворении, изложении, используйте шаблоны листьев, принадлежащих именно этому дереву.

Предложить для выбора шаблоны животных без классификации. Обратит внимание на то, что нужно быть внимательными и учитывать размеры шаблонов животных или птиц.

Сюжет картины можно развивать и обыгрывать согласно фантазиям ребенка, побуждать на комментируемые действия: В осеннем лесу, под кустом сидит заяц (среди нескольких шаблонов с изображением животного ребенок должен отыскать зайчика нужного размера, окраски).

Согласно изменениям в перспективе, если заяц убегает вдаль с появлением лисы, медведя или по какой-либо иной детской задумке, то меняется и размер шаблона зайца...

На предлагаемой плоскости пособия «Умный дом» со статичным изображением дерева, приемом накладывания фетровых шаблонов можно изображать сюжеты из

любимых сказок: «Лисичка со скалочкой», «Мешок яблок», можно использовать как цветные образы, так и шаблоны теневого театра, например «Репка».

Дидактическая игра «Создай узор для ковра -самолета»

Задачи: закреплять знания принадлежности элементов к той или иной росписи, учить различать их, уметь составлять узоры согласно своей задумке, развивать чувство ритма и симметрии

Для детей младшего возраста предлагаются элементы орнаментов определенной росписи, образцы узора (сделай как я).

Для средней группы: Выбери элементы орнамента из двух-трех видов и укрась ковер-самолет как тебе хочется, с учетом ритма и симметрии. (предложить элементы орнаментов кардинально разных росписей: гжель, хохлома, элементы казахских народных узоров).

Для старших групп: Создай узор определенной росписи расположив его в квадрате по диагонали, в квадрате, по кругу самостоятельно подобрав элементы узора, не путая их принадлежности.

Игры-исследования.

Задачи: побудить детей опытным путем выяснить, что получится если... применить в своем творчестве новый изо- прием, смешать тот или иной цвет, рисовать тем или иным нетрадиционным для рисования предметом, материалом или познакомиться с возможностями новых красок(витражные) или создать изобразительный материал самим. Развивать любознательность и творческую смелость.

Дидактическая игра «Краска, краска, подружись!

Новый цвет (оттенок) появится!»

Задачи: учить смешивать разные цвета красок, знать и называть их производные.

Материал и оборудование

Гуашь, маленькие ложечки или палочки от мороженого для удобства набора краски, палитры, листы бумаги, кисти, вода, салфетки, рисунок –раскраска с изображением контура апельсина, мандарина.

Проблемная ситуация: что бывает оранжевого цвета (апельсин)

Как раскрасить, если нужного оттенка нет.

Пробуем смешать желтую и красную краски на палитре...

Средняя группа: подружим (смешаем) в равных пропорциях красную и желтую краски (гуашь). Кистью набираем красную краску и кладем в окошечко палитры, кисть промываем и набираем желтую. Какой цвет получился? Оранжевый! Кистью закрашиваем рисунок апельсина (мандарина)...

Мандарин на веточке с листочком.

Как получить оранжевый цвет мы знаем. А зеленый?

Вырезаем яркие фрукты ножницами, украшаем дерево на пособии «Умный дом»

Старшая группа: смешиваем краски для получения сложных оттенков: Бордовый. (Две трети красного цвета, одна коричневого). Что нарисуем этим цветом?

Фиолетовый (две трети бордового одна синего). Что нарисуем этим цветом?

Сиреневый (фиолетовый плюс белый) ...? Гроздь сирени! Плоды сливы.

Вырезаем, украшаем «Умный дом»

Дидактическая игра «Что получится, если...»

Задачи: учить знать части лица, уметь составить задуманный портрет с определенным выражением чувств. Побудить с помощью разных шаблонов частей лица, головы (нос, губы, глаза, овал лица, волосы, уши, брови-основные. Борода, усы, разной формы брови-дополнительные) создать портреты.

Средняя группа: Составь портрет девочки, мальчика. Надень головной убор.

Старшая группа: Составь портрет: папы, мамы, дедушки, Отрази печаль, радость, удивление разным расположением определенных частей лица, подбери правильный шаблон «улыбки», удивленных глаз, расположи правильно брови. Определи «прическу». Надень головной убор.



- Кто получился? Расскажи!

Дидактическая игра «Сезонная трансформация»

Задачи: учить знать сезоны года, состояние погоды, относящееся к каждому сезону. «Одевать куклу» согласно предложенной ситуации.

Средняя группа. Педагог располагает зеленые (желтые) листья на дереве. Оденьте куклу на прогулку по сезону. А если ветрено? Летом бывает дождь? Что возьмем?

Старшая группа. Педагог зачитывает отрывок из произведения с описанием природы для определения детьми сезона года, состояния погоды и предлагает одеть куклу согласно погоде, используя элементы одежды из трафаретов «Умный дом».

Дидактическая игра «Мой Казахстан»


Задачи: побудить выложить на игровую плоскость пособия, шаблоны предметов, относящиеся к казахскому национальному быту, ремеслам, государственной символике, выбрав их из нескольких видов шаблонов, принадлежащих к образцам узоров, государственной символике, предметов быта другой или нескольких национальностей.

Воспитывать патриотичность. Развивать кругозор, умение анализировать.

Таким образом, игра, как важное психолого-педагогическое средство развития и воспитания, вводит ребёнка в жизнь, в общение с окружающими, с природой, способствует приобретению знаний, развивает самостоятельность, индивидуальность.

Список литературы

1. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения, утвержденная приказом Министра просвещения Республики Казахстан от 14 октября 2022 года № 422.
2. Чен Н.В. Дидактическая игра – основа развития воображения и фантазии // Искусство. Все для учителя. – 2011. – №3. – С. 6-10.
3. Дрезнина М.Г. Каждый ребёнок-художник: Обучение дошкольников рисованию. - М., 2002. – 121 с.





Аушева Инна Сергеевна,
учитель-логопед ясли-сада «Снегурочка»,
город Шахтинск, Карагандинская область
e-mail: m_inna_s@bk.ru

Патриотическое воспитание детей дошкольного возраста через комплекс инновационных игр

Аннотация. В статье рассматриваются важность и преимущества использования инновационных технологий в работе по патриотическому воспитанию дошкольников, приводятся примеры таких технологий и предлагаются рекомендации по их использованию для повышения эффективности нравственно-патриотического воспитания детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: патриотическое воспитание, инновационные технологии, традиции и обычаи казахского народа, национальные ценности, кроссенс, круги Луллия, сторителлинг.

Жеті атасын білмеген – жетесіз – кто не знает своих предков, тот является неучем, гласит казахская народная пословица. Также и каждый из нас должен знать и чтить традиции и обычаи нашего народа. Знать свою культуру – значит знать и понимать весь мир [1]. С этой целью, начиная с самого раннего возраста, мы приобщаем детей к истокам, обычаям и традициям, верованиям своего народа. Для детей дошкольного возраста достаточно сложно воспринимать и запоминать названия казахских обрядов, традиций их составляющих, и чтобы облегчить работу в данном направлении, удержать внимание и заинтересованность дошкольников был разработан комплекс инновационных «Методу ИГР». Цель данного комплекса – нравственно-патриотическое воспитание детей дошкольного возраста на основе национальных ценностей. Ниже приведен пример разработанных игр на

основе инновационных технологий.

Круги Луллия «Обычаи и обряды казахского народа». Технология работы с пособием заключается в том, чтобы найти сходства в сочетании двух картинок, сопоставить их с помощью специальной рамки [2]. В игровой форме дети с легкостью запоминают названия обрядов, называют составляющие предметы необходимые для их проведения. Например, для обряда Сырға салу нужны сережки. В проведении обряда Қырқыннан шығару используют монеты. Также благодаря данной технологии не возникает сложности в запоминании содержания проводимых обрядов. Ребенок соединяет обряд Ат қою и цифру 3, объясняя свой выбор тем, что при проведении этого обряда, малышу произносят на ушко имя 3 раза. Соединяют цифру 7 и Бесікке салу, при проведении обряда малыша накрывали семью вещами.



«Палочки Кюизенера», «Танграм». Создавая развивающие альбомы с национальной тематикой, мы ставим перед собой цель, приобщение детей к культуре казахского народа, через инновационные технологии. Разработанные карточки можно использовать как способом наложения на рисунок, так и самостоятельное выкладывание. Выкладывая рисунок, ребенок называет составляющие юрты, природные ресурсы Казахстана, пересказывает казахские народные сказки, а также разучивает обычаи и обряды.



Сторителлинг «Әңгімеші». Данная технология дословно переводится как, «рассказывай истории». Игра представлена в виде 12 окошек, поверх окошек перевернутые карточки, с разнообразной тематикой. Перевернув одну карточку, ребенок начинает свой рассказ с определенной фразы: Давным-давно или Жили-были, Случилось это... Следующий игрок переворачивает карточку и продолжает рассказ, связывая его с предыдущим высказыванием. В заключении делается вывод, в виде повторения всех предложений участников [3]. Также в данной игре можно использовать игровой кубик, на гранях которого разноцветные асыки. Какой асык выпадает, ту карточку и переворачивает ребенок, составляет предложения с попавшимся изображением.

Технология «Кроссенс». Кроссенс по аналогии «кроссворд». Только вместо пустых клеток мы видим изображения, которые необходимо разгадать. Разгадать Кроссенс – это составить рассказ, используя ассоциативную цепочку, посредством взаимосвязи изображений.



Игра «Ходилки». Данное пособие может отображать разную тематику – это могут быть казахские национальные игры, блюда, обычаи и обряды, одежда. Дети с большим увлечением включаются в данную игру, учатся размышлять, думать, сопереживать, находить контакт со сверстниками. Играя, дети общаются, а значит, развивается речь, пополняется словарный запас, оттачиваются навыки общения и коммуникации. Игры «Ходилки» могут быть запланированы в течение всей организованной деятельности, решать задачи Типовой программы дошкольного воспитания и обучения.



«Додекаэдр» - это двенадцатигранник, который используется как в организованной деятельности, так и в режимных моментах. Перекидывая друг другу мяч, мы можем запланировать множество задач - развитие умения исследовать объекты,

устанавливать взаимосвязи, делать выводы (Додекаэдр «Одежда казахского народа», «Национальные блюда»); развитие словаря, связной речи, умения составлять рассказ или пересказ о традициях и обрядах казахского народа, находить сходства и различия разных народов (Додекаэдр «Игры казахского народа», «Традиции и обряды казахского народа с QR кодом», «Сказки казахского и русского народа»).



Таким образом, применение инновационных технологий в патриотическом воспитании показывает высокие результаты в знаниях традиций, Родины, города, края и нации у дошкольников. Благодаря целенаправленной и систематической работе дети воспитываются с активной жизненной позицией, уважающими Родину, достижения своего народа, чувствующими причастность к родному краю, его истории, традициям, готовыми к выполнению своих гражданских обязанностей.

Список литературы

1. *Казахские традиции, связанные с рождением и дальнейшим воспитанием детей // Музыкальное искусство. – 2023. – <https://yandex.kz/video/preview/2037136630884584740>*
2. Симмонс А. *Сторителлинг. Как использовать силу историй.* - М.: Манн, Иванов и Фербер, 2013. - 177 с.
3. Корзун А.В. *Веселая дидактика: элементы ТРИЗ и РТВ в работе с дошкольниками.* - М., 2000. - 113 с.



Сарсембина Бақыткүл Қуандыққызы,

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің

Балаларды ерте дамыту институты

Мониторинг және талдау департаментінің аға сарапшысы

Балалар әдебиетіндегі ертегілердің тәрбиелік мәні

Баланы ерте жастан тәрбиелеу, дамыту қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Баланың ойлауын дамытып қана қоймай батылдыққа, шыншылдыққа, әділдікке тәрбиелеп, жеке тұлғаны жетілдіруде балалар әдебиетінің орны ерекше. Балалар әдебиеті халық ауыз әдебиеті арқылы қалыптасқан. Халық жақсысын балаға арнаған, ең жақсы сөзді балаға айтқан, баланы жөнімен еркелетіп, баққан. Ерте кезде балабақша болмасада халық ұрпағын бесік жыры, ертегілер, әңгімелер арқылы тәрбиелеген. Бұл дәстүр халық ауыз әдебиетінен айқын көрінді. Ғасырдан ғасырға жалғасын тауып келе халық ауыз әдебиеті, ұлттың мәдениеті қазіргі уақытта да өзекті.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «Ерте жастан бастап балалар әдебиеті мен халық ауыз әдебиеті арқылы қазақ халқының мәдениетін сақтау және мұра ету – бұл баланы қазақ халқының мәдени-тарихи кодына сәйкес баулудың және балада өзіндік сана-сезімді тәрбиелеудің әмбебап тәсілі» делінген.

Халық ғұлама ғалымдарды, суырып салма ақындарды, Төле бидің сөзімен айтқанда «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» сынды билерді, «Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» ел қорғаған батырларды тәрбиелеген. Балаға бесіктен бастап бесік жыры, ертегі, батырлар жырын айтып берген. Бәбек жасынан бастап ертегі, жыр тыңдап өскен баланың есте сақтау

қабілетінің жоғары болатындығын білген. Ертегілер, жаңылтпаштар, жұмбақтар арқылы баланың сөздік қорын байытып, дұрыс әрі терең ойлауға үйреткен.

Балалар әдебиетін ғылыми мазмұнда зерттеген қазақтың ұлы жазушысы, белгілі академик Мұхтар Әуезов ертегі туралы: «... ертегі деп баяғы замандағы елдің дүниеге көзқарасын білдіретін, я сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін, онан соң белгілі елдің салтын білдіретін, арнаулы үлгі айтатын; жамандықты жерлеп, жақсылықты көтеріп айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады»- деп жазған еді [1].

Ертегілердің халық өміріндегі маңызы жоғары болған. Мәселен, Шоқан Уәлиханов алғашқы зерттеу жұмысы ертегіні жинақтаудан бастап, қазақ ертегілерін алғаш зерттеді. Ал, Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ ертегілерін мол қорын жинақтап кетті. Қазақ халқының фольклорын зерттеген көрнекті ғалым Ә.А. Диваев Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы: «Көпеев бүкіл дерлік қазақ даласын, Түркістан өлкесін аралап, көптеген адамдармен, суырып салма жыршылармен кездесті. Өзінің белгілі адамдармен әңгімелерін, олардың айтқандарын, маңызды нақылдарын, ұтымды өткір сөздерін өзінің дәптеріне, күнделігіне жазып отырады. Оның үстіне ол орыс, татар ғалымдары мен жазушыларының қазақ жайындағы жазбаларын зейін қоя зерттеді. Қазақтың әдебиеті мен тарихы жөнінде бағалы материалдар жинады», - деп айтып кеткен [2].

Ертегілердің көбісі XIX ғасырда Омбы мен Орынборда шығатын газеттерде жарияланған. Мәселен, көптеген ертегілер «Дала уалаяты» газетінде, «Тургайские областные ведомости», «Асмолинские областные ведомости», «Оренбургские губернские ведомости», «Астраханские ведомости» т.б. басылымдарда жарық көрген. Қазақ жеріне келген саяхатшылардың, зерттеушілердің көбісі халықтың фольклорына ерекше назар адарған. Сол арқылы ұлттың рухани болмысына баға берген.

Сондай зерттеушілердің бірі белгілі ғалым А.В. Васильев 1890 жылдардан бастап халық арасынан ертегілерді жинай бастаған. Ол көбінесе ертегілерді Торғай облысында тұратын қазақтардан жазып алған [3]. Белгілі ғалымның «Образцы киргизкой народной словесности» еңбегіне халық арасынан жазып алған қазақ ертегілері енген. Сонымен қатар В.В. Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен» атты 10 томдық жинақтарында қазақ халқының эпостық жырлары мен ертегілері басылған. В.В. Радлов қазақ ертегілерін зерттей келе «Өзге туыстас елдерінен қазақтың ерекшелігі - сөз орамына шебер және тамаша шешен» деп жоғары баға берген [4]. Сондай-ақ, 1952 жылы профессор В. Сидельниковтың басқаруымен «Казахские народные сказки» еңбегі де жарық көрген.

Ертегі халық арасында ауызша тараған. Сонымен қатар, халық ертегілерінің ағартушылық қызмет атқарғандығын да ескеру шарт. Қазақ даласында ақ жаулықты аналарымыз бен асыл қазына әжелеріміз арқылы ертегілер де ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, сақталып отырған. Ертегі айту арқылы ұрпағының бойында ізгі қасиеттерді қалыптастырып, толық адам болудың іргетасын қалаған. Кез-келген қазақтың баласы жастайынан ертегі тыңдап өскен. Сондықтан да, халықтың өміріне, халқына жақын болған.

Шоқан Уәлиханов «Қазақ шежіресі» еңбегінде: «Ұлағатты ескі сөздерде Жәнібек ақылдылығымен Әз атанған, қазақтар оны Әз-Жәнібек дейді. Әз-Жәнібектің дана,

білгір, шешен биі - Жиренше Шешен болған. Жиренше Шешен айтыпты деген қанатты сөздер қазақ арасында өте көп. Жиренше есімінің ел арасында тапқырлық пен шешендіктің символы болуы, Жәнібек хан мен Жиренше Шешеннің қосарлана айтылуы тегін болмаса керек» - деп те жазған [1]. Ақылдылықтың, тапқырлықтың, шешендіктің символына айналған Әз-Жәнібек пен Жиренше Шешен бейнесі арқылы талай ұрпақ тәрбиеленген-ді.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде кейіпкер ретінде төрт түлік малдың ішінде көбінесе жылқыны қасиетті жануар деп санаған. «Ер Төстік» «Шалқұйрық», «Керқұла атты Кендебай» ертегілерінде тұлпар кейіпкері «айшылық алыс жерлерден» үнемі көмекке келетін дос, ақылшысы ретінде сипатталады. Желаяқ, Таусоғар, Көлтаусар кейіпкерлері мейрімділік пен жанашырлықты, достықты насихаттайды. Сондай-ақ, «Тазша бала» ертегісі ақылдылыққа алғырлыққа, тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелейді. Ақыл-парасатымен қиындықты жеңіп шығып, әділеттілік орнатады. Осылайша, халық даналығы ұлтты тәрбиелеген. Нәтижесінде, бір сөзді, турашыл, өтірік айтпайтын, елжанды адам қалыптасқан.

Көрнекті әдебиет зерттеушісі, жазушы Шеген Ахметовтың 1966 жылы жазған «Қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрі» мақаласында: «Тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген. Мейрімді болуға тәрбиелеген. Тіл алғыш елгезек бол деп үйреткен. Бұл еңбекке баулудың алғашқы көрінісі болатын. Адалдықпен пен шындыққа баулуды көздеген. Білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақ болма, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңіре берген. Үлкенді, ата-ананы сыйлауға үйретуді басты міндет етіп қойған. «Кісі айыбын бетіне баспа», - дейді халық тәрбиесі. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз емес, қарып-қасерлердің табиғи кемдігін көрсетпе деген сөз. ел қорғаны батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді үйретеді» - деп атап көрсетеді [5].

Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ертегіге қатысты ғылыми ойларын жазған-ды. «Ертегілер өтірік болғанмен, мағынасыз болмайды. Көбінесе ішкергі астарлы мағынасымен өнегелі келеді. Жақсылық, жамандық, достық, қастық, арамдық, адалдық, батырлық, қорқақтық, ептілік, шорқақтық, қулық, аңқаулық, тағысын тағы сондай жақтан өнеге болу, тәлім-тәрбие беру мақсатымен шығарған әңгімелер екендігі сезіледі. Бірақ ертегі дүниедегі қалыптың жағдайына қарамай, бәрінен қиял бетімен өтеді. Сондықтан ертегіде жаны жоқтар жанды болады, тілі жоқтар тілді болады. Бір нәрсе екінші нәрсенің түріне түсіп кетеді.

Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары: 1. Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі тіл жағына керек нәрсе. 2. Бала әдебиеті жоқ жерде ертегі баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор керегі бар нәрсе. Баланы қиялдандыруға, сөйлеуге үйретеді. 3. Бұрынғылардың сана-саңлау, қалпы-салты жағынан дерек берумен керегі бар нәрсе» [6], - дей келе ертегіге қарап, көне замандағы аталарымыздың өткен тіршіліктерін жорамалдауға болатындығын, осыған орай елде тұрған адамдар ертегілерді жинап, жоғалмасына қызмет қылу борышым деп білу керектігін де жазды.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы ертегісімек ұғымын түсіндіріп кеткен еді. «Ертегісімек деп ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден гөрі әдемірек, шынға бейімірек, тұрмысқа жақынырақ, дүниеде болуға ықтималы молырақ түрде шығарған әңгіме айтылады. Мәселен, «Алдар көсе», «Жиренше шешен», «Қожанасыр», «Атымтай жомарт» сияқты адамдар турасындағы әңгімелер», - дей келе, ертегісімектің шынға жақын әңгіме екендігін ұғындырған.

Жалпы ертегі тыңдаған баланың көңіл-күйі жақсы, жаны жайсаң азамат болып өсетіндігін ғалымдар талай мәрте айтып та, жазып та жүр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында балалардың жас ерекшелігіне сәйкес көркем шығармалар оқып беру, бесік жырларын, халық әндерін, ертегілер тыңдауға үйрету туралы жазылған [7]. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда көркем әдебиетке, кітаптарға деген қызығушылықтарын оятуда ертегілердің атқаратын рөлі зор. Кітаптағы суреттерді балалармен бірге қарау, ертегі кейіпкерлері әрекеттерін талдау, жанашырлық таныту, баланың пікірін тыңдау баланың болашағына ықпал етері сөзсіз.

Қорыта айтқанда, балаларды рухани құндылықтарға тәрбиелеуде ертегілердің атқаратын рөлі зор. Жаны жайсаң, тұлғалық қасиеттері мол адам-ұлттың тірегі, біздің болашағымыз.

Әдебиеттер

1. Н. Қанафияұлы. Шоқан-әдебиетші, публицист. - Алматы: Қазақстан, 1998 -184 б.
2. Н.С.Смирнова, Г.М Гумарова, М.С. Сильченко, Т.С.Сыдыков. Казахская народная поэзия.- Алма-Ата.- 1964. – 256 б.
3. Матыжан Кенжехан. Рухани уыз (Казахский детский фольклор).- Алматы.- 1995. -140 с.
4. М. Әуезов. Ертегілер.- Алматы. -1957ж.
5. Ә. Марғұлан. Ежелгі мәдениет куәгерлері.-Алматы.-1966 ж.
6. А. Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш.-Алматы: «Атамұра», 2003.-208 б.
7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы)



Мусина Айнагуль Сериковна,

Ақтөбе облысы, Қобда ауданы

Қобда аудандық білім бөлімінің әдіскері

Мектепке дейінгі ұйымдар жұмысын жүйелі ұйымдастырудың тиімділігі

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін 2021 жылдан бастап трансформациялау басталды. Бұл мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дамыту моделі. Модель қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ету, дені сау, дербес, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыруға тәрбиелеумен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындайды. Модельдің өзара әріптестік іс-қимыл орнату арқылы ата-аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз ету міндетін жүзеге асыру бағытында ауданымызда 16 кеңес беру бөлімшелері жұмыс жасайды. Кеңес беру бөлімшесінің негізгі мақсаты – балаларды ерте жастан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға жұмылдыру, балабақшаға келмейтін балалардың ата-анасымен жұмыс жүргізу болып табылады. Жұмыстың нәтижесінде балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту 3%-ға өсіп, 99,8%-ды құрады.

Қобда ауданы бойынша балаларды ерте жастан мектепке дейінгі ұйымдармен қамту үшін ауданда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін барлығы 27 мектепке дейінгі ұйым жұмыс атқарады, оның ішінде өз алдына бөлек 14 балабақша және 4 мектеп-балабақша мен 9 жалпы білім беретін мектеп жанындағы шағын орталық бар.

Аудан бойынша 0 жастан 6 жасқа дейінгі балалар саны – 1335. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиеленушілер саны – 847 бала, мектепке дейінгі шағын орталықта 111 бала болса, мектепалды даярлық сыныптарында барлығы - 265 бала бар. Яғни аудандағы мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиеленушілер саны 1223 баланы құрайды.

Бүгінгі таңда ауданымызда мектепке дейінгі білім беру саласында 112 педагог қызмет етуде: 64 (57%) жоғары білімді; оның ішінде мектепке дейінгі педагогтер саны мектепке дейінгі біліммен 52 (81%) болса, 48(43%) арнаулы орта біліммен, оның ішінде 44(92%) педагог мектепке дейінгі білім мамандығы бойынша еңбек етуде. Педагогтердің біліктілік санаты бойынша сапалық құрамы-50% (педагог-зерттеуші-17, педагог-сарапшы-39), 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда (49%) - +12% өсім байқалады.

Педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау, жаңаны құру және жүзеге асыру қабілетін арттыру, педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетін көтеру, педагогикалық үрдісті тиімді әрі қызықты ұйымдастыру – жаңашыл әдіскердің басты мақсаты болып табылады. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 89 педагог, яғни 79,4% біліктілік арттыру курстарынан өтті, бұл өткен жылдың алты айымен салыстырғанда 27,6% өскендігін

көрсетеді. Бұл педагогтердің бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттілікті қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік береді.

Педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеумен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау міндеті аясында педагогтердің шеберлік деңгейін анықтау және оны үнемі арттыру, мектепке дейінгі ұйым жүйесінде маңызды орын алатын әдістемелік жұмыстың басым бағыттары. Әдістемелік жұмысымда МДҰ педагогтерінің қызмет нәтижелерімен өзара тығыз байланыста болу және әр педагогтің үздіксіз дамуын және шығармашылық қабілетінің артуын қамтамасыз ету. Осы міндетті орындау мақсатында педагогтердің шығармашылық топтарын ұйымдастыру бағытында ауданда озат педагогикалық тәжірибе тарату және тәжірибеге жаңа технология элементтерін енгізу үшін «Ізденіс» атты шығармашылық топ құрылды. Шығармашылық топ жұмысы жоспарлы түрде орындалып, жұмыстың жүйелілігіне мониторинг жүргізілді.

Ауданымызда жетекші мектепке дейінгі ұйымдарға серіктес МДҰ-дар тағайындалып, біріккен жұмыс жүргізілуде. Осы серіктестікті құру жолында нәтижеге бағдарланған, бәсекеге қабілетті білім алу жағдайы жасалынды, байқауларға қатысу тиімділігі, балалардың дамуы мен қызығушылығы артты. Серіктес балабақшалар аудандық, облыстық, республикалық деңгейде өткізілетін байқауларды өз араларында ұйымдастырып, талқылап ең жоғары деңгейде ұйымдастырылған қатысушыны аудандық білім бөлімінің шығармашылық топ ұжымына ұсынылып осындай топ сарапшыларынан өткен жұмыстар облысқа жолданып жатады. Шығармашылық топ өз біліктіліктерін әдістемелік кеңесте талқылап, ынтымақтаса жұмыс жасауы, кәсіби шеберліктерін шыңдауда аудандық, облыстық, республикалық семинарлар мен оқуларға қатысу және түрлі байқаулардан жүлдемен оралуы шығармашыл топ нәтижесі

деп білемін.

Инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеумен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау үшін ерекше қажеттілігі бар балаларға барынша қолайлы орта орнату, сапалы білім беруде тәрбиешілер мен ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бағытында іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар балабақшалар мен мектеп арасындағы қарым қатынасты нығайту мақсатында балабақша түлектері мен мектепті байланыстыру нәтижесінде колл-центр орталығы ашылды. Кез-келген ата-ана баласының болашақта қалаған мектепке жолдама алуға болатынын осы байланыс телефондары арқылы хабар алып отыруға мүмкіндігі бар.

Әдіскер жұмысының нәтижелілігі педагогтердің жетістігі. Мен үшін ұстаздың әрбір жетістігі, әрбір аттаған қадамы биікке жетелейтін сатыны қалыптастырады. Ол сатының алғашқы баспалдағы – үлкен тәжірибе, үлкен өмір мектебінің бастауы екені мәлім. Атап айтсам: “Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы” атты республикалық шебер-сынып байқауының облыстық кезеңінде жүлделі I орынмен, «Мектепке дейінгі ұйым – 2022» байқауының республикалық кезеңінің қорытындысы бойынша ауданымыздың «Нұрлы болашақ» балабақшасы жүлделі орынға ие болды. Сонымен бірге тәрбиеші Кусмагамбетова Улпан Рамазановна республикалық деңгейдегі Ерте дамыту институтының ұйымдастыруымен өткізілген «Мектепке дейінгі үздік педагог» сайысының аудандық кезеңіне қатысып облысқа жолдама алды. Облыстағы кезеңнен 1 орынды иеленіп келді. Сөз соңында әдіскерлік – ол бейімділік те, қызмет те, жай ғана мамандық та емес, ол жүрек қалауы, шығармашылық пен ізденіс көзі дегім келеді.



Кусаинова Айгуль Амангельдиновна,
Астана Халықаралық Университетінің Педагогикалық
колледжі, Мектепке дейінгі педагогика және
жеке әдістемелер оқытушысы

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамытуда сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің маңызы, дәстүрден тыс сурет салуды тәрбиеленушілерге үйрету әдістемесі ұсынылады.

Түйін сөздер: дәстүрден тыс сурет салу түрлері: монотопия, кляксография, граттаж т.б.

Адам баласының қоршаған ортаны бейнелеуге деген ынтасы ежелгі дәуірлерден басталған. Оған алғашқы адамдардың жартастарға, сүйектерге, мамонт мүйіздеріне және үңгірлерге бейнелеген суреттері дәлел. Ол бейнелер сол кездегі адамдардың тұрмыс-тіршілігін, қоршаған орта туралы өзіндік бір ойын сезімін білдіргендей. Осындай бейнелер негізінде біртіндеп жазу пайда болғанын зерттеулер дәлелдеп отыр. Алғашқы адамдар жасаған бейнелеу өнерінің үлгілері аяқ астынан пайда болған жетістік емес, ол көптеген жылдар бойы дамып жетілген тәжірибе мен дәстүрдің жемісі болатын. Сонымен алғашқы сурет салуға үйрену тікелей көргенді қайталау, яғни көргенді көшірумен сипатталды.

Алғашқы бейнелер үлкендердің тіршілік үшін жасаған еңбек процесімен, тіршілік көзі болған табиғатпен, жануарлармен тығыз байланысты болды. Ал, нағыз өнерге үйретуді, мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастыру тек өркениет дәуірінде пайда бола бастады.

Бейнелеу өнері бұл кез келген зат бетінде немесе объектіде графикалық құралдарды, сурет элементтерін және сызықтарды салатын тиісті техниканың түрі. Мектеп

жасына дейінгі балалар сурет салуды ерте жастан бастайтынын білеміз. Бала ес біле келе қолына қарындаш ұстап кез келген жерге белгісіз бейнелерді салып, өзінің бала қиялын жүзеге асырады. Бұл көбінесе отбасында орын алатын жайт. Осы жаста бала қарындашты дұрыс ұстай алмаса да, жолақты сызықтар, түсініксіз шимайлар сызуы баланың сурет салуға деген алғашқы талпынысы болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды бейнелеу әрекетіне үйрету күрделі әрі маңызды процесс. Бала бейнелеу өнеріне ынталы, қызығушылығы жоғары болғанымен оны тез арада меңгеріп кете алмайды. Бұл мектеп жасына дейінгі бала үшін біршама уақытты қажет ететін, дағдыларды қалыптастырумен айқындалады. Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту барысында бала тек сурет салып қана қоймай көптеген жағымды қасиеттерді де бойына сіңіреді. Балада байқағыштық, эстетикалық, көркемдік талғам, шығармашылық, түстерді ажырата білу, сұлулыққа құштарлық, сезімталдық т.б. дамып, жетіледі.

Мектепке дейінгі ұйымдағы

шығармашылық дағдыларды дамыту балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекеттер қызықты, мазмұнды, бірізді және жүйелілікпен жүргізілсе нәтижелі болары анық. Мұнда топтар арасындағы байланыс, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің өзара сабақтастығы, баланың меңгерген дағдыларын дамытып, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бала заттың суретін салу үшін оның әр бөлшегін, түсін, пішінін көре білуі қажет. Бұл түсінік балаға алдын ала беріліп, оны бейнелеген кезде толықтырып, тиянақтап отыру маңызды. Бейнелеу өнерінде баланың көргенін есте сақтауы, яғни көру аппаратының рөлі ерекше. Көргенін есте сақтау қабілеті балада бейнелеу іс-әрекеті барысында белсенді түрде қалыптасады.

Бейнелеу іс-әрекетінің негізгі міндеті – белгілі бір жастағы балаларға қол жетімді бейнелеу құралдарымен әр түрлі заттардың бейнелерін жасау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Балабақшада бейнелеу әрекетіне үйретудің маңыздылығы күн сайын артып келеді. Себебі, баланың бейнелеу өнерін меңгеруі ұсақ қол моторикасының дамуына, байланыстырып сөйлеуіне, өз – өзіне қызмет етіп, отырған орнын таза ұстап ұқыпты болуына, өз қиялын іске асыруына ықпал етеді. Сонымен қатар, баланың танымдық процестері дамып, өзіне сенімділігі қалыптасып, өзгенің еңбегін бағалауды үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды бейнелеу өнеріне үйрету төмендегідей түрлерді: жеке заттарды бейнелеу, сюжетті сурет салу және сәндік сурет салуды қамтиды. Ал, дәстүрлі емес бейнелеу өнерінің де өз орны бар.

Балалардың жеке заттарды бейнелеуі салатын заттың пішіні мен құрылымын бейнелеуді, бөліктерді пропорционалды салу, қарапайым қозғалыстарға байланысты өзгерістерге мән берумен айқындалады. Бейнелеген заттың түсін оның мазмұнына сәйкес беру, бояулардың түстерін ажырату,

құрал-жабдықтарды т.б. материалдарды ұқыпты пайдалану, бейнелеу өнерінің техникалық дағдыларын дамыту қарастырылады.

Балабақшада сюжеттік сурет салудың өзіндік ерекшеліктері мен міндеттері бар. Сюжеттік сурет салу барысында белгілі бір тақырыптың мазмұнын жеткізуге, объектілер арасындағы байланысты көрсетуге, қатынастарды дұрыс беріп, олардың кеңістікте орналасуына мән берген жөн. Сондай ақ, сюжеттік сурет салу барысында бала сюжеттегі басты кейіпкерді бейнелеп, ал қалған бөлшектерін өз қалауы бойынша орналастырады. Мұндай сурет салу барысында баланың қиялына шектеу қоймау керек. Сюжеттің мазмұнын түсініп, олардың өзара байланысына назар аударып, өзінше талдау жасағаны дұрыс. Мұндай сурет салу балалардың танымдық процестерінің дамуына зор ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды бейнелеу өнеріне үйретудің келесі түрі – сәндік сурет салу. Сәндік сурет бейнелеу өнерінің барлық түрлері сияқты баланың бойына сұлулық сезімін қалыптастырып, эстетикалық талғамын арттырады. Халықтың сәндік өнер туындыларының маңызын балаларға түсіндіріп, салған суретін әшекейлеп безендіру, техникалық дағдыларды меңгерумен байланысты болып табылады.

Әртүрлі формада өрнектер салу, түстердің үйлесімділігі мен дәлдігін түсіну, сәндік сурет салудың стилін меңгеруді білдіреді. Мұндай дағдылар балалардың бойына біртіндеп қалыптасады. Бұл жүйелі жұмыс жасауды және балалардың сол салатын заты туралы белгілі бір мөлшерде білімінің, таным түсінігінің болуын міндеттейді.

Дәстүрлі емес сурет салуға тоқталатын болсақ, бұл әдеттен тыс сурет салуды үйрету әдісі. Қазіргі инновациялық технологияның дамуымен бірге жаңаша ойлау, жаңаны қабылдау, үйрену, қолдану мектепке дейінгі білім беру жүйесіне де өз әсерін тигізіп жатыр. Дәстүрлі емес сурет салу көркем сюжеттер жасау үшін көптеген мүмкіндіктерді қолдануға жол ашып отыр.

Бұл әдіс арқылы әр түрлі құрал -жабдықтар, заттарды пайдаланып, балаларға сурет салудың ерекше тәсілдерін үйретуге болады.

Мысалы: саусақпен, алақанмен сурет салу, бор, май шам, монотопия, кляксография, граттаж т.б.түрлі таяқшалар т.б. салынған суреттер балаларға ерекше әсер ететіні белгілі. Балалар күнделікті қолданып көрмеген таныс емес заттары олардың қызығушылығын тудыратыны анық. Сондықтан, дәстүрден тыс сурет салу кезінде балабақша педагогтері балалардың қауіпсіздік мәселесін де естен шығармаған жөн. Мұндай әдістермен сурет салу кезінде түрлі әдістерді біріктіруге болады, нәтижесінде нақты әсерлі, қызықты суреттер пайда болуы мүмкін. Бұл педагогтің шығармашылыққабілетінежәне шеберлігіне бай Қазіргі уақытта бейнелеу іс –әрекетін ұйымдастыру әдістемесіндегі басым бағыт – ойын процесімен байланыстылығында. Бала ойын арқылы бейнелеу өнерінің маңызын, әдіс–тәсілдерін, бояулардың түрлерін,


қарындаш пен қылқаламды қылқаламды қолдану техникасын меңгереді. Бейнелеу өнері ұйымдастырылған іс–әрекетін өткізу балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, балада жаңа идеяның пайда болуы, көркем образ жасай білуімен маңызды [3].

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту сұлулықты сезіну, өнер туындысын түсініп, эстетикалық талғамын арттыру, мектепке дейінгі білім беру мазмұнының құрамдас бір бөлшегі. Бейнелеу өнеріне үйретудің маңыздылығы балалардың сурет салуымен ғана шектелмей, білек пен саусақ бұлшық еттерінің дамуына, көру, есту анализаторлары мен танымдық процестерінің дамуымен сипатталады. Бұл балалардың мектепте жазуға дайындығына оң әсерін тигізеді.

Қорыта келе, мектеп жасына дейінгі балаларды бейнелеу өнеріне үйрету кешенді жүзеге асыруды қажет етеді. Балалардың танымтүсінігін кеңейту, ұғымдарын пысықтау, игерген әдет-дағдыларын күнделікті өмірде пайдалана білуінің маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы)
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы)
3. <https://nsportal.ru/detskiy-sad/risovanie/2020/02/15/organizatsiya-i-metodika-izodeyatelnosti-v-detskom-sadu>
4. С.В.Иваннинова. Методика преподавания изобразительной деятельности. Учебно – методическое пособие. Елец 2014.
5. Ф.Н. Жұмабекова Ф.Н. Бейнелеу өнерінің әдістемесі Алматы ЕВЕРО 2014.





Сейтбекова Гульмира Жолдасқызы,

*Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының
оқу-әдістемелік орталығы «Мектепке дейінгі білім беруді
дамыту» бөлімінің әдіскері*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың жаңа бағдары

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі Республиканың мемлекеттік саясаты мектеп жасына дейінгі балаларға сапалы білім алу үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге және тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға бағытталған. Осыған орай, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауын орындау, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде Жамбыл облысы Білім басқармасының 2023 жылғы 10 тамыздағы №407-Ө бұйрығының негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибесіне мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы озат тәжірибені тарату және енгізу мақсатында Тараз қаласы, №35 «Ер Төстік» бөбекжай-бақшасы мен Жамбыл ауданы, «Нұршуақ» бөбекжай-бақшаларында құзыреттілік орталығы жұмыс жасайды.

Бүгінде облыс бойынша 14 құзыреттілік орталықтарына, 56 серіктес бөбекжай-бақшалары бекітілді. Құзыреттілік орталықтарының жұмысының нәтижесінде білім беру сапасының көрсеткіштері төмен мектепке дейінгі ұйымдардағы жағдайлары жақсарады, сапалы білім беру қызметтерін ұсынуда мектепке дейінгі ұйымдардың әлеуеті дамиды, педагогтердің шығармашылық кәсіби құзыреттіліктері

артады.

Қазіргі таңда осы құзыреттілік орталықтарының материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары ұйымдастырылды, бөбекжай-бақшалардың заттық-дамытушы орталары бағдарлама мазмұнын толық игеруге сай жабдықталды.

Облыс бойынша мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру мен тәрбие жұмысының сапасын, мектепке дейінгі педагогтердің оқу-тәрбие ісі бойынша кәсіби деңгейін арттыру мақсатында автомобильді топтар мен құзыреттілік орталықтарының қызметі тиімді қолданылып келеді. Атап айтатын болсақ, мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру, қоршаған ортаға сүйіспеншілігін, экологиялық сауаттылық дағдыларын арттыру мақсатында «ЕСО LAB» жобасы, мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен тығыз байланыс орнатуда «Әжелер мектебін» ұйымдастыру мақсатында «ЕРТЕГІ – FANTAZY» жобасы, мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру мақсатында «Асыл мұра» этнопедагогикалық жобасы, МДҰ заттық-дамыту орталықтарын дамыту мақсатында «SMART TOYS» жобалары жүзеге асырылады. Жоба аясында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктері артып, озық педагогикалық іс-тәжірибелері таратылады.

Білім басқармасының бұйрығымен бекітілген және Оқу-әдістемелік орталығының жұмыс жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен

бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін, «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту Моделін іске асыру: мектепке дейінгі білім беру деңгейіндегі сапалы трансформациясы» Жол картасының 4 тарау 38 тармағын жүзеге асыру, балаларды ерте жастан толыққанды дамыту үшін педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету мақсатында Білім басқармасының бұйрығы негізінде Жамбыл облысының мектепке дейінгі ұйымдарында балаларды ерте дамыту мәселелері бойынша аудандық (қалалық) әдістемелік орталықтар жанынан тәжірибелі педагогтерден мобильді топтар құрылды. Мобильді топтарының Ережесі, жұмыс жоспары, мобильді топтар құрамының тізімі бекітілді.

Оқу-әдістемелік орталықтың және аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің жанынан тәжірибелі, сарапшы, зерттеуші, шебер санаттары бар педагогтерден құрылған мобильді топтардың жұмысы аясында облыс және аудан деңгейінде әдістемелік шаралар өткізіліп (18 әдістемелік кеңес, 5 семинар, 8 вебинар, 3 шеберлік сынып, 3 коучинг, 4 байқау) облыс бойынша 4215 педагог қамтылды.

Атқарылған іс-шаралардың нәтижесінде:

- Педагогтерге, ата-аналарға әдістемелік көмек көрсетіледі;
- Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы қамтамасыз етіледі;
- Отбасымен ынтымақтастығы кеңейеді;
- Балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасалады;


- Ата-аналардың білім беру процесінің қатысушылары ретінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейі артады.

Педагогтер үшін You Tube каналында «Балақайлар мекені» атты үздік ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ертеңгіліктерді орналастыру айдары жұмыс жасайды. (6777 педагогтің 4001-ы тіркелген, 22317 қаралым, 121 бейнероликтер).

Баланың дамуы үшін мектепке дейінгі ұйыммен бірге ата-аналардың ортақ жуапкершілігін арттыру мақсатында You Tube арнасында «Бақытты отбасы» каналы ашылып жұмыс жасауда.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) үшін консультациялық пункттер ашылды. Облыс бойынша 117 кеңес беру пункттері жұмыс жасайды. Консультациялық пункттердің жұмысын жандандыру бағытында телеграмм каналында «Талантты бөбек» кеңес беру айдары және мектепке дейінгі ұйымдарға барамаған баллар үшін You Tube арнасында «Самға балапан» каналы жұмыс жасайды.

Ал бүгінгі балалар – ертеңгі көшбасшылар, еліміздің болашағы. Ал біз балаларды ертеңгі күннің талаптарына сай, заман көшінен қалмайтын, жан-жақты қабілетті етіп тәрбиелеуге тиіспіз. Ендеше, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі!





Курманбаева Нургуль Шораевна,
Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі
«Мектепке дейінгі тәрбие» бөлімінің
арнаулы пән оқытушысы



Алпамысова Толкын Акмырзаевна,
Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі
«Мектепке дейінгі тәрбие» бөлімінің
арнаулы пән оқытушысы

Тәрбиелеу-білім беру процесіндегі жаңа әдістер мен инновациялық технологияларды пайдалану

*«Өмірде ең өзекті жаңалықтардан да маңызды нәрсе бар:
ол – соған мүмкіндік берген әдістерді білу»
(Шығыс даналығы)*

Ұшқаны білінбейтін ұшқыр заманымызда білім мен ғылымның алар мәні зор. Қазіргі таңда елімізде білім берудің жаңа жүйесі қалыптасып, әлемдік деңгейде білім кеңістігі өзіндік ерекшелігімен алға басуға бағыталуда. Рухани, ұлттық құндылықты өрістетуге, тәуелсіздіктің ақ таңының нұрлы болуына, елді нығайтуға берік болатын ол - білім нәрі. Жаңашылдықты пайдалана отырып, жаһандану заманы қоғам өмірінің кез-келген аясында инновациялық-технологиялық дамытудың стратегиялық бағытына бет бұруды талап етуде. Бұл бағытты игерудің бағдаршамы - болашақ педагогтерге сапалы білім берумен өлшенеді. Кез-келген салада инновациялық тұрғыдан ойлап, іс-әрекеттерге жауап беретін, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, негізгі міндет болып табылады.

Жаңа педагогикалық технологиялар - педагогика ғылымының жаңа саласы. Инновациялықүрдістіңнегізі–жаңалықтарды

қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың біртұтас қызметі. Инновация - білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Оны «Жаңалық», «Жаңа әдіс», «Өзгеріс», «Жаңашылдық» яғни, «Жаңа әдістеме құралы» деп те атасақ қателеспейміз. Инновациялық технологияларды қолдану арқылы педагог өзінің тәжірибесін байытып, қызметін жеңілдетіп, белгілі бір нәтижеге қол жеткізеді. Нәтижеге жеткізу-педагогиканың ең асылзаты болып табылады. Негізгі ойды түсініп, шығармашылық көзқараспен қараған педагог қана жаңа технология негізінде жұмыс атқара алады.

Қазіргі таңда колледждерде де оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары арқылы үрдісті ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, болашақ ұрпақты тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, білімді маман қалыптастыруды мақсат етеді. Болашақ тәрбиеші мамандардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге, өз қабілетіне

қарай, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береміз. Олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін арттырып, жаңа технологияларды іс жүзінде қолдану, тәрбиелеу-білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді. Осылайша, болашақ педагогтің жеке тұлғаны зерттеуіне, тануына, білуге және тәрбиелеудің мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады.

Тәрбиелеу-білім беру үрдісін жаңаша ұйымдастыруды колледжден меңгеру, болашақ тәрбиешінің өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасайды және оның шығармашылығының өздігінен артуына септігін тигізеді.

Теориялық тұрғыдан меңгерген білімдерін болашақта практикада қолдана білетін мамандарды даярлау-біздің басты міндетіміз болғандықтан, болашақ тәрбиешілерді қазіргі таңдағы оқыту әдістеріміздің барысымен бөлісе кетейін. Алдымен, студенттерді жаңа тақырыпқа ендіру үшін бірнеше әдіс қолдануға болады. Бұл әдістер арқылы студенттердің логикалық ойлауын, қызығушылықтарын ояту мақсатында қолданылады.

Педагогика әрдайым білім мен дағдыларды ең көп сіңіре алатын тамаша оқыту жүйесін құруға ұмтылды. Жаңа білім беру басымдықтары педагогті оқыту мен тәрбиелеудің нақты нәтижелеріне қол жеткізуге көмектесетін қазіргі заманғы оқыту технологияларын іздеуге және енгізуге ынталандырады. Көптеген елдердің оқу орындарында Сингапурлық білім беру жүйесі қолданылады, біз де студенттерге Сингапурлық білім берудің тиімді әдістерін өз тәжірибемізде қолданамыз. Қолданылу барысынан үзінді келтіре кетейін:

Студенттерді 4 шағын топтарға бөліп, әр топ жұмыс материалымен (қағаз, ноутбук, қалам және т.б.) жабдықтап, үйлесімді команда құрамыз. Командалардың жұмысы арасында шулы әрекеттерді ұйымдастыру. Сигнал кезінде команда жылдам өзгереді, топтар араласады және жаңа топтар (төрт немесе жұп) қалыптасады. Сұрақ немесе жаңа тапсырма беріледі, шектеулі

уақыттарда студенттер ақпаратпен белсенді алмасады. Бұл әрекет барлық студенттерді қамтиды. Ұйымдастырушы тарапынан «Тоқтаңыз!» сигналы болғанда, өзін-өзі оқыту тоқтайды және педагог жалпы нәтижелерді қорытындылай бастайды.

Wi – Fi /Вай фай/ - педагог «Вай фай» сөзін айтып, қолын көтереді. Топ студенттері қолдарын көтеріп, тыныштық сақтап педагогке қарайды.

Class – Yes /Керемет – Иә/ - педагог «Керемет» сөзін жәй немесе қатты дауыспен айтады. Топ студенттері «Иә» сөзін педагог интонациясына қарай қайталайды. Олар педагогтің көзіне қарап тыныштық сақтайды.

ARGuide /Дейін және Кейін/ - педагог сабақтың ерекшелігіне қарай түрлі суреттер, мәтін, карта немесе тест сұрақтары арқылы ұйымдастырады.

CLOCK BADDIES /Достар уақытында/- белгілі бір уақыт ішінде арнайы бір тапсырманы орындаған топ болып есептеледі, өйткені сигналдан кейін команданың құрамы өзгереді.

ТЭК ОФ - ТАЧ ДАУН - «Көтеріңкі отыр» топпен таныстыру құрылымы және ақпарат алу. Сұрақ қойылған кезде студенттер оң жауап ретінде тұрып, келіспейтіндер отырды жалғастырады.

JOT THOUGHTS /Стол үстіндегі ой/ - әр командадағы студенттерге 4 кішкене қағазға жазбаша түрде жедел тапсырма беріп, оны дауыстап айту керек және сол 4 сөзден сөйлем құрастыру керек болады.

ТЕС - ТЕК - ТУУ - студенттердің сыни және креативті ойлауын дамыту, схемадағы міндетті сөздер бойынша ұсыныс жасау. Сөздер сандармен ауыстырылады, мысалы: STE ZE CLASS - «Аралас сынып» - студенттер өздеріне ең көп ойлар мен жауаптарды жинау үшін сыныпта еркін айналуға рұқсат етіледі. CORNERS /Бұрыштар/ - таңдаған нұсқаларына сәйкес сыныптың бұрыштарында студенттерді бөлу. SIMULTYNIUSS ROUND TABLE - топтың барлық төрт мүшелері жазбаша тапсырмаларды орындайтын құрылымды, содан кейін оны шеңбер тексеру үшін көршіге аударады. КУИЗ-КУИЗ-ТРЕЙД - «Сұрау-сұрастыру-

айырбастау карталары» - студенттер бір-бірін тексеріп, зерттелген материал бойынша жаттығады. TIME PEA SHEA - екі қатысушы тапсырмаға толық жауап береді. MIX PEA SHEA - музыкамен бірге топтардың ерікті араласуы, музыка аяқталғанда кездейсоқ жұпты қалыптастыру және қысқа жауаптар, тақырыбты талқылау немесе толығымен талқылау. MIX FREESE GROUP - студенттер тоқтап қалған кезде музыкамен араласады - қойылған сұрақтарға жауаптардың санына байланысты топтар құру. Жылыту уақыты - TIM CHIR құрылымы - көңіл-күй мен рухты көтеру үшін көңілді жаттығу, ән. See -Think

- Wonder /Қара - Ойлан - Ойланып көр/ - педагог сұрақтар қою арқылы студенттердің жауаптарын талдап, толықтыру жасайды. Connect -Extend - Challenge - /Коннект - Экстенд - Челлендж/- «Бұрын не білдім?», «Бүгін не білдім?», «Нені ұмытпауым керек?» деген сөздермен сабақты қорытындылау үшін кері байланыс жасаймыз. Осылайша, Сингапурлық білім берудің тиімді әдістерін ойын арқылы меңгерген болашақ тәрбиеші оны өз практикасында түрлендіріп, мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне қарай қолдана алатын болады.



Өз тәжірибемде болашақ тәрбиешілерді оқытуда Сингапурлық білім берудің тиімді әдістерін қолдана отырып, шығармашыл, белсенді студенттер санын арттырудамын. Сингапурдың білім беру жүйесінің артықшылықтарына тоқталайын:

1. Топтағы студенттердің жартысы бір уақытта сөйлеуге және естуге үйренеді, басқа адамдардың қателіктерін түзейді, осылайша олардың білімін түзетеді және толықтырады.

2. Әрбір студенттің белсенділігін, әсіресе, «Педагог» функциясын күрт арттырады.

3. Әр студент сұрақтың ортасында тұрса, ол өз әріптесін үйрету үшін оқу үдерісіне оң көзқарас қалыптастыруы керек.

4. Әрбір балаға ерекше назар аудару қызықты әрі тиімді болып табылады, ал пән бойынша білім сапасы айтарлықтай өсе түседі.


5. Студенттердің коммуникативтік қасиеттері, шығармашылық ойлауы дамиды, сынға түсуге және қабылдауға үйренеді.

6. Кез-келген сабақта қызықты және тек оң эмоцияларды қамтиды.

М.Әуезов «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін-білім» – демекші, білімді, саналы, дарынды, іскер, ойшыл болашақ ұрпақты тәрбиелейтін маман даярлауда ең алдымен білім қажет. Әрбір ұстаз алдындағы басты мақсат – болашақ педагог мамандарға сапалы білім мен саналы тәрбие беру, сол берілген білімнің арқасында мектепке дейінгі ұйымдардағы кішкентай бүлдіршіндердің заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету екендігі баршамызға мәлім. Олай болса, болашақ педагог мамандарды заманауи технологиялар арқылы ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, жаңа қоғамға бейімдеу мен интеллектуалды дамуын қалыптастыру қажет деп есептеймін. Инновациялық технологиялардың қолданылу аясын меңгерген студент, оны өз тәжірибесінде қолданып, оны түрлендіре де алады. Демек, өскелең ұрпақты да жаңашыл бағытта тәрбиелей алады деген сөз.

Әдебиеттер

1. Ф.Жұмабекова «Мектепке дейінгі педагогика»
2. Л.Мухаметшина «Ангрейд 45 минут»
3. Кусаинов Г.М. *Новая педагогическая технология: методология, теория и практика.* - Усть-Каменогорск, 1997.
4. *Мировые образовательные технологии: основные тенденции, проблемы адаптации и эффективность* //Материалы респ. науч. - метод. конф. - Алматы, 1997.
5. Питюков В.Ю. *Основы педагогической технологии.* - М., 1997.



**Токтамысова Айгуль Орынбаевна,**

«Алматы облысы білім басқармасының Жамбыл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Аққайың» бөбекжайы КМҚК

Инновациялық білім беру кеңістігінде педагогтердің кәсіби шеберлігін дамытуды әдістемелік сүйемелдеу

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымының инновациялық білім беру кеңістігінде педагогтердің кәсіби шеберлігін дамытуды әдістемелік сүйемелдеу туралы айтылады.

Түйін сөздер: педагогтердің кәсіби шеберлігі, әдістемелік сүйемелдеу, жобалық әрекет, әдістемелік қамтамасыз ету, білім беру кеңістігінің инновациялық моделін жетілдіру.

Қазіргі кезеңдегі әдістемелік қолдаудың ерекшелігі-әр педагогтің өзекті кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыру, педагогті шығармашылық ізденіске қосу үшін жағдай жасау, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік жұмысының бүкіл жүйесін өзгерту[2].

Құзыреттілігі, креативтілігі, инновацияларды пайдалануға және құруға дайындығы, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізу қабілеті бар инновациялық мектепке дейінгі мекеменің педагогын қалыптастыру мәселесіне қажеттілік басым[1].

Өз тәжірибемнің мазмұнында инновациялық білім беру кеңістігінде педагогтердің кәсіби шеберлігін дамытуды әдістемелік сүйемелдеу және біздің бөбекжайдағы жүргізіліп жатқан жұмыс туралы, педагогикалық кадрлармен инновациялық әдістемелік жұмысты ұйымдастыру туралы және бұл жалпы білім беру сапасын арттыруға қалай әсер ететіні туралы айтқым келеді[4].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында әр баланың қызығушылықтарын,

ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу сияқты бағыт ерекшеленетіні заңды[3].

Білім беру сапасының көрсеткіштерінің бірі педагогтардың кәсібилігінің жоғары деңгейде болуы әдістемелік сүйемелдеудің мақсатты ұйымдастырылуында. Инновациялық әдістемелік жұмыс-бұл кәсіби-педагогикалық қызметтің жаңа тәсілдерін құруға немесе игеруге бағытталған кәсіби-педагогикалық қызметтің бөлігі. Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу мақсатында бөбекжайда әдістемелік қызмет құрылды, оған мыналар кіреді:

МАҚСАТЫ: инновациялық қызметке қатысу процесінде педагогтердің үздіксіз кәсіби даму жүйесін құру арқылы МДТОМЖМС жүзеге асыру үшін педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру

- Педагогтарды әдістемелік сүйемелдеу
- Педагогтерді әдістемелік қамтамасыз ету

Бөбекжайда әдістемелік қызмет жүйесіндегі инновациялық мәселелерге деген көзқарасын мен кеңістікке енуге ынтасын анықтап алу үшін сауалнама жүргізілді[4].

Инновациялық мәселелерге деген көзқарасыңыз мен кеңістікке енуге ынтасын анықтау бойынша сауалнама нәтижесін талдай келе педагогтермен жұмысты мақсатты ұйымдастыру қажеттілігі туындады. «Сүйемелдеу» ұғымы «жақын жерде жүру» дегенді білдіретін болғандықтан инновациялық процесс барысында білім беру кеңістігін өзгерте отырып үнемі жүзеге асырылуына жағдай жасау болды[4].

Байқап отырсақ, қоғамда жаңа мамандықтар мен кәсіби салалар пайда болуда, сондықтанда педагогтер тәрбиеленушілерге өздері үйрететін білігі мен дағдыларын қазіргі уақыт сұранысына сәйкес келе ме? Алдымызда отырған балаларды не қызықтырады деп сұраймыз ба деген сұраққа, әрине STEAM білім беру жүйесінің жауап бере алатыны анық. STEAM білім беру арқылы педагогтер табысты зерттеушілер, технологтар, инженерлер мен өнертапқыштар, математиктерді өсіруге мүмкіндік алады.

STEAM білім беруді ең негізгі ерекшелігі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт, бағдарлама және оқытудың әр түрлі формаларын кіріктіре ұйымдастыруда тиімділігі зор.

Бөбекжайда 2021-2024 оқу жылдарына арналған кезеңмен жүзеге асырылып, «STEAM білім беру жүйесі МДҰ-да» жобалық әрекет аясында педагогтермен ауқымды шараларды әдістемелік сүйемелдеу арқылы ұйымдастырылды. Аталған жоба педагогтерге оқыту процесін өзгертуге, ҰІӘ-не дамытушылық сипат беруге, балалардың әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып дамытуда оң серпін алуға мүмкіндік берді, сонымен қатар, педагогтардың кәсіби және әдістемелік құзыреттілігі жоғары деңгейге өсті. 2021-2024 оқу жылдары аралығында педагогтермен семинар-практикум: «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу

мен оқыту қызметіне STEM-білім беру жүйесін енгізудің маңызы», шебер-сынып: «STEAM технологиясын қолдана отырып, тәжірибелік-эксперименттік қызметте қоршаған орта туралы түсінік қалыптастыру», семинар-практикум «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік-тілдік дағдыларын «Мен әлемді жаратамын» мультстудиосы арқылы дамыту», іскерлік ойын: «LEGO конструирование – как условие развития связной речи у детей дошкольного возраста», теориялық семинар: «Балалардың эмоцияналдық жайлы дамытушы ортамен қамтамасыз етуде STEM-білім беру жүйесінің модульдерінің тиімділігі», семинар-коучинг «Мектеп жасына дейінгі балалармен тәжірибелік-эксперименттік қызмет», шебер-сынып: «Зерттеу зертханасы ересек мектеп жасына дейінгі балалардың сыни ойлауын дамыту жолдары» және т.б. шаралар көптеп ұйымдастырылды.

Педагогтер инновациялық кеңістікте жүзеге асырылған жобалық қызметі аясында облыс көлемінде «STEM білім беру жүйесін мектепке дейінгі ұйымдарда іске асырудың тиімділігі» тақырыбында тәжірибелік алаң және аудан көлеміндегі көптеген іс-шараларда тәжірибелерімен бөлісті.

Жоба кезеңдерін Блум таксономиясының жеңілден ауырға ережесін негізге ала отырып жүзеге асырылды. Яғни,

1-кезең-бастапқы: теориялық (2021-2022 оқу жылы) – STEAM білім беру жүйесінің жүйелі идеялары мен пікірлерін түсіну.

2-кезең-аралық: әдістемелік (2022-2023 оқу жылы) – STEAM білім беру жүйесі негізінде тәжірибе мен үлгіні көрсету, жеке әдістемелік жүйенің бағытын құру және жоспарлау.

3-кезең-қорытынды: тәжірибелік-аналитикалық (2023 - 2024 оқу жылы) – педагогтар тарапынан жаңа технологиямен оқыту және тәрбиелеуге бағытталған әзірлемелерді ұсыну. Жұмыстың нәтижелігін анықтау және кездескен қиыншылықтарды талдап, жою тәсілдерін қарастыру ең маңызды мәселе болды. Жоба кезеңдерін жүзеге асыру үшін арнайы жұмыс жоспары құрылды. Жоба жоспары мекеменің

жылдық жоспарымен тығыз байланыста жүргізілді. Жоспар барысын табысты іске асыру үшін арнайы кабинет дамытушы ортамен жабдықталды. STEAM білім беру модульдерін оңтайлы қолдануы үшін үнемі ҰІӘ және күн тәртібі барысында қолданылып, ашық ҰІӘ және көрсетілімдер ұйымдастырылып отырылды. Білім беру процесіне тәрбиеленушілердің отбасын тарту мақсатында ата-аналармен жобалар жүргізу, педагогикалық қонақжай, вебинар, конкурстар және инновациялық әрекетке қатысуын анықтау үшін сауалнамалар жүргізілді[5].

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін біздің бөбекжайда келесі әдістемелік жұмыстар ұйымдастырылады:

- Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру қажеттіліктерін зерделеу
- Педагогикалық білім берудің даму тенденцияларын анықтау.
- Педагогтерді жаңа мамандықтар, жоғары біліктілік санаттарын алу үшін біліктілікті арттыру жүйелеріне жіберу.
- Жас тәрбиеші клубын құру.
- Шығармашылық топтардың жұмысын жетілдіру (зерттеу және тәлімгерлік) [4].

Инновациялық білім беру кеңістігінде педагогтердің кәсіби шеберлігін дамытуды әдістемелік сүйемелдеу нәтижесін айтар болсам,

Инновациялық білім беру кеңістігінде педагогтердің кәсіби шеберлігін дамытуды әдістемелік сүйемелдеу барысында үнемі мониторинг жүргізіліп, кәсіби құзыреттілік деңгейіне бағалау картасы қолданылды. Педагогтардың инновациялық әрекетті меңгеру деңгейі 91%, тәрбиеленушілердің танымдық, шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін даму деңгейіне 79%, ата-

аналардың бөбекжайдағы инновациялық үрдіске қатысу көрсеткіші 54% көрсетті.

Бөбекжайда инновациялық қызметті енгізу бойынша әдістемелік қызмет жұмысының нәтижелері:

1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру сапасын арттыру (әдістемелік жұмыстың инновациялық моделіне көшу).
2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмысының басым бағыттарын іске асыру жағдайында білім беру кеңістігінің инновациялық моделін жетілдіру.
3. Өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыратын педагогтар санын арттыру.
4. Педагогтердің аудандық, облыстық және республикалық деңгейлерде инновациялық педагогикалық жұмыс тәжірибесін жинақтауға және таратуға белсенді қатысуы.
5. Заманауи білім беру технологияларын меңгерудегі педагогтердің деңгейін арттыру.
6. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің тәрбие-білім беру қызметіне инновациялық қызметті енгізуге педагогтердің жедел және оң ден қоюы[2].


Біздің бөбекжайдың әдістемелік қызметі әрдайым оқиғалардың ортасында болуға тырысады және белсенді жүйелі ұйымдастырылған қызмет түрлері алдағы жұмыс кезеңіне оң нәтижеге жетуге көмектеседі.

Педагогтердің ұстанымы мен шығармашылық әлеуеті, белсенді қатысу, ең бастысы мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қызметіне инновациялық идеяларды тиімді енгізуінде болып табылады[6].

Әдебиеттер

1. Білім туралы Заңы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»

3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
4. Авдеев В. В. Формирование команды. 2 изд. - М.: Сфера, 1999 - 544с.
5. <https://фисо.рф/>
6. Аникеева Н. П. Психологический климат в коллективе. - М., 1989. с.238.





Поддубная Светлана Викторовна,

воспитатель Центра полиязычного развития ясли-сада № 6,
город Экибастуз, Павлодарская область
e-mail: poddubnaya_sveta@list.ru

Использование метода сторителлинга для развития речи и воображения дошкольников

Аннотация. В статье описывается инновационная технология, которая способствует развитию речи и воображения дошкольника. Можно использовать данную технологию на занятиях по художественной литературе и развитию речи.

Ключевые слова: инновационная технология, художественная литература, развитие речи.

Ни для кого не секрет, что проблема развития речи - одна из самых острых в современном образовании. Сейчас в педагогическом арсенале имеется много всевозможных средств - игр, картин и т.п. Однако приходится иногда сталкиваться с некоторыми трудностями у детей, когда надо, например, придумать рассказ или сказку, придумать окончание истории. У детей не очень хорошо развито воображение, поэтому дети затрудняются при составлении различного рода рассказов (по картине, по серии картин, из опыта, на заданную тему и т.д.).

Наверное, каждый педагог замечал, как внимательно дети слушают воспитателя, когда он рассказывает сказку или рассказ своими словами, а не читает их в книге. Детей больше привлекают импровизированные истории. Стоит только произнести фразу: «Однажды со мной произошёл такой случай...», или «Хочу вам рассказать, как когда-то я...», и сразу же это привлекает внимание детей [1, с. 10].

Техника «сторителлинга» очень многогранная, многоцелевая, решающая много

обучающих, развивающих и воспитательных задач. Можно использовать в своей работе игру «Кубики историй». Несколько лет назад в Европе придумали фантастическую игру «Storycubes» («Кубики историй») и навсегда влюбились в неё. Она интересна как взрослым, так и детям - 9 кубиков, 54 картинки погружают в мир фантазий, иллюзий и приключений. Каждый рисунок - это захватывающий и неожиданный поворот повествования. Для детей нужны яркие, понятные картинки. Взяв за идею оригинальную версию игры, можно сделать свои «Кубики историй». Больших затрат не требуется. Игра получается интересная и эффективная, может использоваться в любом месте и в любое время.

Для изготовления игры «Кубики историй» понадобятся простые деревянные кубики (5*5*5, клей, ножницы и картинки). Подбираются красочные предметные и сюжетные картинки, печатаются на самоклеющейся фотобумаге и обклеиваются ими грани 9-ти кубиков, складываются в красочную шкатулку.



Таким образом, техника «сторителлинга», которая лежит в основе игры «Кубики историй», открывает уникальную возможность для развития коммуникативной компетенции детей, облегчает запоминание

сюжета, эффективна в процессе рассуждения. Импровизированные рассказы вызывают наибольший интерес, обогащая фантазию, развивая логику [2].



Цель опыта

Развитие связной речи и воображения у детей посредством инновационной технологии сторителлинг с использованием «Кубиков историй».

Задачи:

- учить детей составлять предложение, рассказ с опорой на картинки;
- учить составлять совместный рассказ, соблюдая структуру высказывания; стимулировать мыслительную и речевую активность;
- развивать умение внимательно слушать товарища;
- развивать связную речь, внимание, мышление;

- учить детей работать сообща, помогать друг другу;
- воспитывать доброжелательность, отзывчивость, доброту, культуру речевого общения.

Теоретическая база опыта

Игру «Сторителлинг» придумал и успешно опробовал на личном опыте человек, далёкий от педагогики, Дэвид Армстронг, глава крупнейшей международной корпорации, и предназначена игра была для взрослых. Он считал, что истории, рассказанные от своего имени, легче воспринимаются слушателями, они увлекательнее и интереснее, чем читаемая книга.

Слово «сторителлинг» в переводе с

английского звучит как «рассказывание историй». На русском языке ему соответствует наиболее подходящий замечательный синоним «сказительство», т.е. повествование сказок, былин, притч, мифов и т.п. Сторителлинг – это искусство создавать яркие и запоминающиеся истории.

Преимущества использования техники сторителлинга дошкольного возраста

Сторителлинг – отличный способ разнообразить занятия, чтобы найти подход и заинтересовать любого ребенка. Не требует затрат и может быть использован в любом месте и в любое время.

Дошкольникам сторителлинг помогает научиться умственному восприятию и переработке внешней информации, обогащает устную речь, помогает запомнить материал, развивает грамотность.

Сторителлинг может успешно использоваться в проектной и совместной деятельности детей. Дошкольникам намного проще запомнить материал в виде интересной истории. Сухие факты запоминаются плохо, в то время как красочные истории остаются в памяти надолго. Сторителлинг – это замечательный метод преподнесения любого материала.

Технология внедрения опыта

В структуру техники сторителлинг входят следующие элементы:

1. Вступление.

Оно должно быть коротким, здесь дети входят в ситуацию и знакомятся с героем.

Варианты вступления:

- Когда-то давным-давно....
- Садитесь поближе, я вам расскажу...
- Однажды...
- Наш герой понятия не имел, что его

ждет...

2. Развитие событий.

Эта часть дает возможность основательнее проникнуть в проблему или в конфликт, о котором рассказывается во вступлении. Герой погружается в ситуацию, которая не становится разрешенной, а наоборот, становится все напряженнее.

3. Кульминация.

В этой части герой выходит чемпионом (или нет). Это тот момент, где находятся все ответы на вопросы, появляется решение поставленной проблемы. Тайна раскрыта!

4. Заключение.

Заключение должно быть кратким, которое подытоживает рассказ одним предложением. Как в басне – мораль.

Новизна опыта работы заключается в том, что проблему речевого развития решаю техникой сторителлинга с использованием «Кубиков историй» и разных игрушек

Описание опыта работы. Наблюдая за игрой дошкольников, можно увидеть, что не только Кубики, но и игрушки разной фактуры являются самыми интересными игрушками для детей.

Взяв за идею оригинальную версию игры, было решено сделать свои «Кубики историй». Изготовили «волшебный мешочек» для хранения кубиков и игрушек. Ребенок достает из «волшебного мешочка» кубик, бросает его, и в зависимости от выпавшего изображения начинает рассказывать невероятную историю и т.д. Тоже самое проделывают и с игрушками.

Для педагогов нашего детского сада была организована консультация на тему: «Сторителлинг – интерактивный метод работы с детьми».


Результативность. Технология «сторителлинг» способствовала обогащению активного словаря и развитию речи, внимания, мышления, воображения, памяти наших детей. Каждый ребенок научился рассказывать истории с позиции своего жизненного опыта [3].

Застенчивые дети стали раскрепощаться, робкие становятся смелыми, молчаливые – разговорчивыми.

Таким образом, благодаря огромному количеству сочетаний из картинок каждый раз получается новая, удивительная, неповторимая история. Странички с записанным ходом необычных историй мы стали собирать в книжку. Так и появилась у нас книга «Необычные истории в кубиках», дети с удовольствием добавляют на странички свои рисунки или вырезанные картинки.

Список литературы

1. Сидорчук Т.А., Хоменко Н.Н. Технологии развития связной речи дошкольников. – М., 2020. – 121 с.
2. Симмонс А. Сторителлинг. Как использовать силу историй. - М.: Манн, Иванов и Фербер, 2013. - 177 с.
3. Федорова С. В., Барчева А. А. Использование техники сторителлинг в работе с детьми дошкольного возраста // Молодой ученый. – 2017. – №3. – С. 25-29.





Ахметова Гульдана Ғалиоллақызы,
Астана қаласы,
№56 «Береке» балабақшасының әдіскері

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда ұлттық ойындардың маңызы

Аңдатпа. Бұл мақалада ұлттық ойындар арқылы баланы дамыту мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар педагогика мен психология ғылымындағы баланы дамытудағы ойындардың маңызы туралы тұжырымдарға шолу жасалған. Мақалада баланы ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу туралы жазылған. Ұлттық ойындардың түрлеріне талдау жасалған.

Ключевые слова: Педагогика, психология ғылымы, халық педагогикасы, ұлттық ойындар, халық тәлімгерлігі, ұлттық құндылықтар, сөз ойындары, драмалық ойындар, қимыл-қозғалыс ойындары.

Ойын балалар өмірінің мәні, сәні, нәрі деуге болады. Балалардың рухани жетілуі мен дене сымбатының дамуына ойын аса қажетті.

Бала айналасындағылардың бәрін ойын арқылы қабылдайды, соларқылы тәрбиеленіп, ләзаттанады, түрлі өнерге үйренеді [1,93-б]. Ойын – тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімдеудің баспалдағы, денешынықтыру мен көңіл көтеріп сергітудің таптырмас құралы. Қазақ халқы жас баланы «ойын баласы» деп бекер атамаған, әрі оларға құмарын қандырып ойнауға мүмкіндік ашып отырған. Халық тәлімгерлігі баланың жас ерекшелігіне сәйкес сан алуан ойындарды тапқан әрі балаларды алдарқатып ойната білген.

Бала үшін ойын өмірді танып білу, басқамен қарым-қатынас жасау, өз қарым-қабілетін сынау, өмірге дайындалу мектебі. Ойын барысында неше түрлі қиындықтарға бетпе-бет ұшырасқан бала, сол кедергілерді жеңуге талаптану, күресу арқылы өмірге бейімделеді, жігерленеді, намысын қайрайды, түптеп келгенде, жеңімпаздық дағды қалыптастыра алады, рухы шыңдалып

асқақтайды. Бала жалпы әлеуметтік қарым-қатынас, қоғамдық іс-әрекеттерді ойын арқылы үйренеді. Балалардың адамгершілік асыл қасиеттерінің қалыптасуы, мінез-құлқының шыңдалуы, дене бітімінің шымыр да ширақ болуы ойынға байланысты. Баланың әлеуметтенуі қызық та ғажап, әдемі де әсерлі ойындардан бастау алады.

«Ойнай білмеген ойлай білмейді» деп халқымыз бекер айтпаған. Парасаттылық пен зерделілік, ептілік пен алғырлық ойын барысында баланың мінез-құлқына сіңеді. Қазіргі психология ғылымында ойынды балалар үшін аса маңызды табиғи қажеттілік деп санайды. Балалардың өсіп дамуына, ауа мен ас, жарық пен жылу, қозғалыс пен қимыл қандай қажет болса, ойын да сондай қажет екені айқын.

Халық тәрбиесінде балаларға білім үйрету, тәрбие беру, іс-қимыл, әрекет үстінде жүзеге асады деп есептеген. Сондықтан әрбір әрекет, еңбек, қимыл, қызғылықты ойынға ұластырылып, жүзеге асырылатын болған. Дәлірек айтқанда, әр бір ойын түрі – халықтық тәлімгерліктің құнды дәрісі, сабағы десек болады. Шындығында, жалаң

өсиет, құрғақ ақылдың жұғымы әлсіз, онан гөрі үлгілі өнеге, көрнекі мысал, қажырлы еңбек, машықты әрекет, өмірге, өнерге баулу, саналы салт, думанды мереке, салтанатты жыр-думан бала тәрбиесіне жемісті нәтиже беретінін ата-бабаларымыз аңғарған. Ойынның педагогика үшін аса маңызы мына бір шумақ өлеңде айқын көрініс тапқан:

Бала өсірген ата-ана, Бала болып ойнайды. Бала оқытқан ұстаздар, Бала болып ойлайды.

Әлбетте, ұлттық ойын тәрбие құралы болумен бірге ата-бабаларымыздың тіршілік тынысы, тұрмыс-салты, арман-қиялы, тарихы мен танымын жеткізуші мағыналы жәдігер деуге де болады [2,5].

Ойын балар үшін өмірдің өзімен тең. Сондықтан халқымыз «Баланың ойынын бұзба, ойын қозға», «Бала ойынмен өседі, дана оймен өседі» деген.

Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев «Педагогика» деген әйгілі еңбегінде «Адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды. Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны» деп ұстаздарға жоғары талап қойған еді [3,5-6].

Сайып келгенде, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ұлттық ойындарды мейлінше ұштастыру, баланы халықтық құндылықтар арқылы тәрбиелеу – замана талабы. Себебі, балалар ойыны сан ғасырдан бері ұрпақтың қажеттілігін өтеп, оларды ұлы өмірге сәтті бейімдеп келген. Балалар ойыны – денені ғана емес, ойды да шынықтыратын, ширататын әмбебап құндылық.

Дамыған батыс елдерінде де тәрбие мен ойынды ұштастыру аса қажет екендігі тұжырымдалып отыр. Айталық, бүгінгі Германияның барлық балабақшаларында балалармен жұмыс ойынға негізделген. 1970 жылдары елде мектепке дейінгі білім беру реформасы жүргізіледі, оның барысында балабақшалардың көпшілігі іс жүзінде оқуға бағытталып, сол үрдіске басымдық

берілген еді. Бірнеше жылдан кейін, бұл мекемелердің түлектері қатарластарынан озбақ түгіл өз уақытында ойын бақтарына барғандардан да артта қалады. Балалық шақта тек ойындармен айналысатын балалар математика мен оқуды жақсы меңгерді. Жаңа ортаға оңай бейімделді және эмоционалды түрде орнықты болды. Оқуға деген қызығушылық пен тапсырмаларға шығармашылық көзқараспен ерекшеленді. Сондықтан Германия үкіметі реформаның тиімсіздігін мойындады. Ойын ақталып, нәтижеде бағдарламаға түзету енгізді [4,145]. Балалар ойынын ғалымдар сөз ойындары, драмалық ойындар, қимыл-қозғалыс ойындары деп жіктейді. Сөз ойындарына ойынға шақыру, қаламақ, санамақ, тәжікелесу өлеңдерін, жаңылтпаш, жұмбақайтысу, балалар айтысын топтайды [1,93].

Балалар ойындары белгілі бір композициялық құрылымға ие екендігі байқалады. Бұлар: ойынға кіріспе, ойынның шарықтаушегі, аяғы. Ойынға кіріспеушіноын бастаушы немесе балалар ойынға шақыруға арналған балаларды қызықтыратын өлең, тақпақтарды айту дәстүрі бар. Мысалы:

Айдағаным торпақ, Ала тайым жортақ. Кім ойынға шықпаса, Қоянжүрек қорқақ.

Балаларға арналған ұлттық ойында балалар ежелден ел аузында сақталып, атадан-балаға ауызша жеткен тақпақтарды, өлеңдерді, атқаруға тиісті қимыл-қозғалыстармен қатар орындап, ойынның басталуы, шарықтау шегіне жетуі, қызу қайшылықты тартыспен аяқталатын біртұтас сюжетке құрылуы, ойын басқарушы тарапынан қадағаланатындықтан, ойынға қатысушылар топпен немесе жеке сол формулаға қалыптасқан сөздерді айтып, би-қозғалыстарды атқаратын өнерпазға айналатындықтан белгілі бір дәрежеде халық театрының тамаша көрінісіне айналары сөзсіз. Яғни, екі топ немесе екі бала арасында диалог орындалуы, талас-тартыс болуы драма-сауықтың қызықты арқауы деуге болады [5,55].

Балалардың тілін ұстартуға өлең өрнегіне, қимыл-қозғалыс, қызықты әрекеттері

үйлескен сондай ұлттық ойындардың бірі «Асау мәстек». Бұл ойынды ересек топтармен бала-бақшаның ойын алаңында сабағымызға пайдаланып келеміз.

Ойынға қатынасушылар екі командаға бөлінеді. Ол үшін 4-5 қадамдай қашықтықтан екі мықты қада қағылады. Кейде бұған өсіп тұрған екі ағашты, дайын діңгекті де пайдалануға болады. Жерден 50-70 см. биіктікте екі қаданың арасына арқан байлайды да, оның үстіне көрпеше (шапан, тон) салады. Ойын жүргізуші балаларды ойынға тақпақ айтып шақырады:

Әй, ер екенің білейін, Ешкі сойып берейін.
Тақия алсаң еңкейіп, Құламасаң теңкейіп,
Ерлігіңе сенейін!

Өзінің ептілігін сынағысы келген ойыншы:

Кел, достарым, келіңіз,

Ерлігіме сеніңіз.

Асау мәстек бұл болса, Үйретейін көріңіз,
Маған таяқ беріңіз!

– деп, ортаға шығады. Ойын жүргізуші таяқты беріп тұрып санай бастайды:

Міне, саған таяқ, Үшке дейін санақ. Бір...
Екі...Үш...

Ойынға шыққан бала таяқтың көмегімен арқанға секіріп ат қып мініп алып, санақ біткенше, жерден құлап қалмай еңкейіп тақия іліп алады. Алу айтқанға оңай болғанымен істеуге келгенде бала үшін әжептәуір ауыр талап, күрделі сын. Себебі, «асау мәстек» арқан ырғатылып, қозғалақтап, баланы

мөңкіп жығуға дайын. Қай топтың мүшелері жығылып қалмай санаулы уақытта тақияны ептілікпен көп ала алса, сол топ жеңеді. Жеңілген топ айыпқа жығылады. Айыбын жуу үшін олар өлең айту, ән салу немесе қораз болып шақыру, түйедей боздау, ешкі сияқты маңырау түрінде «жаза» өтейді [6,290]. Жеңген командаға сыйлық беріліп, қошемет көрсетіледі.

Бұл ойын ептілік пен байқампаздыққа, намысқойлық пен шыдамдылыққа талаптандырады. Ана тілінің нәрін үйрету, баланың сөздік қорын дамыту, айшықты өлеңге құмар болдыруға, өзара сыйластық пен жарасымды қатынасқа шақыруға ықпалы мол. Балалардың көңілін көтеріп, күлкі-әзілге қарық қылады. Ойын жүргізуші мен ойыншы рөлін балалар кезектесіп ауысып, барлығы қатысатындықтан, топ алдында өлең-тақпақты тақылдатып айтуға, тіл ұстартуға барша бала машықтанады.

Адамзатты балаларсыз елестету қаншалықты мүмкін болмаса, балаларды ойынсыз елестету де соншалықты мүмкін емес. Баланың дүниетанымының ерекшелігі сол, ол ойнай жүріп ойлайды, ойлай қалса ойнайды. Сондықтан бала мен ойын егіз деуге болады. Халық мұрасы ретінде балабақшада ұлттық ойындарды күнделікті тәрбие мен оқытумен ұштастыру мектеп жасына дейінгі балаларды кемеңгер Абай дәстүрінде кемел адам болдыруға алғашқы баспалдақ.

Әдебиеттер

1. К.Ісләмжанұлы. Рухани уыз. Алматы: Ана тілі, 1995.-144-б.
2. Қ.Қабдыразақұлы. Балалар ойыны. Астана: Серіктес, 2015.-100-б.
3. Мағжан Жұмабайұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. 3-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К.Матыжанов, Н.Мүрсәлімова, Ж.Рақыш, Ж.Салтақова – Астана: Түркі Академиясы, 2023. – 536-б.
4. Әлем халықтарының дәстүрлі тәрбиесі (салыстырмалы типология): монография / К.С.Матыжанов, А.Б.Айтбаева, Г.Б.Даутова және т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2021.– 334-б.
5. Сампилдэндэв. Х. Хүүхдийн аман зохиолын учир. Улаанбаатар, 1980.-110 -х
6. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т.1. Алматы, 2017.-856 б.



Жармаганбетова Сауле Жумагазовна,
Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қажымұқан ауылы
«Қошақан»бөбекжайының тәрбиешісі

Ұрпақ тәрбиесі – баршаға ортақ

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу әдістері ұсынылады.

Ключевые слова: «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Аталар мектебі»

«Адам өміріндегі ең үлкен қуаныш –
бала сүй»

Бауыржан Момышұлы

Отбасының дәнекері, көз қуанышы – перзент екені даусыз. Өйткені қазақта сөз бар ғой: «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деген. Сол себепті, қазақ халқы баланы ерекше қадірлеген. Айналамызға көз жүгіртсек, біреу бақытты байлықтан тапқысы келсе, бәз біреулер даңқ пен атақтан, қызмет пен мансаптан іздестіріп жатады. Ал, бұл дүниелер уақытша екенін ескермей жатады. Адам баласына нағыз бақытты, қуанышты ізін жалғастырушы ұрпағы ғана сыйлай алады емес пе?. Олай болса, адам өмірінің мәні-өз перзенті: «Адам ұрпағымен мың жасайды».

Ал, сол перзент, ұрпақ тәрбиесіне келетін болсақ, қазақ халқы баланы жастан, яғни, бесіктен, тіпті ана құрсағынан бастап тәрбиелеу керек деп өсиет қалдырған. Баланың мекені, алтын ұясы – отбасы. Адам баласы дүние дидарын көргеннен бастап, сол ортаның бабымен, бағыт-бағдарымен өседі. Әке-шаңырақ иесі, отбасының қорғаны. Яғни, отбасы жауапкершілігі толығымен ер-азаматқа жүктеледі. Әйел – отбасының ұйтқысы. Баланы өсіріп тәрбиелеу – ата-ананың ортақ міндеті. Бала ата-анадан

тәлім-тәрбие алады. Сол алған тәлім-тәрбие үлкен ортадан толықтырылып, жалғасын табады. Демек, бала балабақшаға барады, сосын мектепке барады.

Қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттыққұндылықтарнегізіндебалатәрбиелеу талабы өте орынды деп есептеймін. Ұлтымыз қазақ болған соң, бала сол ұлтымыздың салт-дәстүрін, мәдениет біліп, туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігі артып, өз елінің нағыз патриоты болып тәрбиеленуі керек.

Заман ағымына қарай гаджеттерге ғана тәуелді болмай, ұлттық ойындарымыз бен асық иіруді де үйретіп, қазақ ертегілерін тыңдатып қана қоймай, оны сахналатып сөйлеу тілін дамытып жатқан балабақшалар аз емес. Міне, сол бала тәрбиесімен, ұлт болашағын тәрбиелеп жатқан балабақшамен бірлесе ата-ана да сол ортада тәрбиеге үлес қосқаны жөн. Балабақшаларда ұйымдастырылып жатқан түрлі іс-шараларға белсене қатысып, бала тәрбиесі туралы пікірлерімен, тәсілдерімен бөліссе, бала тәрбиелеу мәселесі қарқынды, әрі нәтижелі болмақ. Яғни, келісіп пішілген тон келте болмайтыны анық.

Баланы балабақшаға тек үйде қарайтын адам болмағандықтан апару – қателік. Баланың физикалық, танымдық зияткерлік

дамуы, тәрбиесі мемлекетіміз белгілеп берген нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес атқарылатыны ата-аналардың да назарында болғаны жөн. Көптеген отбасында баласымен айналысуға уақыт таппай жүретін ата-аналар да аз емес. Ал, балабақша сол олқылықтың орнын толтырып, баланы жас ерекшеліктеріне сәйкес дағдыларды қалыптастыру жұмыстарымен айналысады. Баласы балабақшадан әріп танып, оқи алатын, есеп шығара алатын бала болып шыққанын қалайтын ата-аналар да бар. Ол мектепке дейінгі жастағы балаға өте ауыр жүк болмақ. Өйткені, мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі, әрі жетекші әрекеті-ойын екені баршамызға мәлім. Сондықтан Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына, жас ерекшелігіне сәйкес, мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасып, дастархан басындағы мәдениетті үйреніп, құрдастарымен достық қарым-қатынас орната біліп, зерттеу, шығармашылық, ойын әрекеттерімен айналыстырып, дағдылары жетілдірілсе, осының өзі бала үшін де, ата-ана үшін де үлкен жетістік. Ал, оқу, жазу т.б. ол мектеп атты үлкен кемеде жалғасатын үрдіс.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен түрлі форматта іс-шаралар ұйымдастыру дәстүрге айналған. Соның бірі-«Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Аталар мектебі». Міне, атында тұрғандай заты да осы жандармен бірге болмақ. Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен салт-дәстүрлерімен таныстыру мақсатында ұйымдастырылған арнайы кабинеттер немесе орын жабдықтап, туған елдің, Отанның тарихы мен мәдениетіне баулу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру жұмыстары қарқынды ұйымдастырылуда. Демек, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, бала тәрбиесін қостараптан ортақ іске асыру аса қажет. Салиқалы ұрпақ тәрбиелеу - отбасы мен балабақшадан алған үлгі-өнеге жиынтығының жемісі.

Баланы өсіру, оны салиқалы азамат етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Қазір баланың сана

сезімін улайтын айғақтар телеарнадағы түрлі бағдарламалар ғой. Бұлардың бәрі бала психологиясына кері әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан да, қазіргі таңда бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп өсіру қажет. Жат қылықтан аулақ болуға, тәртіпті адам барлық жерде, үйде, балабақшада, мектепте, қоғамдық орындарда, өзін –өзі дұрыс ұстауын санасына «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Аталар мектебі» ұйымдастырған шараларға қатысып, қалыптастыру қажет. Нәтижесінде отбасындағы дәстүр мен тәлім тәрбиенің шамшырағы, даналықтың бастауы, үлгі мен өнегенің таптырмас қазынасы «Ата-аналар мектебінің» жұмысын жандандыра отырып, балабақшаның тәрбие жұмысына ендіру, ата-әже, отбасы тәрбиесін көрген мейірімді, рухани бай, құзіретті жеке тұлға қалыптастырамыз. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, қазақ отбасында ата-аналар өзінің білетін бар өнерін ұрпағына үйретіп, оларды нағыз қазаққа тән қасиеттерді дарыта отырып тәрбиелеу жұмыстарына белсенді қатысушы болған жағдайда алдымыздағы ұрпағымызға алдымен үлгілі тәрбие беріп, заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал етеміз.

«Тәрбие тал бесіктен»-деген атамыз қазақ. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі баланың өсіп жетілуінің негізі отбасына, оның әр мүшесінің мінез-құлқы мен әрекетіне қатысты. Ата мен әженің, әке мен ананың, аға мен бауырдың туған-туыстың, бір сөзбен айтқанда, баланың айналасы мен өскін ортаның әсері мол. «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді. Егемен еліміздің болашағы білім мен тәрбиеге байланысты. Ал тәрбиенің басты ұясы – отбасы – мемлекеттің негізгі буыны. Сондықтан да бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауға болмайды, жауапкершілікпен қарау – міндетіміз.

Қорыта айтқанда, отбасында бала дамуына қажеттінің барлығы – мейірім мен жағымды орта болған жағдайда ғанға балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму деңгейіне көтеріле алады. Отбасы мен

педагогикалық ынтымақтастық – баланың қанағаттану деңгейі мен педагогтің де жұмысының сапасын арттырады. Өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық, әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділік ықпалын ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім беру өз нәтижесіне жетіп, қоғамның дамуына игі ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика. 1992 ж.
2. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика.-Астана, 2008.
3. Крупская Н.К. Мектепке дейінгі тәрбие туралы.-Алматы. «Мектеп», 1988ж.



Подвиженко Елена Владимировна,
методист Центра полиязычного развития ясли-сада №6,
город Экибастуз, Павлодарская область
e-mail sad6@ekbgoo.kz

Формирование патриотизма у дошкольников посредством этнокультурного воспитания

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема формирования патриотизма у дошкольников посредством этнокультурного воспитания и приобщения детей дошкольного возраста к национальной культуре.

Ключевые слова: этнокультурное воспитание, этноуголок, национальная культура, личностная культура, общечеловеческие ценности, национальное самосознание, этнокультурная среда.

«Народ, не знающий истории и культуры предков, обречен на духовное вырождение». Эта знакомая нам истина звучит сегодня с новой силой. Именно поэтому мы отмечаем острую необходимость осмысления основ традиционной народной культуры, тысячелетнего опыта освоения культурного пространства, механизмов передачи его грядущим поколениям, возрождения национального характера.

Современный Казахстан переживает кризис воспитания подрастающего поколения. Нарушились традиции, порвались нити, которые связывали младшие и старшие поколения. Безжалостное обрубание своих корней, отказ от народности в воспитательном процессе ведет к потере ценностных ориентиров, бездуховности общества.

Дошкольный возраст – благоприятный период для потенциальных возможностей развития высших нравственно-патриотических чувств. Основой в

воспитании у дошкольников гражданских чувств являются накопленные детьми социального опыта жизни в своем Отечестве. И, прежде всего, необходимо дать детям понимание, что великая страна начинается с малой Родины – с того места, где ты родился и живешь [1].

Приобщение детей дошкольного возраста к национальной культуре – актуальный педагогический вопрос современности. Национальная культура становится для ребенка первым шагом в освоении богатств мировой культуры, общечеловеческих ценностей, в формировании собственной личностной культуры.

Перед нами ставится такая задача – формирование национального самосознания поколения, которому предстоит стать эталоном патриотизма и любви к Отечеству, носителем лучших гражданских качеств. Культурно-исторический опыт народа должен определять своеобразие воспитательной работы в детских садах.



Этнокультурное воспитание – это такой процесс, в котором воспитание ориентировано на развитие и социализацию личности как субъекта этноса и как гражданина многонационального государства.

Целью этнокультурного воспитания в дошкольном возрасте является:

- приобщение детей к культуре своего народа,
- развитие национального самосознания,
- воспитание доброжелательного отношения к представителям разных этнических групп,
- развитие устойчивого интереса к познанию и принятию иных культурных национальных ценностей.

Для реализации целей этнокультурного воспитания необходимо создать в детском саду «этнокультурную среду».

Этнокультурная среда – это организованное пространство, основанное на культурном наследии, направленное на развитие личности, обогащение жизненного опыта.

Этнокультурная среда проявляется в самом внешнем облике городов и местностей страны – в характере застройки, типе жилищ, в поведении людей, зачастую в их одежде и т. д. К более явным признакам иной этнокультурной среды относятся традиции, обычаи, изделия народных промыслов.

Этнокультурное формирование личности происходит посредством чтения и просмотра казахских народных сказок, разучивания потешек, национальных игр, танцев, песен, знакомство с музыкальными инструментами. А также, через изучение предметов быта, национальных костюмов, женских украшений, традиционного жилища, народных обрядов и обычаев. С этой целью, в детском саду возможно создание краеведческого мини-музея, посещение городского краеведческого музея [2].

Необходимо знакомиться с природой родного края, с его природными достопримечательностями. Необходима организация экскурсий по сакральным местам региона. Все впечатления, полученные в ходе экскурсий, следует оформлять в виде лэпбуков, книжек-макетов и т.п. Знакомство с национальными танцами, песнями, играми, обрядами, костюмами происходит во время

проведения утренников, развлечений в детском саду.

Одним из важных педагогических аспектов формирования этнокультурной компетентности дошкольников является активное включение родителей в эту деятельность. Этот процесс включает физическое, эмоциональное, духовно-нравственное воспитание детей на основе традиций народной культуры [3]

Формируя этнокультурную компетентность дошкольников, мы должны делать акцент на приобщении их к красоте и добру, на желании видеть неповторимость родной культуры, природы, участвовать в их сохранении и приумножении.

Родители - активные помощники в изготовлении макетов юрт, в создании мини-музея, пополнения национальных центров предметами быта, атрибутами для игр. А также, обеспечивают семейные экскурсии по сакральным местам, оформляют фотоотчёты о путешествиях в Баянаульский национальный парк, Бурабай и др.

Оснащение предметно-развивающей среды для этнокультурного воспитания - организация выставок рисунков, макетов, предметов быта для пополнения национальных этноуголков в группах. Сюда входят и предметы для казахских национальных игр, такие, как: асыки, корпе, тубетейки, платки, куклы в национальных костюмах, кони на палке для игр «Байга» и др. Книжные уголки необходимо пополнять книгами с казахскими народными сказками, иллюстрациями к сказкам, репродукциями картин казахских художников. Аудиосборники с народными сказками, песнями. Этноуголки содержат

материал о государственных символах РК, Президенте, известных личностях, исторически важных для страны событиях, достопримечательностях, культурных национальных символах страны (алтын адам, байтерек, барс и т.п.), столицы, родного города. Предметно-развивающая среда пополняется альбомами декоративно-прикладного искусства, народных ремёсел. Необходимы макеты юрт для изучения обустройства национального жилища.

Ожидаемые результаты этнокультурного воспитания:

- проявляет уважение к ценностям казахского народа;
- знает предметы быта казахского народа, убранство юрты;
- понимает родственные связи, знает родословную; уважает старших, заботится о младших;
- понимает о важности государственных праздников, принимает в них активное участие;
- понимает значение достопримечательностей, исторических мест и культурного наследия Казахстана [1].

Таким образом, ребенок должен понимать, что каждый человек, независимо от возраста – часть своего рода, народа, что у каждого человека есть своя Родина, и нужно жить так, чтобы было хорошо всем вокруг. Помочь дошкольникам шире познакомиться с родным краем, понять его историю, культуру и их взаимосвязь с предметами и объектами окружающей действительности и жизни общества, принять участие в созидательной деятельности - в этом заключается главный смысл нашей работы.

Список литературы

1. Приказ и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении Типовых учебных программ дошкольного воспитания и обучения» от 12 августа 2016 года № 499. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 14 сентября 2016 года № 14235. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235>
2. Этнокультурное воспитание детей дошкольного возраста // Сфера. – 2022. – <https://tc-sfera.ru/stati-zhurnalov/etnokulturnoe-vospitanie-detey-doshkolnogo-vozrasta/>
3. Этнокультурное воспитание детей дошкольного возраста // Этнокультурное воспитание в детском саду. – 2023. – <http://ds19.educrub.ru/?q=node/655>

www.irrd.kz
«Балаларды ерте дамыту институты» РММ
Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғ. 8/2
e-mail: rcdd_info@mail.ru